

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНВЕРСИТЕТІ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ



КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ, ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,
ПРОФЕССОР ҚЫРЫҚБАЙ МАЗАНҰЛЫ АЛЛАБЕРГЕННІҢ
70 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН

**«ҚЫРЫҚБАЙ АЛЛАБЕРГЕН ЖӘНЕ АЛАШ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУ
ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

**Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
ЖИНАҒЫ**

Астана, 24 қараша 2022 жыл

**ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНІЕРСИТЕТІ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ**

**Көрнекті ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Қырықбай Мазанұлы Аллабергеннің 70 жылдығына арналған
«ҚЫРЫҚБАЙ АЛЛАБЕРГЕН ЖӘНЕ АЛАШ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУ
ПАРАДИГМАЛАРЫ»
атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**Астана
«Еуразия университеті»
2022**

ӘОЖ 070(574)
КБЖ 76.0(5Каз)я431
А 44

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ө. Сак

Жауапты шығарушылар:
А.М. Шурентаев, Г.Ш.Әшірбекова, Б.Т.Баткеева

Көрнекті тарихшы ғалым, журналист Қ.М.Аллабергеннің 70 жылдығына арналған «Қырықбай Аллаберген және Алаш мұрасын зерттеу парадигмалары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 24 қараша 2022 жыл/ Жауапты шығарушылар А.М. Шурентаев, Г.Ш. Әшірбекова, Б.Т. Баткеева. Астана: Еуразия университеті, 2022. - 144 бет.

Жинақ көрнекті публицист-ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қырықбай Мазанұлы Аллабергеннің 70 жылдық мерейтойына орай шығарылды. Ғалымның ғылыми мұрасын, азаматтық тұлғасын жан-жақты танытуға арналған жинаққа белгілі қоғам қайраткерлері мен білікті ғалымдардың, жас ізденушілер мен зерттеушілердің мақалалары енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, ізденушілер мен жас қаламгерлерге, жалпы көпшілікке арналған.

ӘОЖ 070(574)
КБЖ 76.0(5Каз)я431
А 44

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022

АЛҒЫ СӨЗ

АЛАШ МҰРАСЫН АРДАҚТАҒАН АЗАМАТ

Қырықбай Мазанұлымен Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қызмет еткен жылдардан бері таныспын. Біздің достық байланысымыз баспасөз тарихын зерттеуден басталады десем артық айтпаймын. Оның ішінде сонау тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Алаш мұрасын зерттеуге байланысты мұрағат материалдарымен танысу, кеңестік идеологияның пәрменімен тыйым салынған «Қазақ», «Алаш», «Бірлік туы», «Жас Азамат», «Сарыарқа» газеттері мен «Айқап» журналының сарғайған нөмірлерін жинақтау кезінде бір мақсат, бір мүдде жолында еңбек еттік.

Қырықбай Мазанұлының қазақ журналистикасының тарихын зерттеуде ұстазымыз Қ.Бекхожиннің зерделі зерттеуін жалғастырып, тәуелсіздік жылдарында жарық көрген басылымдарға дейін кезең-кезеңімен қарастырды. Қырықбай Мазанұлының баспасөз тарихын түгендеген ғылыми мұрасы бүгінгі күні журналистика мамандарын даярлайтын барлық жоғары оқу орындарында пайдаланылып келеді.

Қырықбай Мазанұлы Аллаберген 1978-1983 жылдар аралығында қазіргі әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде оқыған. Студент болып жүріп республикалық басылымдарда көптеген ғылыми-танымдық, зерттеу мақалаларын жариялаған.

Қырықбай Мазанұлы 1985-1987 жылдар аралығында қазақ телерадиокомпаниясының ғылыми-көпшілік редакциясында редактор болып қызмет істейді.

1987-2002 жылдары Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде аға оқытушы, доцент, 2002-2004 жылдары С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті тарих, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі, 2004-2006 жылдары Павлодар мемлекеттік педагогикалық

институтының ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры, 2006 жылдан 2016 жылға дейін С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде жаңадан ашылған журналистика кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

1992 жылы ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі М.Х.Асылбековтың жетекшілік етуімен Қ.М.Алдабергенов Ш.Уалиханов атындағы тарих және этнология институтының жанындағы ғылыми кеңесте ««Отечественные записки» Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясаты туралы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесіне ие болады.

1996 жылы Қ.Алдабергеновтың «Рауан» баспасынан қазақ баспасөзінің тарихына бүгінгі күн тұрғысынан көз жіберіп, тың байламдар жасап, жаңаша ой айтқан «Қазақ журналистикасының тарихы» атты 13 баспа табақ көлеміндегі оқу құралы жарық көрді. Онда ғалым 130 жылдан астам бай тарихы бар қазақ баспасөзінің тарихын жазады. Өйткені, қазақ баспасөзінің тарихын тұңғыш зерттеуші, профессор Қ.Бекқожиннен соң бұл тақырыпқа араға 15 жыл салып қайта оралған Қырықбай Мазанұлы болатын. Міне, осындай ғылыми еңбектеріне байланысты оған Жоғары Аттестациялық Комитет тарапынан 1996 жылы әдебиеттану ғылымының доценті ғылыми атағы берілді.

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Қ.М.Аллабергенов әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде оқытушылық қызмет атқара жүріп, 1997 жылы «Рауан» баспасынан XX ғасыр басында біреуі Троицк, екіншісі Орынбор қаласында қатар шығып тұрған «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттерінде жер мәселелеріне және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты жазылған материалдарға талдау жасаған. Сонымен қатар Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы баспа ісі және қазақ баспасөзінің қалыптасып, дамуына айтарлықтай үлес қосқан бір топ ақын, жазушы, сыншы, публицистердің еңбек жолдары мен шығармашылық шеберліктері жайында әңгіме қылатын 14 баспа табақ көлеміндегі «Көне басылымдар. Құнды деректер. Аяулы есімдер» деген монографиясын жарыққа шығарды.

Сондай-ақ, 1998 жылы «Санат» баспасынан 15 баспа табақ көлеміндегі қазақ, орыс баспасөзінің және баспасөз тарихының бастауы болып саналатын Батыс Еуропа мен Америка, Азия елдеріндегі алуан түрлі бағыттағы бұқаралық ақпарат құралдары тарихынан мол мағлұмат беретін «Әлем баспасөзі тарихынан» деп аталатын оқу құралы 2000 дана тиражбен басып шығарылды.

Бұл еңбектерінде зерттеуші ғалым төмендегідей негізгі үш бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізді. Біріншісі – қазақ және орыс баспасөз тарихы, екіншісі – отандық тарих яғни Қазақстан тарихын зерттеу, үшіншісі – әдебиеттану тарихын зерттеу.

Қ.М.Аллаберген 2001 жылдың басында ҚР ҰҒА-ның Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының жанындағы диссертациялық кеңесте «Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясатының бағыттары мен

нәтижелері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, тарих ғылымдарының докторы атанады.

Қ.М.Аллаберген 1996 жылы Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған. 2002 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісімен марапатталды.

Жиырмадан астам магистранттар мен 4 ғылым кандидаттарын дайындап, 5 ғылым докторы мен 8 ғылым кандидаттарына ресми оппонент болған.

К.М.Алдабергенов – 2010 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері. 2010-2012 жылдары Жоғары оқу орнына сіңірген еңбегі Павлодар қалалық мәслихатының «Құрмет грамотасымен», «С.Торайғыров атындағы алтын медаль», «Шәкәрім атындағы медальмен» марапатталған.

2016-2019 жылдары Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ректоратының шақыруымен журналистика және саясаттану факультетінің журналистика және баспа ісі кафедрасының профессоры болған.

Қырықбай Мазанұлының ұлағатты ұстаздық жолы мен ғылыми мұрасы бүгінгі ұрпаққа үлгі, жастарға өнеге. Ұстаз, әріптес ағамыздың жатқан жері жұмақ болғай.

Зерделі ғалым Қырықбай Мазанұлы Аллабергеннің саналы өмірі мен тағылымды зерттеу еңбектеріне арналған конференция жұмысына табыс тілеймін!

Қайрат Өмірбайұлы САҚ,
*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
журналистика және саясаттану
факультетінің деканы, ф.ғ.к., профессор*

ҰСТАЗ. ҒАЛЫМ. ПУБЛИЦИСТ

Сейфитден СҮТЖАНОВ,
*Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық
университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы,
Павлодар қаласы*

ЗЕРДЕЛІ ҒАЛЫМ ЕДІ...

Белгілі публицист, ұстаз, журналист, ғалым Қырықбай Аллабергенов туралы бір ауыз сөз сөйлемес бұрын мына жайтты айтпақ керек. Шынтуайқа келгенде, соңғы бір-екі жылдың төңірегінде әлемді жайлаған жаман індет қазақтың небір жайсаң-жақсыларын – көрнекті ақын-жазушылар мен белгілі ғалымдарды және өнер майталмандарын жарық жалғаннан жұлып әкеткенін, ең алдымен өз әулеті, туыс-туғаны мен ағайыны, ел-жұрттың қабырғасын қайыстырып, көкіректі қарс айырғанын біріміз білсек, біріміз білмесіміз анық.

Олай дейтініміз, Қырықбай Мазанұлы сынды әріптес әрі үзеңгілес достан өткен жылы оқыстан айырылып қалдық. Сол тұста онымен қызметтес болған кезеңдер, үзеңгілес жүрген сәттер еске түскені рас.

Қырықбай Мазанұлы Аллабергенов асқаралы алпыстың асуынан асып, кемеліне келіп, толысып-толған тұста дүниеден өтті десек, Аллаға наразылық білдіргеніміз болар.

Ал, шындығында Қырекең «ел ортасында, орда басында», яғни туған өлкесінде үлкен сый-құрметке ие еді. Сондай-ақ, ол әдеби қауымға көркем шығармаларымен белгілі болса, ғылыми ортада елеулі де екшеулі еңбектерімен танымал-тұғын.

Осы орайда аталмыш қаламгердің биік мәреден көрінуіне өсіп-өнген ортасы мен ғылым жолына түсірген оқымысты әрі әдеби қауымның игі әсері көп болғандығын айту ләзім. Сонымен қатар Қырекеңнің бойына біткен асыл қасиеттер – адал еңбек ету мен алға деген ұмтылыс, биікке деген құлшыныс та бұл жолда өз нәтежиесін берді деп білеміз.

Қырекең қазақтың киелі жері, жаннатты өңірі – Баянауыл баурайында туып, тау-таста өрмелей, мөлдір көлде шомыла шыныға өсіпті. Осындай Баянды қалайша киелі мекен, қасиетті жер демеске?! Бұл өңірдің бір өзінен ғылымның әр түрлі саласы бойынша жиырма бес академик шыққан болса, өнер майталмандарын санауға саусақ жетпесі анық.

Өңірінің өрендерін үлгі тұтқан әрі сөз өнеріне деген ықылас-бейімі Қырекеңді өрге сүйреді. Біздің білуімізде, ол бала жастан өнер-білімге құштар, кітап оқуға құмар болып, бойын біткен қабілет-қарымын көрсетуге тырысты. Сөйтіп, мектеп қабырғасында оқып жүргенде-ақ оның алғашқы өлеңдері мен мақалаларын аудандық және облыстық газеттерде жариялайды. Ал мектеп бітірген соң Орта Азия әскери округінің «Боевое знамя» газетінде тілші, сосын азаматтық борышын өтегеннен кейін ауылдық газетте және облыстық радиода редактор қызметтерін атқарады.

1983 жылы Қырықбай Мазанұлы қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика мамандығы бойынша бітіріп шыққан соң, біраз жыл Қазақ телеродио компаниясында редактор болып істейді.

Бағажайлап қарасақ, ол өзі оқып-тоқыған және тәмамдаған білім ордасында (ҚазҰУ) ауысқаннан бастап, біржола ғылыми ізденіс жолына түскенге ұқсайды. Әрине, 1988-1989 жылдардағы қайта құру мен жариялылық кезең «жылымығының» да ізденушіге белгілі бір дәрежеде ықпал еткені де рас. Сөйтіп, Қырекең 1992 жылы белгілі ғалым ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі М.Х.Асылбековтің жетекшілігімен өзекті тақырыпты арқау етіп, алға қойған мақсатына жетіп кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап шығады.

Ғылым жолы абыройлы болумен қатар, ауыртпашылығы мен жауапкершілігі өте зор еңбек жолы екенін былайғы жұртқа беймәлім болғанымен, бұл саладағы жандарға елгілі жәйт. Осы жолға түсіп, ғылыми ізденістер жасауға белді бекем бұған Қырекең «Реседің Қазақстандағы отарлау саясатының бағыттары мен нәтижелері» атты тақырыпты екшеп, бүгешегесіне дейін анықтап, зерделеуге тырысты. Соның салмағында докторлық диссертация қорғап, ғылым докторы атағын иеленді.

Шынында, Қырекең - шығармашылық жолын өмірлік етіп, осы жолда аянбай тер төгіп, біршама саз кешіп жүрсе де шаршап-шалдыққан емес. Бұның толық айғағы ретінде біз Қырықбай Мазанұлының шығармашылық өмір жолы мен адамдық болмыс-бітімін, алға қойған мақсат-міндеттерін айтсақ болады.

2002 жылы ол қызмет бабымен өзінің туған өңірі Керекуге ауысып, бұрынғы облыс әкімі – Ерлан Мұхтарұлы Арын басшылық жасаған Павлодар мемлекеттік университетінің тарих және археология кафедрасының меңгерушісі, сосын Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры секілді басшылық қызметтер атқарды. Содан кейінгі тұста Қырекең университеттің журналистика кафедрасының меңгерушісі міндетін атқарып, болашақтың білікті мамандарын даярлау жолында аянбай еңбек етті. Ол егемен еліміздің ертеңгі

ұл-қыздарын, мамандық иелерін дайындау өте бір маңызды іс екенін терең түсініп, оны абыроймен атқарды.

Қырықбай Мазанұлының бүкіл творчествосын таразылайтын болсақ, салмақты жағы, әрине, тарихты зерттеу тұрғысындағы тұжырымдамалар мен ізденістері екені даусыз. Мәселен, «Отарлау саясатының ойрандары», «Патшалы Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясатының тарихынан», «Ресей империясының қол астындағы Қазақстан тарихы» деген кітаптарында Ресей империясының қазақ даласын отарлау саясатынан туындаған келеңсіз қылықтар, билік жүйесіндегі өзгерістер тағы басқа да мәселелерді, өте-мөте өлкетануға арнайы тоқталады. Сөйтіп өлкетанудың ұлттық мүддемен тығыз байланыстылығын байыптап, әрбір ұлт ұланы өзінің туып-өскен өңірін қызғыштай қорғай білсе деген оймен өрнектелген.

Оның «Алты алаштың ардақтылары», «Көне басылымдар. Құнды деректер. Аяулы есімдер», «Әлем баспасөзінің тарихынан» атты зерттеу еңбектерінде газет-журнал, кітап бастыру ісінің тарихына шолу жасалынып, алғашқы қазақ басылымдары туралы соңғы деректер, тың топшылаулар жасалынған. Әсіресе, Қырекеңнің алаш арыстарының қазақ баспасөзін қалыптастырып, дамытудағы ерен еңбектерін дереккөздеріне, тың мәліметтерге сүйене отырып дәйектеуін – ғылыми жаңалық ретінде қабылданды десек еді.

Ал автор өзінің («Біртуар дара тұлғалар» атты жинағында қазақтың атақты, ұлттың ұлы ұландарының, хандары мен би-батырларының, сал-сері, ақын-әншілерінің және қоғам қайраткерлерінің қызметкерлік, өнер өрендерінің шығармашылық ғұмырнамасына тоқталып, оқырманға тың деректер ұсынады.

Қай қаламгер болса да, ізденістер мен іркілістерге толы шығармашылық өмір жолында шыққан биігі, белгілі бір белесі болады десек, бұл тұста Қырекең асуға арындап, қоржынын толтыра шыққанға ұқсайды. Бұған оның қанжығасына бөктерген жүзден астам ғылыми мақаласы мен жоғарыдағы аты аталған кітаптар куә.

Шынында да, Қырықбай Мазанұлы – ұстаздық пен ғылыми жұмысты ұштастыра жүріп, Қазақстан тарихы мен өлкетануға қатысты толғақты мәселелер төңірегінде өз ой-пікірлерін мерзімді баспасөз беттерінде білдіріп жүрген қарымды қалам иесі. Тіпті бүкіл өміріндегі мақсат-мұраты да осыған негізделген десек жаңылыспаймыз. Әсіресе оның халықтық жарқын болашағы ойлаудан туған келер ұрпақтың тәрбиесіне деген адал ниеті, адамдық қасиеті кімді болса да, тамсандырмай қоймасы анық. Сондықтан ел ортасында, көш басында Қырекең секілді ұлағатты ұстаз, білікті ғалымның бары бағалы еді.

Кейін ол қызмет бабымен Астанаға ауысып келген тұста Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессор қызметін атқарды. Бірақ ол сол баяғы байсалды да кішіпейіл болмысынан бір танған емес.

Оның ерекше бір қасиеті – жан жарына адал, ағайын-туысқа қайырымды, досқа берік болатын.

Айтып келмес ажалдың барын, бұл дүниенің өтпелілігін, өмірдің жалғандығын – бәрі-бәрін Алла-тағала әке-шеше, бауырыңнан, жақын жүрген досыңнан айырылғанда есіңе түсіретіндігі бар. Бірақ Қырекең Абай атамыз айтқандай:

«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы,
Өлмейтұғын артына із қалдырған» жандардың бірі еді!

Қырықбай Мазанұлы Аллаберген қабілет-қарымының арқасында артына айтарлықтай мұра қалдырды. Оның еңбектері өзінің құндылығымен бағаланып, ұрпақтан-ұрпаққа жетері сөзсіз!

Сондай-ақ, «Артында бар оңалар» дегендей, бүгінгі күндері Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қырықбай Мазанұлы Аллабергеннің 70 жылдық мерейтойына орай үлкен іс-шара ұйымдастырып жатса, Қырекең бұған өте-мөте лайық десем, артық айтқандық емес.

Қырекеңнің сүйікті жары Бақыт Тілеубайқызы мен қызы Алтынай және туыстары ертеңгі күндері Қырықбай Мазанұлының жазып қалдырған мол мұрасы том-том кітап болып, жарық көретініне біз сенімдіміз!

Бақыт БАТКЕЕВА,
*жұбайы, Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
журналистика және саясаттану
факультетінің доценті, ф.ғ.к.*

Алтынай АЛЛАБЕРГЕН,
*қызы,
Қазақ ұлттық өнер
университетінің 1-курс студенті*

РУХАНИ ТАЗАЛЫҚ ПЕН АЗАМАТТЫҚ ҮЛГІСІ

Саналы ғұмырын қазақ тарихын зерттеуге, ұлттық журналистиканың дамуына арнаған Қырықбай Аллабергеннің туғанына биыл 70 жыл толып отыр. Тарих ғылымдарының докторы, елімізге белгілі публицист, бірнеше буын журналистердің ұстазы, көп құрметіне бөленген абзал жан соныға өшпес із қалдырғаны мәлім.

Қырықбай Мазанұлы 1952 жылғы 18 шілдеде Баянауыл ауданының қазіргі Жүсіпбек Аймауытов атындағы ауылда дүниеге келген. Қырықбай деп есім бергені, бала анасының қырық жасында туған екен. Әкесі - кенші, анасы үй шаруасымен айналысатын. Қырықбай үш жасқа келгенде отбасы Баянауыл өңіріндегі Торайғыр ауылына қоныс аударады. Торайғыр - көркем табиғат пен

тарихқа бай, Ақбеттаудың етегінде, Торайғыр көлінің жағасында орналасқан ауыл. Елдімекен Айдабол руының ата қонысы екен. Бұл ауылдан атақты қазақ поэзиясының классигі Сұлтанмахмұт Торайғыров, оның атасы Торайғыр би, Шоң би, Ботбай би, Әлкей Марғұлан, Шәкен Айманов, Кәукен Кенжетәев, т.б. көптеген ұлы ғұламалар шыққан.

Алты жасында анасы қайтыс болады. Әкесі уақытының көбін жұмыспен өткізген соң, Қырықбайды үлкен ағасы Кәрімжан мен жеңгесі Әлпеш қолына алады. Бала кезінен есінде қалған керемет сәттердің бірі - кешке мал өрістен келетін уақытта ауылдың ақсақалдары биік төбеге жиналып, табын келгенше әңгіме - дүкен құратын. Әңгімелері көбіне қазақтың батырлары, хан-билері, әулиелері, ақын-жыраулары, әншілері, эпос-аңыздары, ертегі-хикаялары. Айдабол руынан шыққан қазақ халқының жанашырлары жайлы болатын. Бала Қырықбай әкесінің қасында отырып, талай қызықты әңгімелердің куәгері болды. Кейін тындаған әңгімелерін ел тарихына қатысты шығармаларында пайдаланады.

Шығармашылық жолы мектептің бастауыш сыныбында оқып жүргенде басталған екен. Бірде мектеп оқушылары Аналар күні мерекесіне арнап концерт ұйымдастырады. Тоғыз жасар Қырықбай сол жиында дүниеден өткен анасына арнап, «Анама» деген алғашқы өлеңін оқиды. Өлеңінде кішкентай бала ерте кеткен анасына деген махаббатын, ешкім орнын толтыра алмайтынын, сағынышын білдіріп, отырған қауымның көздеріне жас алдырады. Риза болған ауып ақсақалдары жас ақынға ата-бабаларының жолын тілеп, ақ батасын береді.

1967 жылы оқудағы жақсы үлгерімі үшін Артеkte болып, пионерлердің Бүкілодақтық үшінші слетіне қатысып, дүниежүзіндегі алғашқы ғарышкер Юрий Гагаринмен кездескен. Бұл жайында аудандық газетте мақаласы шығады. Осы сәттен бастап ақын баланың өлеңдері мен мақалалары аудандық «Жеңіс», облыстық «Қызыл ту» газеттерінде жариялана бастайды.

С.Торайғыров атындағы орта мектепті бітірген соң, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу кезінде Орта Азия әскери округінің «Боевое знамя» газетінде әскери тілші болған.

1973-1977 жылдары Баянауыл аудандық «Жеңіс» газетінде әдеби қызметкер, ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, Павлодар облыстық радиосының редакторы қызметін атқара жүріп, осы өңірдің тарихы, шежіресі, әдебиеті мен мәдениеті туралы деректерді жинап, зерттеп, мерзімді баспасөзде оқырмандарға сериялық материалдар ұсынып отырған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетінде білім алды. Студент болып жүріп республикалық басылымдарда көптеген ғылыми-танымдық, зерттеу мақалаларын жариялайды. Ол осы кезден-ақ журналистика, әдебиет және тарих ғылымдары бойынша зерттеу жұмыстарына бейім екендігін байқатты. Соның нәтижесінде «Отечественные записки» журналындағы қазақ тақырыбы (1818-1884 жж.) деген тақырыпта диплом жұмысын қорғады. Бұл болашақ ғалымның ғылым жолындағы алғашқы табысы еді.

Қырықбай Мазанұлы 1985-1987 жылдар аралығында қазақ телерадиокомпаниясының ғылыми-көпшілік редакциясында редактор болып қызмет істейді. Онда алғаш рет «Қазақстан ғылымы» және «Көкжиек» деген ғылыми-көпшілік хабарларын дайындап, жүргізеді. ҚР ҰҒА-ның көптеген ғалымдарымен танысып, олардың ашқан ғылыми жаңалықтарын ел арасында насихаттайды. Өзі де әдебиет, тарих саласында зерттеулер жүргізіп, алғашқы толымды ғылыми жұмыстарын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай бастады. Оның мұндай бейімділігін байқаған ғалымдар 1987 жылы өзі бітірген Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика тарихы кафедрасына оқытушылық қызметке шақырды. Араға бір жыл салып аға оқытушылыққа ауыстырылады.

1992 жылы ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі М.Х.Асылбековтің жетекшілік етуімен ол Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының жанындағы Ғылыми кеңесте «Отечественные записки» Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясаты туралы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесіне ие болады. Араға бір жыл салып «Рауан» баспасынан «Отарлау саясатының ойрандары» атты алғашқы бес баспа табақ көлеміндегі монографиялық еңбегі жарық көреді. Онда зерттеуші 1814-1884 жылдар аралығында Ресейде демократиялық бағытта шығып тұрған «Отечественные записки» журналы материалдарының негізінде патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізген отарлау саясатының зардаптарын ашып көрсетеді.

Одан соң «Алты алаштың ардақтылары» атты екінші бір көлемді монографиясы шықты. Онда автор ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезінде өмір сүріп, қазақ демократиялық публицистикасының іргетасын қалаған Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Кұнанбаев, М.Ж. Көпеев, Ә.Бөкейханов, С.Торайғыров, Т.Рысқұлов, С.Қожанов сияқты алты алаштың ардақтыларының түрлі басылым беттерінде сөз өнерін қару орнына жұмсап, патшалық Ресейдің және одан кейінгі «қызыл империяның» отарлау саясатына қарсы күрескендігін сөз етеді.

1996 жылы Қ.Аллабергеновтің қазақ баспасөзінің тарихына бүгінгі күн тұрғысынан көз жіберіп, тың байламдар жасап, жаңаша ой айтқан «Қазақ журналистикасының тарихы» атты оқу құралы жарық көрді. Онда ғалым 130 жылдан астам бай тарихы бар қазақ баспасөзінің тарихын жазды. Қазақ баспасөзінің тарихын тұңғыш зерттеуші, профессор Қ.Бекқожиннен соң бұл тақырыпқа араға 15 жыл салып қайта оралған Қырықбай Мазанұлы болатын. Міне, осындай ғылыми еңбектеріне байланысты оған Жоғары Аттестациялық Комитет тарапынан 1996 жылы әдебиеттану ғылымының доценті ғылыми атағы берілді. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде оқытушылық қызмет атқара жүріп, ХХ ғасыр басында біреуі Троицк, екіншісі Орынбор қаласында қатар шығып тұрған «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттерінде жер мәселелеріне және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты жазылған материалдарға талдау жасаған. Сонымен қатар Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы баспа ісі және қазақ баспасөзінің

калыптасып, дамуына айтарлықтай үлес қосқан бір топ ақын, жазушы, сыншы, публицистердің еңбек жолдары мен шығармашылық шеберліктері жайында «Көне басылымдар. Құнды деректер. Аяулы есімдер» деген монографиясын жарыққа шығарды. Сондай-ақ, 1998 жылы қазақ, орыс баспасөзінің және баспасөз тарихының бастауы болып саналатын Батыс Еуропа мен Америка, Азия елдеріндегі алуан түрлі бағыттағы бұқаралық ақпарат құралдары тарихынан мол мағлұмат беретін «Әлем баспасөзі тарихынан» деп аталатын оқу құралы 2000 дана тиражбен басып шығарылды.

Кейін «Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясатының бағыттары мен нәтижелері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, тарих ғылымдарының докторы атанады. Ғалым бұл еңбегінде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында орыс шаруаларын Қазақстанға қоныс аудару нәтижесінде жердің, судың азаюы, Ресей тарапынан қарулы, саяси және экономикалық қысымның күшейе түсуіне байланысты жергілікті халықтың ұлт ретінде жойылып кету қалпының туындағаны, соның нәтижесінде қазақтардың екі жақты қанауға ұшырап, тілі мен дінінен, салт-дәстүр, әдет-ғұрпынан, ғасырлар бойы қалыптасқан тарихынан, әдебиеті мен мәдениет, өнерінен ажырай бастағандығын көрсетеді. Осы материалдар нәтижесінде Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясатының жүру процесін, оның іске асу жолдарын, бағыттары мен зардаптарын айқындай түседі.

Магистранттар мен докторанттардың ғылыми жұмыстарына жетекшілік етті. Жоғарыда көрсетілген ғылыми еңбектерінен басқа баспасөз беттерінде жарияланған 200-ден астам ғылыми мақалалары бар. Жиырмадан астам магистранттар мен 4 ғылым кандидаттарын дайындап, 5 ғылым докторы мен 8 ғылым кандидаттарына ресми оппонент болған.

Атап өтерлігі, ғалым 1987-2002 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде аға оқытушы, доцент, 2002-2004 жылдары С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті тарих, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі, 2004- 2006 жылдары Павлодар мемлекетт педагогикалық институтының ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры, 2006 жылдан 2016 жылға дейін С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде жаңадан ашылған журналистика кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

2010 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды. 2002-2012 жылдар аралығында республикамыздың түрлі баспаларынан «Біртауар дара тұлғалар», «Айдабол Сары батыр», «Баласымын халқымның артқан сенім», «Қазақтың отарлану тарихы», «Қазақ журналистикасының тарихы», «Қазақстанның облыстық және аймақтық баспасөзінің тарихы», «Тарих және баспасөз», «Алаш көсемсөзінің жауһарлары» атты оқулық, оқу құралдары, монографиялары мен өлең жинақтары жарық көрді. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісімен, Жоғары оқу орнына сіңірген еңбегі үшін С.Торайғыров атындағы алтын медальмен, Шәкәрім атындағы медальмен марапатталған.

2015 жылы «ЭКО» баспасынан» көлемі 1200 бет «Орта жүз Арғын - Айдабол тарихы» атты тарихи-әдеби, жылнама энциклопедия шықты. Бұл он жылғы ізденіп зерттеген күрделі, ғылыми еңбегі болатын. Осылайша жылнама жанрын жаңғыртып, қазақтың орта жүз Арғын-Айдабол руының үш ғасырға жуық тарихын зерттеу барысында Ресейдің көптеген қалаларына, Түркия, Моңғолия, Өзбекстан мемлекеттеріне, Қазақстанның көптеген аймақтарына ғылыми экспедиция құрып, мұрағат деректерін іздеп тапты. Тынымсыз, мұқият еңбегінің арқасында жас ұрпаққа тәлім-тәрбие боларлықтай үлгіде жазылған мәңгілік мұра қалдырды. Кітап өз тарихын, әдебиеті мен мәдениетін тереңінен білгісі келетін саналы да зерделі оқырманға арналған.

Ғалым 2016 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ректоратының шақыруымен журналистика және саясаттану факультетінің журналистика және баспа ісі кафедрасының профессоры қызметіне кірісті. Студенттер, магистранттар, докторанттарға негізгі пәндерден дәріс оқып, ғылыми жұмыстарына жетекшілік етті. Шәкірттері Қырықбай Мазанұлының дәрістерінен қалмай, үлкен қызығушылық білдіретін. Қоғамдық жұмыс болсын, ғылыми мәжілістер, конференциялар болсын, белсене қатысып, үлкен жауапкершілікпен атқаратын. 2019 жылы профессор Қырықбай Аллабергеновтің жетекшілігімен журналистика факультетінің студенттері Алматыда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен олимпиада сайысында жүлделі 1-орынға ие болды. Бұл көптен күткен жеңіс болған еді. Еуразия университетіндегі 5 жылғы қызметінің аясында үш монография, «Өткенге салауат, ертеңге аманат» атты мақалалар жинағы, «Ғұмыр қысқа, жол ұзақ» атты өлең жинағы жарық көрді.

Бүкіл әлемді жайлаған пандемия біздің халқымызды да аяған жоқ. Талай жандар қысқа мерзімнің ішінде көз жұмды. Осы кезеңде қазақ журналистикасының ғылымы үлкен қайғы кешті. Алдыңғы қатардағы ғалым, көптеген ғылыми еңбектердің авторы, журналистика ғылымының негізін қалағандардың бірі, академик, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, профессор Қырықбай Аллабергенов кенеттен дүниеден озды. Соңында аңырап отбасы, елі қала берді... Қызының мектепті бітіріп, жоғары оқу орнына түскенін армандап еді әкесі. Көре алмады...

Отбасының, туған-туыстарының, ортасының, көптеген шәкірттерінің дос-жарандарының есінде Қырықбай Мазанұлының есімі мәңгілікке қалады. Оның қарапайымдылығы, білімділігі, мейірімділігі, кешірімді мінезі, ақкөңілдігі, адалдығы, рухани тазалығы, азаматтығы әрбірімізге үлгі. Қырықбай Мазанұлының жатқан жері жайлы, жаны жаннатта болсын деп тілейміз.

Лаура БАРЛЫБАЕВА,
*Почетный работник
образования РК, член-корреспондент
Международной Академии
информатизации, журналист- писатель*
Сауле БАРЛЫБАЕВА,
*доктор исторических наук,
профессор КазНУ им. аль-Фараби*

КРЫКБАЙ АЛЛАБЕРГЕНОВ: ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННЫЕ МАСС МЕДИА

Живописная, неповторимая, благодатная земля Баянаула рождала многих великих людей Казахстана, которыми гордятся земляки, жители всей нашей страны и за рубежом. В их числе и Крыкбай Мазанович Алдабергенов – пытливый ученый, одержимый исследователь истории казахской журналистики, талантливый педагог, профессор, доктор исторических наук, журналист, писатель, поэт. Все эти профессии соединились в одном человеке и проявились в его творчестве, которое оставило неизгладимый след в книгах, диссертациях, в учениках, в сердцах родных и близких, друзей и коллег.

Если вспомнить список его монографий, учебников и учебных пособий, которые он создавал почти каждый год, не каждому ученому дана такая продуктивность, работоспособность. 20 монографий, учебников и учебных пособий, свыше 200 научных статей. Приведем некоторые из них:

- Последствия колониальной политики в Казахстане (1993г.),
- Плеяда Алаш (1994г.),
- История казахской журналистики (1996г.),
- Древние издания. Ценные сведения. Незабываемые имена (1997г.),
- Из истории мировой печати (1998г.),
- Тарих тудырган тулгалар (2010 г.),
- Айдабол Сары батыр (2011г.),
- История и печать (2011г.),
- Шедевры публицистики Алаш (2011г.),
- История областной и региональной печати (2016г.),
- История колонизации казахского народа (2017г.) и многие другие.

За каждой книгой – огромный труд исследователя, поиск необходимых данных, которые по крупицам автор собирает в разных городах, в архивах, библиотеках, в средствах массовой информации. Особо хочется отметить по глубине охвата и значимости содержания историческую летопись-энциклопедию «Орта жуз: Аргын – Айдабол тарихы» и литературно-историческую монографию Крыкбая Алдабергенова «Айдабол Сары батыр». Эти фундаментальные труды составляют золотой фонд исторической, журналистской, филологической наук, казахской публицистики.

Он продолжил дело основателей научной казахстанской журналистики, публицистики, литературной критики: Х.Бекхожина, Т.Амандосова, А.Идрисова, М.Барманкулова, Б.Кенжебаева, У.Субханбердиной, Т.Какишева, С.Козыбаева и др. Свои исследования он посвящал им, анализируя их труды. Знакомил с историей становления и развития казахской журналистики, начиная с XVIII века и до наших дней, изучал творчество первопроходцев, анализировал их статьи, труды, передавая исследовательскую эстафетную палочку новым поколениям.

В жизни Крыкбая Мазановича были и взлеты, и падения, как у любого творческого человека. Он был и заместителем декана по научной работе факультета журналистики КазНУ им. Аль-Фараби и редактором Павлодарского телевидения. Но какую бы должность он ни занимал, Крыкбай продолжал творить во благо своего народа. Он был убежден, что только образованная нация способна достичь благоденствия и процветания.

По словам корифея казахской литературы Габита Мусрепова: «Не служебное кресло, а книги становятся национальным достоянием. В них длится жизнь и дело подлинного таланта». Юноши и девушки, интересуясь историей, переступая порог факультета журналистики, непременно заинтересуются книжным наследием Крыкбая Алдабергенова, в котором он щедро делится своими знаниями и уникальным опытом. А значит жизнь и дело талантливого журналиста Крыкбая Мазановича продолжается.

Большая любовь к семье – супруге Бахыт Баткеевой и дочери Айгерим, к родному краю, к родной земле, которых он воспевал в своих стихах, отражал в книгах, в каждом своем произведении. Его дом – гостеприимный шанырак встретил меня в Павлодаре в далеком 2005 году, не только как долгожданную гостью. Я осознавала себя не просто как коллега, землячка, а как родной человек, близкий по духу. Крыкбай и Бахыт в то время работали в Павлодарском Государственном университете на кафедре журналистики, делились своими идеями, показывали изданные книги, рассказывали о своих студентах, выпускниках, одна из которых готовила дипломную работу о научном и творческом пути Марата Карибаевича Барманкулова – основателя телевизионной и радиожурналистики в Казахстане, нашего Учителя, мэтра журналистики в стране. Как приятно было осознавать, что ничего не остается бесследно: дела, труды наших наставников изучает молодое поколение и научная эстафета продолжается в XXI веке.

По приглашению Крыкбая Мазановича мне посчастливилось участвовать в качестве председателя экзаменационной комиссии по журналистике в Павлодарском государственном университете им.Торайгырова, посетить мои родной Баянаул. Крыкбай по-новому открыл для меня Родину предков, показав музей им.К.Сатпаева, музей Торайгырова и озеро с одноименным названием в поселке Торайгыр, которое находится в 30 километрах от Баянаула, таинственную пещеру Коныр-аулие, посещение которой знаменуется исполнением заветных желаний.

Крыкбай давно изучал происхождение аргынов, несколько лет писал летопись-энциклопедию «Орта жуз: Аргын – Айдабол тарихы», общался с аксакалами, знающими и передающими нить истории из поколения в поколение. Жители Баянаула трепетно относятся к своим корням, но то, как щедро делился своими знаниями Крыкбай со мной было настоящее волшебство. Передо мной возникали образы Джасыбая, Бухар-жирау, они стали для меня близкими и родными, передающими дух степи родной земли, борьбы за независимость.

Продолжая традиции первых профессиональных журналистов-просветителей, Крыкбай Алдабергенов внес свой вклад в развитие современной казахской журналистики, воспитал новое поколение ученых, исследователей, педагогов.

В настоящее время журналистика обретает новые черты, новые тенденции, о которых я вам расскажу.

Но коммуникация сегодня в XXI веке, что нефть и газ в XX веке. Это топливо, на котором работают политические, экономические, социально-культурные и военные механизмы.

Пришел XXI век, он принес с собой современные медиа технологии: Интернет, флэшки, CD и DVD-диски, сотовые телефоны, смартфоны, электронную почту, планшеты, новые медиа в виде социальных сетей и блогосферы.

Развитие электронных СМИ осуществляется в эпоху глобальной цифровой революции. В настоящее время происходит дигитализация (цифровизация) всех аспектов деятельности человека. В первую очередь, это касается средств массовой коммуникации. Современные достижения в области цифрового телерадиовещания изменяют современную журналистику, которая становится цифровой, мультимедийной.

С новыми медиа пришла, и другая медийная культура, которая изменяет наше сознание, наши вкусы, запросы, изменяет информационное потребление, коммуникационные ориентиры.

Новые информационно-коммуникационные технологии (ИКТ), стирающие границы времени и пространства, становятся главными «помощниками» процесса глобализации. Глобализация – многомерный процесс, происходящий одновременно на нескольких уровнях. Это и глобализация рынка, и производства, и финансов, и коммуникаций, опирающийся на глобальную инфраструктуру.

Главные составляющие информационной глобализации:

- Интернет
- Кабельно-спутниковое ТВ
- Мобильная телефония

За всю историю развития общества человечества прошло три этапа глобализации сознания. В настоящее время, по мнению исследователей, человечество вступило в третий этап глобализации сознания:

- 1-й этап наступил после кругосветных путешествий Магеллана и Колумба, когда человек понял ограниченность планеты Земля.
- 2-й этап наступил после полета в космос Ю.А. Гагарина.
- 3-й этап – формирование глобального информационного общества.

Процесс конвергенции различных сфер коммуникаций усиливает состояние перехода на новый уровень развития стран. В настоящее время идет тенденция «конвергенции» - объединения, слияния в единое целое коммуникационных технологий, рынков, самих средств информации. Процесс конвергенции изменил не только системы СМИ и коммуникации, но и различные, связанные с ними индустрии.

Новые медийные технологии способствовали трансформации современной журналистики XXI века.

- Сетевая, Интернет-журналистика
- Цифровая журналистика
- Мультимедийная журналистика
- Конвергентная журналистика
- Data-журналистика

Появляется журналистика погружения или иммерсивная журналистика – новое поле для экспериментов по вовлечению пользователя в различные Web-проекты.

Новые медиа меняют журналистику в следующих направлениях:

- Меняются способы журналистской работы.
- Технологии новых медиа приводят к реорганизации журналистских организаций, редакций.
- Растет количество новых форм медийного контента.
- Происходит перестройка отношений между журналистами и аудиторией.

Исследователи отмечают, что всеохватное воздействие средств массовой коммуникации способствуют стандартизации мышления, образа жизни, потребительскому видению мира. У подрастающего поколения возникло «кликерное» мышление.

- Аудитория воспринимает краткую и наглядную информацию.
- Средний период концентрации на одном объекте – 8 секунд.
- Аудитория потребляет много разнообразной информации.
- Информация воспринимается маленькими формами.

Поменялись все шесть ключевых составляющих медиа:

- аудитория
- контент
- персонал
- упаковка и дистрибуция
- метрики (тираж, подписчики)
- монетизация

Десять лет назад медиа-диета составляла 9 часов, в настоящее время – 12 часов

- 3,5 часа – развлечения
- 2,5 часа – новости
- 1,25 часа – социальные сети
- 1 час – игры
- 0,75 часа – блоги

Новому журналисту новых медиа необходимо:

- Новые навыки, новый тип мышления
- Уметь работать с текстом
- Знать и чувствовать аудиторию
- Учиться фишкам социальных сетей
- Уметь экспериментировать в новых форматах и жанрах

Информационная эпоха изменила профессиональную журналистскую среду, в которой важными факторами развития являются интеллектуальные, творческие способности, креативный подход и умения, владения новыми цифровыми технологиями.

Любая коммуникация, медиа – это часть культуры. Медиа культура – составная часть общечеловеческой культуры. Медиа культура отражает развитие общество и зависит от общей культуры общества, и в то же время сама способствует культуре личности и общества в целом. XXI век создал новое информационное пространство, новую медиа сферу, где происходит становление, формирование и развитие новой медиа культуры Нового Казахстана.

Зият Шайманович АЙТКЕНОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Бауыржан Нариманович АБДРАХМАНОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Ә.Марғұлан атындағы Павлодар
педагогикалық университеті

ТАРИХШЫ ҒАЛЫМ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Асып төгілген мол ақыл мен білім, зор еңбекқорлық, ұйымдастырушылық қабылет және іскерлік тарихшы-ғалым Қырықбай Мазанұлының бойына туа біткен қасиет болатын.

Сондықтан да болар ол туған жері мен халқының сенім артқан адал азаматы болып қана қоймай, өзі таңдап алған ғылым жолында да басқаларға үлгі-өнеге боларлықтай дәрежеде еңбек етті. Мұның өзі ұрпақтар жалғастығы деуге тұрарлық іс. Себебі, өткенді білмей болашаққа жол салу мүмкін емес.

Қырықбай Мазанұлының кез-келген тарихи еңбектерінің мән-мазмұнына зер салсақ, одан біздер терең ойлылық пен пайым-парасаттылықтың ізін көреміз.

Оның зерттеулерімен танысу барысында өз халқыңның өткен тарихына деген қызушылық, жақсы мен жаман жақтарын салыстырушылық, болашаққа деген сенімділіктің туындайтындығы сөзсіз.

Қорқынышты ауру эпидемиясы әлемдегі көптеген адамдарының өмірін қиды. Өліммен аяқталған ауру біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Біздің жақындарымыз, туыстарымыз, достарымыз да осы аурудың құрбаны болды. Қаза тапқандардың қатарында белгілі Қазақстандық ғалым, көптеген ғылыми еңбектердің авторы, журналист, педагог, тарих ғылымдарының докторы, профессор Алдабергенов Қырықбай Мазанұлы болды. Оның кенеттен қайтыс болуы бізді дүр сілкіндірді. Атақты ғалым, мейірімді, жанашыр, ақылды, бас әріппен жазылған ұстаз, өмірден кетті.

Алдабергенов Қырықбай Мазанұлы 1952 жылы 18 шілдеде Павлодар облысы Баянауыл ауданы «Жосалы» ауылында дүниеге келген. Бұл ауылда қазақтың ұлы жазушысы, драматург, публицист, ірі қоғам қайраткері, Алаш партиясының көшбасшыларының бірі Жүсіпбек Аймауытов дүниеге келді.

Қырықбай Мазанұлының ата-анасы қарапайым адамдар болған, әкесі шахтер болып жұмыс істеген, анасы үй шаруашылығымен айналысқан. Балалық шақ жылдары Баянауыл ауданының «Торайғыр» ауылында өтті, онда ата-анасы Қырықбай 2 жасында болған кезде көшіп келген. Бұл Баянауылдағы ең көрікті жерлердің бірі. Табиғатының әдемі, жарқын панорамасы ақындар мен әншілердің бірнеше буынын шабыттандырды. Торайғыр ауылында қазақтың ұлы ақыны және публицисі, қазақ поэзиясының классигі Сұлтанмахмұт Торайғыров туып-өскен.

Қырықбай Мазанұлы алты жасында анасынан айырылды. Мектепте мұғалімдер оның қарапайымдылығын, оқуға деген сүйіспеншілігін, тарихқа деген қызығушылығын атап өтті. 8 Наурыз мерекесі күні ауыл тұрғындары клубқа жиналып, оқушылар концерт ұйымдастырды. Қырықбай сол жерде өзінің алғашқы өлеңін «Анама» («ана») оқып ерекшеленді, онда анасынан айырылудың ащысы, кішкентай баланың анасының сүйіспеншілігіне деген сағынышы, ұлының шексіз сүйіспеншілігі айтылды. Қырықбайды тыңдап, бүкіл зал жылады. Ауыл ақсақалдары кішкентай ақынға батасын беріп, оған үлкен поэтикалық болашақ тіледі.

Осы жас кезінен бастап бала поэзияға қызығушылық танытады, көп оқиды, достарына, туыстарына, мұғалімдеріне, туған табиғатының сұлулығына арнайтын шағын өлеңдер жазады.

Қырықбай Мазанұлы 2001-2003 жылдар аралығында Павлодар мемлекеттік университеті басшылығының шақыруы бойынша С.Торайғыров тарих, этнография және археология кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс істейді. Осы кезде бастап біз Қырықбай ағамен тығыз араласа бастадық. Оның келіп, тікелей қатысуымен, аталған ЖОО-дағы тарих бағытында «Аспирантура» ашылады. Сол аспирантураға тұңғыш аспирант болып өзім(З.Ш.) түсемін. Ғылыми жетекші болып Қырықбай Мазанұлы тағайындалады. Сол жылдары С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінен Павлодар педагогикалық университеті деп бөлініп шығады да, Қырықбай аға 2003-2005 жылдары – Павлодар педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры болып қызмет атқарды. Сол кезде ол зерттеу жұмыстарымен айналасуды жалғастыра береді, «Павлодар Ертіс өңірінің ақындары мен жазушыларының шығармашылық мұрасы» жобасына қатысады, М.Ж. Көпеевтің шығармашылығын, өлке тарихын, орта жүз тарихын зерттейді және зерттейді, халықаралық, республикалық, өңірлік конференциялар өткізуге қатысады.

Жалпы ғалымның қаламынан 300-ден астам ғылыми еңбектер, монографиялар туындайды. Оның бүгінгі күнге дейінгі еңбектері Алаш публицистикасының тарихын зерттеуде негіз болып табылады. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Қырықбай Аллабергеннің бұл зерттеу монографиясының бірінші кітабында ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың соңына дейінгі аралықта Қазақстанның түрлі қалаларында әртүрлі бағытта шығып тұрған «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», «Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» және тағы да басқа газет-журналдарда қазақ халқының тарихына, әдет-ғұрпына, отырықшылық, егіншілік, жер мәселелеріне арналып жарияланған «тарихтың ақтандақ мәселелеріне» бүгінгі күн тұрғысынан баға берілген.

Ілгерідегі аталмыш оқу орнының проректоры кездегі Қырықбай ағаны менің жадымда үлкен жүректі, терең білімді, қайырымды, қамқоршы ұстаз және жетекші ретінде қалыпты.

Біз енді сол жылдары жас маманбыз, проректор Қырықбай Мазанұлының кабинетіне кез келген уақытта жүрексіңбей кіріп, ол кісіден ақыл-кеңес алып, өтініш-арыздарымызды батыл айтатынбыз. Ол әрбір әріптестің, студенттің мұқтаждықтарын сөз бұйдаға салмай нақтылы шешіп беретін.

Өскемендегі ЖОО-нің жанында Диссертациялық Кеңестің мүшесі болған. Сол кездері диссертациялық жұмыстар қорғау кездерінде мені өзіменен алып баратын. Үйрене бер, өз құлағымен, өз көзімен көрген жөн болар дейтін. Қырықбай аға бізге шәкірттеріне ғылыми кеңестер, консультациялар берумен ғана шектелген жоқ. Сонымен қатар ол, тарихи құбылыстарды объективті бағалауды үйретіп, методологияны шығармашылық тұрғыда қолдануды талап етті, қиын жағдайларда өзінің шәкірттерін қолдап отырды.

Терең білімді мамандарды дайындап шығару үшін Қырықбай аға аспиранттарға жетекшілік ету мәселесі мекемеде тиісті деңгейде жүргізілуі қажет екенін айтты. Ол үшін бөлім тарапынан мықты басшылық болу керек және ондай басшылық болса институттың жұмысы жақсарады деп есептеді.

Қырықбай Мазанұлының жетекшілік етуімен 2005 жылы өз диссертацияны сәтті ойдағыдай қорғадым.

«Жансыз еңбек – сезімсіз еңбек». Оны ешкім қызығып оқымайды. Ал, керісінше Қырықбай Мазанұлының ғылымдағы парасатты да зиялы ойы кімді болса да ойландырмай, таң қалдырмай қоймайды. Оның нақты ғылыми талдаулары, мәселені саралап, талдап ашудағы іздемпаздығы ғалымның зерттеу нысанасының айқындығы мен ақиқаттылығын көрсетеді.

«Ғылым жолы-ұлы жол, ұлағатты жол». Міне, осы ұлағат жолында Қырықбай Мазанұлы өнегелі ойымен қазақ деп аталатын ұлы ұлттың аяулы перзенті бола білді.

Кейінгі жас ұрпақ, біздер үшін қазақ халқына тәуелсіздік әкелген жаңа-XXI ғасырда өткен тарихымызды түгендеп, ой елегінен өткізіп рухани байлықтарымызбен қатар, сол байлықтарды жасап, зерттеп құнды-құнды еңбектер жазып қана қоймай, халқының жарқын болашағы үшін қызмет істеген Қырықбай Мазанұлы сияқты азаматтардың, зиялылардың есімдерін сол алғашқы қалпында туған халқына қайтару бүгінгі таңда атқарылуға тиісті кезек күттірмейтін мемлекеттік деңгейдегі басты міндеттердің бірі деп білеміз.

Ендігі республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция мақсаты – Алаш мұрасы және мерзімді баспасөз тарихы мен тәжірибесін ғылыми тұрғыда саралау, зерделі ғалым Қырықбай Мазанұлы Аллабергеннің әдебиет, тарих, публицистика саласындағы еңбектері мен шығармашылығын зерделеу болғандықтан, бұл жерде мынаны айта кету жөн. Қырықбай Мазанұлының артында қалған мұра ұрпақтардың игілігіне қызмет ете беретін байлық. Ал осы мұраны бүгінгіден де тиімді пайдалану үшін және кейінгі ұрпақтың жадында ғалымның атын сақтау үшін нақты шараларды жүзеге асыру керек. Айталық С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің дәріс залына, Баянауылдағы бір көшеге тарих ғылымдарының докторы, профессор

Қырықбай Мазанұлының аты берілсе, ғалымның тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылса нұр үстіне нұр болар еді.

Гульсара РУСТЕМОВА,
д.м.н., профессор

СВЕТ В ДУШЕ

Вспоминая, те моменты и время, когда нам посчастливилось жить и работать бок о бок с семьей д.и.н., профессора К.М.Аллабергенова: сердце наполняется теплотой. Каждое общение с ним всегда было интересным и познавательным. Человек сам по себе он скромный и немного застенчивый во время беседы, особенно, когда это касалось его стези: журналистики, истории его народа и земли родной – он преображался. Речь его становилась проникновенной, эмоциональной, и поневоле, слушатель переносился в те события, о которых он повествовал. Тот неиссякаемый клад знаний и любви к своему народу изливался на слушателя. Познания его по истории своего народа не ограничивались только академическими знаниями, полученными в стенах КазГУ им. Аль-Фараби – колыбели науки Казахстана. Он как исследователь много ездил по Казахстану, Турции, Китай посетил: и везде он по крупицам собирал материал о национальной культуре нашего народа, истории своего края, малой родины «Баянаул», рода «Айдабол», из которого он происходил.

Весь огромный труд талантливый журналист и историк научно обосновал и издал в виде летописи – энциклопедии «Орта жуз – Аргын Айдабол тарихы», монографий: «Біртуар дара тұлғалар», «Айдабол Сары батыр», «Қазақтың отарлану тарихы», «Тарих және баспасөз», посвященных истории Казахстана. Он автор многих научных трудов: «Қазақ журналистикасының тарихы», «Алаш көсемсөзінің жауһарлары», «Қазақстанның облыстық және аймақтық баспасөзінің тарихы», «Көне басылымдар. Құнды деректер. Алаштың ардақтылары», «Өткенге салауат, ертеңге аманат».

Этот человек был и прекрасным поэтом. Из-под его пера вышли сборники стихотворений: «Баласымын халқымның артқан сенім», «Ғұмыр қысқа, жол ұзақ».

Свои стихи он посвящал и своей подруге жизни: супруге Бахыт. По особому трепетное отношение к своей дочери Алтынай, он также выражал в своих стихах. В быту это был преданный своей семье человек; за ним его семья была как за «каменной стеной». В семье всегда царил атмосфера любви, трепетного отношения к друг другу, уют. Всегда, когда приходили мы к ним в гости он писал, работал в своем кабинете. Стеллажи были заставлены его

трудами, трудами выдающихся писателей классиков Казахской и зарубежной литературы. Беседы и общения были долгими и оставляли после себя «Свет в душе», желание созидать и трудиться каждому на своем поприще во имя и во благо людей.

Наша семья считает благославенными те минуты и время общения и дружбы с Кырыкбай Мазановичем и его семьей. Низкий поклон ему и благодарность за его Сердце, которое стучало только за справедливость и любовь. Эти же качества он прививал своим ученикам, школы его научного направления. Имена многих его учеников уже известны у нас и далеко за рубежом, как грамотных и талантливых журналистов. Вечная светлая память останется в сердце каждом казахстанца об этом ученом, историке, журналисте и патриоте свое страны!

Айтмұханбет Оразбайұлы ЕСДӘУЛЕТОВ,
*доцент кафедры печати и
издательского дела, к.ф.н.
ЕНУ им. Л.Н.Гумилева*

ПРОФЕССОР ИЗ БАЯНАУЛА — РОДИНЫ ВЕЛИКИХ ЛЮДЕЙ

(об академике, профессоре, докторе исторических наук
К.М. Алдабергенове)

Доктор исторических наук, профессор ВАКа; академик академии социальных наук, академик академии истории и общественных наук Кырыкбай Мазанович Алдабергенов внес большой вклад в подготовке будущих журналистов, научных кадров, в развитии не только истории казахской журналистики, но исторической науки. В течение 35 лет, начиная с 1987 года, он проводил занятия и читал курс лекции по истории казахской журналистики, история отечественного и зарубежного издательского дела в ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, а ранее в КазНУ им. аль-Фараби, ПГУ им. С. Торайгырова, работал проректором по научной работе Павлодарского государственного педагогического института. Он был простым, открытым человеком и всегда шел на встречу, если кто-то нуждался в его помощи.

Кырыкбай Мазанович Алдабергенов родился в 1952 году ауле Жосалы Баянаульского района Павлодарской области. Баянаульский район славится красивой природой, курортными местами и как всегда отмечают, это родина нескольких десятков выдающихся людей: советника Абылай-хана Бухаржырау, философа и просветителя Машхур Жусупа Копеева, певца, композитора и акына Жаяу Мусы Байжанова, поэта-демократа Султанмахмута Торайгырова, выдающегося поэта и ученого Жусупбека Аймаутова, геолога, первого президента АН КазССР Каныша Сатпаева, выдающихся ученых и

деятелей литературы и искусства Шафика Шокина, Алькея Маргулана [1] и этот список можно продолжить. Однако в Алма-Ате, в то время столицы Казахской ССР, куда приехал, в 1978 году абитуриент Кырыкбай мало кого интересовал его далекий Баянауыл. Тогда летом он поступает на факультет журналистики КазГУ им. С.М.Кирова, где деканом был известный ученый Темирбек Кожакеев. Его однокурсниками становятся такие студенты из русского и казахского отделений такие как Муратбек Дуйсенбеков, Сейсенхан Махамбетов, Сапа Мекебаев, Игорь Шацких, Александр Тараков и другие. Как и все приезжие, студент из Баянауыла заселяется в ныне известное общежитие №5 в КазГУграде.

После окончания университета Кырыкбай Алдабергенов устраивается редактором республиканской телерадиокомпании «Казахстан», но после четырех лет работы тележурналистом был приглашен на факультет журналистики заведующим кафедрой истории журналистики доктором филологических наук, профессором Файзуллой Уразаевым. Так начинается преподавательскую деятельность ассистента кафедры истории журналистики. На этой работе он показывает себя с очень хорошей стороны, где он знакомится и с С.К.Козыбаевым.

Будучи на кафедре истории журналистики, он увлекается историей. В то время можно было получить степень, не обучаясь в аспирантуре и он под руководством научных руководителей член-корреспондента АН Казахской ССР, доктора исторических наук, профессора М.Х. Асылбекова и доктора филологических наук, профессора Ф.М. Уразаева приступает к написанию кандидатской диссертации на тему «Отечественные записки» о политике царской России в Казахстане (1818-1884 гг.)» [2].

Диссертация была обсуждена на расширенном заседании кафедры истории журналистики КазГУ имени С.М.Кирова с участием представителей исторического факультета университета. Защита состоялась в феврале 1992 года в Институте истории и этнологии имени Ч.Ч.Валиханова, где выступили научные руководители доктор исторических наук, профессор М.Х. Асылбеков и доктор филологических наук, профессор Ф.М. Уразаев, также оппоненты доктор исторических наук, профессор, заслуженный работник народного образования республики Ж.К.Касыбаев и кандидат исторических наук Ш. Валиханов. Защита диссертации на соискание кандидата исторических наук по специальности 07.00.02 - отечественная история прошла успешно и, он получил степень кандидата исторических наук.

Кырыкбай Алдабергенов не останавливается на достигнутом, он со временем начинает работу над докторской диссертацией на тему: «Направления и действенность российской колонизационной политики в Казахстане (1860-1918 гг) (по материалам периодической печати) под руководством известного академика М.К.Козыбаева и успешно защищает. Изучение периодической печати XIX — начала XX веков как официальной российской, так и первых газет и журналов на казахском языке явилось новым

направлением в казахстанской историографии и источниковедении применительно к исторической проблематике того периода [3]. Материалы кандидатской и докторской диссертации были использованы при чтении лекций по таким дисциплинам как «История казахской журналистики», «История казахской печати», «Казахская тематика на страницах российской периодической печати» и других на факультетах и отделениях журналистики.

Работу на кафедре истории журналистики КазГУ им. С.М.Кирова ныне КазНУ им. Аль-Фараби Кырыкбай Алдабергенов начинает в 1987 году ассистентом, затем становится старшим преподавателем и в 2002 году доцентом. В том году он с семьей переезжает на родину в Павлодар. Его пригласили в ПГУ им. С. Торайгырова заведующим кафедрой истории, археологии и этнологии. В его биографии 2004 год ознаменован карьерным ростом, он занимает должность проректора по научной работе Павлодарского государственного педагогического института. В 2006 он снова возвращается в Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова, где около десяти лет, до 2016 года заведует кафедрой журналистики.

Следующий период его жизни начинается, когда он с семьей переехал в Астану и работает профессором кафедры печати и издательского дела факультета журналистики и политологии Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилева. В этот период он возглавляет научное издание, является главным редактором журнала «Журналист. Редактор. Баспагер», который к настоящему времени закрыт. Если бы мы знали, что он проживал последние годы своей жизни. Можно выделить проблемы, которые его волновали – это переименование областного центра Павлодар и плагиат. Был период, когда он на кафедре каждый раз с негодованием, открыто возмущаясь, показывал книгу, размахивал им, где были страницы с выделенными текстами. Автора издания (не помню, что это была монография или учебное пособие) с этической стороны не могу назвать. Кырыкбай Мазанович, проведя тщательный анализ текста этого печатного издания, пришел к выводу, что основная часть рассматриваемого материала практически являются копией текстов из других источников, оказалось заимствованной, плагиатом.

Научные интересы Кырыкбай Мазановича Алдабергенова – это исследования в области истории казахской и русской журналистики, отечественной истории, в том числе публицистики Алашорды. Он участник зарубежных, республиканских симпозиумов, конференций, семинаров историков, журналистов, систематически выступал рецензентом и официальным оппонентом на защитах докторских и кандидатских диссертаций. Много сделал он в подготовке молодых специалистов, был членом Ученого совета по защите диссертаций, руководителем и консультантом соискателей по защите диссертации. В течение 34 лет читал курс лекций, руководил магистерскими и дипломными работами по истории отечественной журналистики.

За все годы творческой работы им написаны и вышли в свет монографии, учебники и учебные пособия, документальные и библиографические сборники, сопровождаемые аналитическими статьями и историческими комментариями такие как «Қазақ журналистикасының тарихы», «Қазақтың отарлану тарихы», «Көне басылымдар. Құнды деректер. Алаштың ардақтылары» и др. За вклад в науку К. Алдабергенов награжден «Почетной грамотой» МОН РК, нагрудными знаками «За заслуги в развитии науки РК», медалью им. Шакарима и как журналист знаком «Қазақстанның құрметті журналисі». Он обладатель государственного гранта «Лучший преподаватель высшей школы».

После возвращения в родные края рамки его исследования расширилась, добавилась региональная тематика, он стал автором сборников и пособий «Бір туар дара тұлғалары», «Айдабол Сары батыр», «Баласымын халқымның артқан сенім», «Орта жүз: Арғын-Айдабол тарихы. Жылнама», посвященные родному краю. Недаром, когда Кырыкбай Мазановичу исполнилось 60-лет в Павлодаре широко отметили его юбилей. Заведующему кафедрой журналистики Павлодарского госуниверситета тогда аким области Ерлан Арын. вручил знак «За заслуги перед Павлодарской областью». Поздравляя юбиляра, глава региона отметил, что ученый внес значительный вклад в сохранение и поддержку духовного наследия казахского народа, аким высоко оценил его вклад в краеведение и развитие региональной журналистики. В этот знаменательный для него день с юбилеем наставника поздравили выпускники и студенты кафедры журналистики ПГУ, коллеги, павлодарская общественность и все было заслуженно.

Следует отметить Кырыкбай Мазановича Алдабергенова как исследователя отечественной истории досоветского периода, истории казахской журналистики и замечательном наставнике и преподавателе. Его видео лекции по актуальным проблемам истории отечественной журналистики остаются популярными. Научные исследования ученого характеризует творческий подход к изучаемым проблемам и всегда соответствуют духу времени, что позволяет нам глубже понять, осмыслить процессы, происходившие не только в рассматриваемый период, но и в более позднее время. Они основанные на глубоком анализе источников, вносят свой вклад в рассмотрении проблем истории страны досоветского периода и истории казахстанской журналистики.

Использованные литературы:

1. Баянаул — Родина великих людей // <https://ru.bayanaulcbs.kz/slidy1/>
2. Алдабергенов К.М. Журнал «Отечественные записки» о политике царской России в Казахстане (1818-1884 гг.). -Алма-Ата, 1992. – 150 с.)
3. Алдабергенов К.М. Ресейды Қазақстандағы отарлау саясатының бағыттары мен нәтижелері (1860-1918 жж). (Мерзімді баспасөз материалдары бойынша): Автореф.... дис. д-ра истор. наук. Алматы, 2000). (Алдабергенов К.М. «Направления и действенность российской

колониционной политики в Казахстане (1860-1918 гг) (по материалам периодической печати): Автореферат диссертации доктора исторических наук. Алматы, 2000).

Асима Калимовна ИШАНОВА,
доктор филологических наук, профессор
ЕНУ имени Л.Н. Гумилева

МНОГОГРАННОСТЬ ПОЭТИЧЕСКОЙ ЛИЧНОСТИ

Крыкбай Мазанович Аллаберген — автор многих книг, учебных пособий, монографий. В 2019 году он выпустил очень интересную работу, в определенной мере ставшей итогом его глубоких размышлений о судьбе творческой личности, о современной науке, казахской истории и о собственном научном и творческом пути.

Структурно книга выстроена по принципу автобиографического осмысления собственного творческого и жизненного пути. Лаконично определяя отрезки жизненного пути, автор намечает важные жизненные ориентиры человеческой экзистенции — это родной аул, родная земля, географические центры — Астана, Кокчетау, Баянаул и другие. Но внимание читателя обязательно задержится на главах, где высвечиваются связующие узды нарратива — мать, земля, жизненные циклы, значение слова произнесенного и умолчание его, аргыны и другие. Так свободно и ассоциативно во внутренней взаимосвязи развиваются очень глубокие размышления автора о ценностях жизни современного человека пишущего, думающего, современного ученого-казаха, гуманитария.

Книга «Жизнь коротка, путь долог» структурно делится на пять частей, каждая из которых требует особо внимательного и вдумчивого чтения. Мы решили выделить обзорно самые важные на первый взгляд, фрагменты. Самое удивительное, что вся книга — это поэтические размышления, посвящения друзьям, послания, обращения, воззвания к ним. Еще раз убеждаешься, что прав был отец Джамбула, сказавший, что каждый второй в роду — акын и бахсы. Но если подростка Джамбула отец увещевая хотел остановить от выбора пути акына, то в данном случае мы убеждаемся, что не иссяк народный акынский дар в сердце и душе Крыкбая Мазановича и с этой точки зрения — он истинный сын своего народа, где каждый второй в прежние времена мог слагать поэтические строки.

Второй раздел книги «Тал бесиктен жер бесикке дейн» начинается с великолепного «Адам жумбак», где рефреном проходят строки:

Өмір жұмбақ, одан соң адам жұмбақ
Ақын оны өтеді мәңгі жырлап.
Екі адамның біреуі Абай емес,

Адам бол деп халқына өткен зарлап» (с.66)

Значительная часть книги – посвящения друзьям, соратникам, особого внимания заслуживают письма и послания Г. Бельгеру, Зеину Шашкину, Олжасу Сулейменову, Шакену Айманову, Алжею Маргулану, Жаяу Мусе Байжанову, Музафару Алимбаеву и многим другим выдающимся деятелям казахской культуры и искусства. Третья часть книги называется «Ата-баба ардағым!».

Книга стихов оригинальна с точки зрения жанра. Это достаточно глубокий взгляд на современную реальность в ее соотношении с историей, будущим нации и государства. Иногда в интонациях автора проскальзывает ирония, подчас незлобивая критика. К примеру, в «Современных старцах» зачин многое четко обозначает «Современные старцы не знают семь поколений своих предков...» и этим многое сказано. Во многих стихах-раздумьях уже в заголовках есть меткие образные определения времени, эпохи: «Заман ақыр, тап-тақыр» (с.53)

Крыкбай Мазанович касается многих проблем современной реальности, здесь и политика, и прозаседавшиеся депутаты («Мәжіліс», с.41).

Особое место в книге принадлежит четвертому разделу, в котором поэтично изображаются красоты Баянаула, казалось бы, столько строк, поэм посвящено этому живописному краю, но К. Аллаберген находит очень яркие, лиричные образы и сравнения, позволяющие ему создать свой удивительный поэтический образ этого чудесного места.

Четвертый и пятый разделы посвящены сакральной памяти истории рода, предкам. Каждый из разделов требует внимательного анализа, в целом автору удалось охватить сложные темы человеческого бытия, используя разнообразные поэтические жанры, он как бы заново проживает важные повороты своей жизни, воссоздает портреты дорогих ему людей, старается воссоединить связь времен, поколений, как бы подводя предварительные итоги прожитого и пережитого.

Удивительным образом в книге, оригинальной по жанру, исповедальной по доминирующему и все объединяющему мотиву, удалось в сложной поэтической форме охватить многие остросовременные проблемы нашей непростой эпохи, при этом в сложной поэтической форме, что еще больше подчеркивает национальную поэтичность и одаренность природы автора.

Серік ЕЛІКБАЙ,
*жазушы, С.Торайғыров атындағы
Павлодар университетінің доценті, ф.ғ.к.*

АРҒЫННЫҢ АЙТЫП АСЫЛЫН

Шар асыл көп біліне бермейді. Алыстан атой салып аттандамайды. Үнсіз көрінеді. Шыңсыз сіңеді. «Мен қырып жүрмін» деп қылқына сөйлеп, жұлқына ортаға шықпайды. «Арсыз болмай, атақ жоқ» деп адыра іс, маңыра мұң жанында болмайды. Алғаны таудай, шапқаны баудай екені де замандастарына оңай танылмайды.

«Мықтыны замандастары да білмейді», – дейді Ф. Ницше. Аламан бәйге, құлашты шабыста бәрі үмітті еді. Үкілеп әкелгендерін сүпілеген топ Құлагерді байқаған емес. Күреңбай көз көргенше көп аттың бірі болатын...

Сол тектес Керекудегі көп күркірдің ішінде басқа, шанағы сазды шоқы ағам – Қырықбай Мазанұлы Алдаберген (Аллаберген). Қиялға қанат байламай, дерекке бет қойсақ.

Аллаберген Қырықбай Мазанұлы 1952 жылдың 18 шілдесінде Павлодар облысына қарасты Баянауыл ауданының Жосалы кеңшарында туған. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті журналистика кафедрасының меңгерушісі. Тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Өлеуметтік ғылымдар академиясының толық мүшесі (академигі). Көп жылдар Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытушы, доцент, профессор қызметін атқарған тәжірибелі ғалым.

2002 жылдан бері Павлодар облысының, қала берді, республика БАҚ-тарына журналист мамандарын даярлауда айрықша еңбек етіп келеді.

Қ. Аллаберген журналистика, тарих, әдебиет салалары бойынша 200-ден аса ғылыми еңбек жазып қана қоймай, ғылыми жобалар мен ғылыми экспедицияларға да басшылық етті.

Түркия, Монғолия, Ресей ғалымдарымен тығыз байланыста болды. Оның жетекшілігімен, ресми оппоненттілігімен 10-нан астам ғылым кандидаттары мен докторлары диссертациялар қорғаған. Семей, Өскемен, Алматыдағы кандидаттық, докторлық қорғау жөніндегі Ғылыми Кеңестердің мүшесі болған. Студенттер мен магистранттардың ғылыми жұмыстарына басшылық етті, студенттерге жоғары дәрежеде дәрістер оқыды.

Ғалымның ЖОО-ның студенттері үшін жазылып, республикамыздың «Рауан», «Білім», «Ғылым», «Санат» сияқты белгілі баспаларынан 1000-2000 тиражбен шыққан «Қазақ журналистикасының тарихы», «Алаш көсемсөзінің жауһарлары». «Тарих және баспасөз», «Айдабол Сары батыр», «Қазақтың отарлану тарихы» және т.б. оқулықтары мен монографиялары, тарихи, әдеби, көркем шығармалары бар.

Қ. Аллаберген бірнеше рет ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамоталарымен», 2002 жылы «ҚР-ның ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі

үшін» белгісімен, 2010 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантымен, 2010-2011 жылдары «Шәкәрім» және «С. Торайғыров» алтын медальдарымен, 2012 жылы «Облыс алдында сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

«Қырықбайдың бұл еңбектерінің басқалардан ерекшелігі шыншылдағы мен деректілігінде деп білемін. Кейбір авторлар сияқты тарихи оқиғаларды өз ыңғайына қарай бұрмалап немесе тарихи тұлғаларды асыра мадақтап, не шегіне жеткізе кемсітіп, ала қойды бөле қырку жоқ. Барды бар, жоқты жоқ деп кесіп айтады. Жай айта салмайды, әрбір сөзін салмақтап, мұрағат деректері арқылы дәлелдеп айтады», – дейді э.ғ.д, академик Талғатбек Әбдіразақов.

Қолымызға ұстап отырған салмағы ауыр, ал рухани бағасы батпан, жүгі нар ала алмас кітап «Мен – ақпын» дегенді мысымен басып жүдетіп жібереді. Кеуде соқпа, бос дене бара бермес дүние кітап аты – «Орта жүз: Арғын - Айдабол тарихы».

Ғалым Көмеков осы тақауда Қазақ хандығы құрылғанға дейін Қыпшақ дәуірі болды дегенді айтады. Шетін пікір. Ерекше тұжырым. Бұл арада баса айтар дүние, қазақ қоғамы рулық, тайпалық құрылымға негізделген. Ғалым А. Вамбери, В. Тойнбилердің айтары да - осы. Сол кездегі хандықтар мүдделестер тобы дегенді айтады. С. Сейфуллиннің «Хандар, билер әдебиеті» жанамалап осы пікірді өткізеді. Ф. Дрезер мүддесі бөлектер бірігіп, мемлекет құрмайды деген-ді. Қазақ хандағы алғаш құрылғанда Дотан жыраудың ұлының өлімімен басталады. Дотан жырау - Бұқар - Үмбетей - Қазыбек би бастаған Арғынның билік иерархиясы Ж. Тәшеновке дейін жалғасты. Хош, бұл – басқа гәп.

Кітап басы «Қазақстан, Ресей және Өзбекстан аймақтарына жасалған ғылыми-зерттеу экспедициясының жазбалары» атты тақырыппен басталады. Бірінші ерекшелік, жазбагер ақырын тартып, бойлап, байлап жан ала береді. Тілі тұтқыр емес, кеудеге кедергі болар ештеңе жоқ.

Қазақтың жасындай жауһарымен көрінер Жасыбай көлін қаламгер-тарихшы арыдан тартар Тәңірі тектес бояумен көрсетеді. Бұл еңбекті әлемдегі бар сапарнамалармен салыстыруға болады. Бірақ әр жолдар қазақ тарихынан сыр шертеді. Өткен күнін өксіп те, көсіліп те айтады. Сырт ағайын біле бермес Сопақ әулие, Сағымбек дуаналар, 30 мың жылқылы Ертісбай Ақшоқыұлы, Біржан Нұржанұлы, Тайжан мен Сейтен, Алашорда қайраткері Мұқыш Жұпарұлы Боштаев, т.б. жандар сүйкей салды емес, сүйген қалам тілімен жазылған.

Балалық бауы Баян бауырында өткен үлкен ғалым, толымды таным тұтқасы өскен ортасын енді мүлдем басқа көзбен тұтады. «Алабас көтерілісіндегі» қырық төрт адамның, қырық төрт боздақтың атын ұлт дегендерді дірілсіз оқу мүмкін емес. Кесек кітаптың керегелі жері де осы ма екен деп түйдік.

Қазақтың қасіретін бауырына көмген Алабас Баянның Ватерлоосы, «Егілу қабырғасы» деп ұқтық. Француз Муньянше «суық цифрлар астында ыстық жандар барын» ойладық.

Баяннан әрі шыққан тарихшы-жазушы әйгілі Керей Сағынай асындағы Айтбақының Күреңі, Шорманның Бурылын айтқан тұстар шын ғалымның жіті педанттығын, ыждаһаттылығын танытады, «Үлкен істе кіші дүние жоқ» (Наполеон).

Ғалым-жазушы өзге жандар секілді алға шығып, бұра шаппайды. «Жазушы» деген қатты қағазы бар, тәтті сөзі жоқтан алшақ. Айтушының сөзін кейінгі постмодерн зерттеушісі Барт уәждемесіндей ойландыра ұсынады. Омбы қағазы Файзолла ақсақал: «Қазақ халқы сексеуіл сияқты. Сексеуілді сексуілге ұрып сындырады емес пе? Біз де сондаймыз. Бір-біріміздің түбімізге жеткенше қоймаймыз», - деген сөзі қазақ халқының қаншама жан ауруын ашады(79-бет). Бұған қоса сапарнама жазушы Омбыдағы қазақтың халін бояусыз, барымен көрсетеді. Қытайдағы, Монғолиядағы, Қарақалпақстандағы бар қазақтың мәселесін айтып жүрсек-тағы Ресейдегі Омбы губерниясындағы 82 мың қазақ жайын тебіренбей суық көңіл, салқын сөзіммен оқу мүмкін емес. Авторда Арғынға тарту, тар аяда қалу жоқ.

Баласы Орта жүздің Керей-Уақ мекендеп Сібірде олар тұрған ұзақ. Құт қонып, қыдыр дарып ерте кезден Тоғайың Омбы өзенің жұртым қыстап. Бес жүз жыл мекен еткен Керей-Уақ қорғаған жаудан халқын қару ұстап, - деген Қожаберген жырау сөзінде де оралымға алып, ой елегіне ұсынады. Үлкен ғалым, кең жүректің, бұра тартпас тарихшы, шын білгіштің белгісі танылады. Қазақстанның бар түпкірі, Ресей, Өзбекстан, Түркия, Монғолияны аралаған ғалым тек Айдабол емес, оның әкесі Құлболды емес, Жанқозы, Малқозы, Қарқозы, Аққозы, Бозқозы, Қошетер, Қожакелді, Тайкелтір тектес балаларының жүрген жер, барған я бармақ тұстарын тауыса қараған. Ташкент түбіндегі Арғын ауылы туралы оқи отырып, 675 отбасының 500-і - қазақ, 100-ге жуық - Ұлы жүз, 350 - Орта жүз, 50 Кіші жүздікті екендігі таза ғалымдық ыждаһаттылықпен жазылғанына қол қоясың.

«Осыған орай, бұл кітап – аймақтың ғана емес, жалпы Қазақстан тарихына қосылған қомақты үлес деп білемін», – деген т.ғ.д., академик Болат Көмеков.

«Қазақтың түбі, атауы, ру мен жүзге бөлінуі және Мейрам сопы Сүйіндік руының таралу тарихы» атты тарау бейне бір дәл Елбасы бастауымен қолға алынған 550 жылдық мерейтойға арнайы жазылғандай. Ғұлама ғалым жүректің қоғам тілегін сұңғылалықпен танып білгеніндей. Арғы жағын өзге ұлтқа тірер, діншіл жолдан ғалым бірден бас тартып, канондық, классикалық үлгідегі тарихқа бой ұрады. Өз кезінің бертіннің де ірі білгірі С. Сейфуллиннің «Бұл аз ғана ноғайлар, арғын, керей, қыпшақтың біразы, апшынның біразы жалайыр руы еді. Бұлар Жәнібекті хан сайлап, өздері енді «қазақ» атанған. Қазақ хандығының алғашқы қоры, ұйытқысы осылар болған», – сөзін дәйектеме жасап, осыны тосып, арғы алып сөзге беттейді. Қазақ ұлты топонимға емес, антропондық екенін баса айтып татарлар, Кавказдағы, түріктендегі, өзбектегі, қарақалпақтағы Арғын, Керей, Алшын, Найман, Үйсін, Қонырат, т.б. рулардың кездесетінін айтады. Әйел адам, анасы атын

алғандарға да жеке тоқталады. Демек қазақ тарихы матриархалдық содан кейін патриархалдық деп сызылған тізбеге сыймасын көрсетеді.

Автор қазақтың кең даласының иесіз емес екендігін айтады. Әр жүздік аталық, ауылдық бөліністерін моншақтай тізіп айтады.

Ғалымның ұсынған «Ақбеттау болысы ауылдарының статистикалық мәліметтері» – тарихшы немесе тарихи тақырыптар қызықтырар жандар үшін табылмас дүние. Атауы, ауыл мәліметі, ара қашықтығы, су көздері деп бөлінген нақты аттар өткен күндердің шоғындай қызықтырады. Сұнқарқия, Қандықарасу, Тасқұй, Ақөлең секілді топоном атаулар ақын халықтың сынғырлы сөзінен хабар береді.

Санкт-Петербурглық Ю.Г. Поповтың жазғандары да әлі құнын жоймаған дүниелер М. Шормановтың 1907 жылы Қазан қаласынан шыққан «Аңшы» кітабы жайлы айтылған тұстар біз әлі өзімізді сырт танытарымызды көрсетеді. Бұған қоса, Баянауылдық авторлардың сол кездерде жарық көрген мақалаларың ыждаһаттылықпен айтады. Әсіресе Әміре Айтбақин, Дұрман Айтбақин жайлы жазылған тұстар аталарды еске алып, жан жылытады. Алабас соғысы, Ф. А. Фиельструп сапарнамасы да – өте құнды, керек дүние.

Өкінішке қарай, Ф. А. Фиельструп еңбектері кең айналымда жоқ. Бұл да – ғалымның жеке табысы. Жаяу Мұса, Мақат қажы, Мұхаметқали Төлеубаев, Демесін Мейірманов, Шәкәрім, оның үш ұлы туралы мәліметтер – келешекте ескереріміз.

Баянауыл өңіріне мұсылман дінін таратқан жандар жайлы тұстар да қызықтыра тартады. 1907 жылғы Мемлекеттік Думаға ұсынылған үміткерлер, қызмет жасаған би-болыстар тізімінің құндылығы қымбат. Он алты бөлімнен тұратын 1183-беттік А-4 парағынан құралған аса құнды еңбек елге бет алды.

Баянауыл – қызықтырар немесе азды-көпті осы тақырыптарға қатысы бар жандарға ғана емес, бүкіл саналы оқырман үшін табылмас қазына.

Раушан ИМАНЖҮСІП,
*доктор философских наук,
профессор кафедры философии факультета
социальных наук ЕНУ имени Л.Гумилева*

СЛОВО О ДРУГЕ

С Крыкбаем Мазановичем Алдабергеновым, его семьей, близкими, родными меня связывали давние дружеские отношения. Он известен своими трудами и научными изысканиями в различных областях исторического знания, исторической науки. Он заложил основы отечественной историографии и журналистики, краеведения и публицистики. Его работы привлекают свежестью и оригинальностью суждений, неожиданностью гипотез и выводов научных исследований. У него есть своя, экспрессивная и увлекающая манера изложения, которая чрезвычайно импонирует его читательской аудитории.

Стоит отметить его деловые, организаторские качества – последовательность в научных поисках, почти фанатичное служение своему делу, упорство в достижении целей, удивительная скромность, мягкость натуры и вместе с тем принципиальность, прямолинейность и глубокое чувство справедливости.

Я бы назвала еще одну черту характера Крыкбая Мазановича – одержимость. В моей памяти образ моего друга всегда, с первых лет нашего знакомства, ассоциировался с героем фильма «Коммунист». Исполнитель – Евгений Урбанский, блестящий актер, кумир нашей молодости. В фильме есть эпизод, где герой Урбанского просит машинистов пойти в лес, чтобы нарубить дров для топки паровоза. Машинисты отказываются, и тогда герой весь день рубит дрова в одиночку. Паровоз движется дальше. Когда он погиб, на траурный митинг пришел один из машинистов и сказал: «Я не знал его, не был с ним знаком, но я видел, как он один валил лес. И больше мне не надо ничего знать об этом человеке. Такая вера у него была, такая сила духа...Он был настоящий коммунист».

Так вот, по аналогии с этим эпизодом, я бы тоже могла сегодня сказать: «Я не работала с Крыкбаем Мазановичем, мы не так уж часто встречались, хотя работали в одном учебном корпусе, но каждый раз при очередной встрече он говорил о своих новых работах, о достижениях кафедры, об интересных, талантливых своих учениках. Потом он переключался на свою семью, с упоением рассказывал о талантливой своей дочери Алтынай, о книге ее стихов, которые он мог читать наизусть, о своей супруге Бахыт, моей подруге, беспокоясь о ее здоровье. Вот так мы стояли с ним во дворе учебного корпуса, и я видела человека большой душевной силы, сердечной простоты и чистоты устремлений.

Однажды они приехали в отпуск с семьей в Кокшетау. Мы выехали на природу, и вдруг на нашем пути встретилось село с необычным названием Айдабол. Все наши планы остались в забвении, потому что наш друг заехал в село, обошел всех старожилов, с каждым из них говорил подолгу, выясняя тайну названия. Оказалось, что Айдабола, его выдающегося в прошлом предка, приглашали в это село решить какую-то сложную тяжбу, длившуюся годами. Айдабол принял решение, которое удовлетворило всех, и в благодарность жители подарили бию землю аула.

Так появился аул Айдабола, а сам он вернулся к себе домой, и никогда уже не возвращался в эти края. Прощаясь с нами, старики шутили: «Раз уж ты потомок Айдабола, не хочешь ли ты взыскать с нас пеню за пользование землей бия?»

Ответом ученого-историка была появившаяся в областной газете огромная статья об Акмолинском крае. Были забыты на время отпускные мероприятия, встречи, прогулки. Крыкбай, обложившись книгами, бумагами, целыми днями писал статью, ну точь в точь как его знаменитый предок, оставляя о себе добрую память кокшетауцам, а я вспоминала, глядя на него, героя Урбанского, для которого важнее всего было служение людям. Именно служение людям, родной земле было главным в жизни Крыкбая Мазановича, и это знали и чувствовали, понимали все, кто был с ним рядом, кто шел с ним по жизни.. Ему часто было нелегко, бывали дни, когда он оставался в одиночестве, да и по жизни ему не всегда было легко, но он никогда не сдавался, не уступал, не изменял своим принципам.

Так продолжалась жизнь ученого, наполненная новыми интересными планами, перспективными проектами, талантливыми учениками и последователями, изданиями, которые были так необходимы научной среде. Но произошло непредвиденное – короновирус, внезапная смерть. Его кончина стала трагедией не только для его жены Бахыт, ненаглядной, обожаемой дочери Алтынай, она стала трагедией целого рода, его родного аула, для кафедры, для всего научного сообщества историков, журналистов, литературного мира.

Мы были с ним ровесниками. Ему тоже в этом году исполнилось бы семьдесят. Юбилей...

Историк Ключевский на вопрос, зачем нужны юбилеи, отвечал:» Чтобы внести порядок в анархию человеческих отношений». Мне представляется, что эта глубокая философская мысль должна стать концептуальной идеей для всех юбилейных мероприятий.

Юбилеи не для выполнения формального долга, не как обязанность, а высокий ритуал очищения от обид и недомолвок, от искажения фактов, фальши и замалчивания, разногласий и обид. Быть услышанным и понятым, принять и признать – в этом великая миссия нынешнего мероприятия. Мы, наверное, многое не успели сказать ему, не успели, не захотели, может быть. И сегодня такой шанс есть.

Когда-то первый казахский философ кочевников Асан Кайгы, определяя шкалу нравственных ценностей, сказал:» Что в жизни считать несчастьем?

Доброе слово, которое мы не успели сказать – несчастье.

Так давайте поторопимся сказать сегодня добрые слова нашему другу, не будем скупиться на похвалы и сердечные признания. Право же, он этого стоил...

Гүлмира ӘШІРБЕКОВА,
*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің доценті, ф.ғ.к.*

ҒҰМЫР ҚЫСҚА, ЖОЛ ҰЗАҚ

1992 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің журналистика факультетіне 50-ге жуық студент оқуға түстік. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы түрлі өзгерістер мен жаңалықтар біздің көз алдымызда өтіп жатты. Солардың бірі – білім беру жүйесіндегі үш деңгейлі оқыту. Біздің курс журналистиканың бірнеше бағыты бойынша қабылданды. Мерзімді баспасөз, телерадио, халықаралық журналистика, баспа ісі салаларында бірнеше оқу тобы жасақталып, алғашқы эксперименталды курс ретінде оқытудың жаңа форматына көштік. Бакалавриатта оқу мерзімі қысқартылғанымен, жалпы мазмұн көп өзгере қоймаған кез.

Журналистика факультетінің сол кездегі декандары Ю.А.Крикунов, Н.Омашев, Б.Жақып студенттердің жағдайын жасау үшін тынбай еңбек етті. Факультеттің ғылыми әлеуеті жоғары болатын. Ұстаздарымыз Т.Қожакеев, Р.Алтынбекова сатираға, М.Барманқұлов телевизияға, А.Мархабаев фантастикаға, Н.Омашев, К.Қабылғазина радиожурналистикаға, С.Қозыбаев, Қ.Алдаберген баспасөз тарихына, К.Қамзин, Б.Жақып, А.Шәріп, Б.Омарұлы публицистиканың тарихы мен тәжірибесіне, жанрлар жүйесіне, Д.Баялиева баспасөздің тілі мен стиліне қатысты ғылыми еңбектер, оқу құралдарын, оқулықтар жазды. Айта кетуіміз керек, аталған еңбектер әлі күнге журналистика мамандарын дайындайтын оқу орындарында пайдаланылып келеді. Өкініштісі, аты аталған ұстаздардың бірқатары дүниеден озып кетті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарына дейін журналистика тарихын зерттеу өзекті мәселелердің бірі болған. Өйткені солақай саясат алғашқы газеттер мен Алаш қайраткерлері шығарған басылымдарды қарастыруға мүмкіндік бермеген. Қолымызда бары профессор Қ.Бекхожиннің, Б.Кенжебаев пен Т.Қожакеевтің баспасөз тарихына қатысты оқу құралдары. Тек тоқсаныншы жылдардың басында ғана мұрағатта шаң басқан газет-журналдарды парақтап,

баспасөз тарихын жинақтаған ұстаз Қырықбай Мазанұлының еңбектері арқылы біз көптеген ақпаратқа қанықтық. Ұстаздың алғашқы оқырманы да біз болдық.

Ұстаздың «Қазақ журналистикасының тарихы» пәніне қаншама тың деректермен келетінін әр сабақ сайын байқайтынбыз. 1993 жылы сол жинақтаған мәліметтердің негізінде «Отарлау саясатының ойрандары» монографиясын жарыққа шығарды. Қырықбай ағай дәріс барысында мұрағаттан жинақтаған ақпаратты айтып тауыса алмайтын. Сондай қажырлы еңбектің арқасында жазылған «Қазақ журналистикасының тарихы» оқулығы 1996 жылы «Рауан» баспасынан жарық көрді. Әсіресе 1994 жылы жарық көрген «Алты алаштың ардақтылары» кітабы ерекше мазмұнды шықты. Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Мәшһүр Жүсіп Көбеев, Әлихан Бөкейханов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Т.Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов сынды ұлт зиялыларының баспасөз беттеріндегі мақалалары талдады.

Отандық журналистика тарихын зерттеуде Қырықбай Алдабергеннің ең басты ерекшелігі – ел басына күн туған кезеңде жарық көрген басылымдардың шығу тарихына, қайраткерлердің сол кездегі саяси көзқарасына ұлттық мүдде тұрғысынан баға беру. Баспасөз тарихын сараптаудағы екінші ерекшелігі – Алаш басылымдарының бағыт-бағдары мен мазмұнын айқындап көрсету. Үшінші, ғалым зерттеулері қазақ баспасөз тарихының қалыптасу, даму кезеңдерінен бастап, әлем журналистикасының жалпы сипатын, шетел журналистикасындағы озық тәжірибелерді көрсетуді мақсат еткен.

Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында ғалым Қырықбай Мазанұлының зерттеу еңбектері бірінен соң бірі жарыққа шықты. Журналистика мамандығы бойынша білім алушылар сол кездері ұстаздың кітаптарын кітапханадан іздеп таппай қалушы еді. Қолдан қолға түспейтін. Өйткені жоғары оқу орнында журналистика тарихына, теориясы мен тәжірибесіне жаңа көзқарас қалыптастырудың, оны оқытудың маңызы зор болатын.

2001 жылы ҚР ҰҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты жанындағы диссертациялық кеңесте «Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясатының бағыттары мен нәтижелері» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғағанын естідік. Ұстаздың ұзақ жылдар бойы тірнектеп жинаған деректері мен тынымсыз ізденісінің нәтижесіне жеткеніне қатты қуандық. Одан кейінгі жылдары Қырықбай Мазанұлы өзінің туған жері Баянауыл өлкесіне қызмет етуге кетті. Сол жақтағы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті тарих, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі, 2004-2006 жылдары Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры, 2006-2016 жылдары С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде журналистика кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған. Туған жердегі қызмет еткен жылдарында ғалым-ұстаз тұлғатанумен айналысқан. Оған дәлел, осы жылдары жарық көрген «Біртуар дара тұлғалар»,

«Айдабол Сары батыр», «Баласымын артқан сенім», «Алаш көсемсөзінің жауһарлары» атты еңбектерін атап өткеніміз абзал.

2016 жылдан бастап Қырықбай Мазанұлының еңбек жолы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде жалғасты. Ғалымның зерттеулері Елордада жаңа тыныспен жалғасып, ауқымын арттыра түсті. Оның «Көне басылымдар. Құнды деректер. Алаштың ардақтылары», «Қазақстанның облыстық және аймақтық баспасөзінің тарихы», оқу құралдары, «Өткенге салауат, ертеңге аманат» мақалалар жинағы, «Ғұмыр қысқа, жол ұзақ» атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Қырықбай Мазанұлының ғылыми, ақындық, публицистік мұрасы алдағы уақытта зерттеуді қажет етеді.

Қырықбай Мазанұлымен араға жылдар салып, бір кафедрада кездестік. Ұстазым сол баяғы қалпы, өзіне жарасымды жымыспен амандасты. Сәттілік тіледі. Студент кезімде көрген ұстаз қалың теріден тігілген сөмкесін ұстап, дәрісханаға асығып барады.

Әрбір оқытушының оқыту әдістемесі мен педагогтік шеберлігі болады. Сондай ерекшеліктерімен есте қалған Қырықбай Мазанұлы тәртіп пен адалдықты жақсы көретін. Ұстаздың қатаң талабын жақсы түсінетін шәкірттер сабақтан кешікпейтін, қалмайтын. Үзілісте дәрісхананың алдында қаумалап Қырықбай ағайды күтіп тұратын еді. Бакалаврда оқитын студенттер ғана емес, докторанттар ұстаздың сабағын жібермей қатысатын. Бір айта кететіні, Қырықбай Мазанұлының қаталдығы «шәйі орамал кепкенше» ғана болатын. Семестр соңында ұстаз бен шәкірт қимай қоштасып, бір-біріне алғыс айтып отырушы еді.

Қырықбай ағайдың өз ісіне берілгендігі сонша, жаңадан берілген пәнді студенттермен жарыса игеруге тырысатын. Студенттердің кәсіби шеберлігін арттыру, шығармашылық қабілетін дамытуға барынша көңіл бөліп, танымал журналистерді шақырып кездесу ұйымдастыратын. Республикалық пәндік олимпиадаға апарып, бас жүлде алып қайтқаны да кешегідей есімізде. Ғылымға бейімі бар магистранттар мен студенттердің, докторанттардың мақалаларын жинастырып, әрқайсысын талдап, түзетіп бірнеше жинақ етіп шығарды. Ғылыми мақаласы жинаққа енген студенттердің көпшілігі қазір магистратура мен докторантурада білім алып жүр. Ұстаздың қамқорлығын көріп, қанатының астында болғандары оның адалдығын ерекше бағалайды.

Пандемия басталып, карантин талаптары күшейген сәтке дейін Қырықбай Мазанұлы ғылыми жоба дайындаумен болды. Күнделікті тынымсыз тірлігімен аяңдап жүріп, ойламаған жерден ортамыздан кетіп қалды. Адамзатты дәрменсіз күйге түсірген коронавирус пандемиясының басталғанына жылдан асып барады. Қырықбай ағайдың мәңгілік мекенге көшкеніне де бір жыл. Ғалым, ұстаз Қырықбай Мазанұлы Алдабергенов туралы естелік жазу көптен ойда жүр еді. Қолыма «Ғұмыр қысқа, жол ұзақ» өлеңдер жинағын алып, бірнеше рет оқып шықтым. Осы кітапты көргенде Қайрат Өмірбайұлы «ұстазымыз өз ғұмырын қысқа қайырып кетіпті-ау» деп күрсінді. Шынында кейде ой мен сөздің шындыққа айналатынын естен шығарып аламыз. Ғұмыр қысқа болғанмен, жолыңыз ұзақ болғай. Ғалымның рухани өмірін

жалғастырар қалың орман шәкірті бар. Соңында сүйікті жары мен ардақты қызы – Алтынай қалды. Қырықбай Мазанұлының жылы жүзі әріптестердің, шәкірттердің, оны білетін барша жанның есінде қалары сөзсіз. Бақұл бол, аяулы ұстаз!

Гүлжазира ЕРТАСОВА,
*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің аға оқытушысы*

ШӘКІРТТЕРГЕ ШАМШЫРАҚ БОЛА БІЛГЕН...

Менің журналистикадағы алғашқы ұстазым – Әкем деп ылғи айтамын. Асқар тауым да қара шаңырақ саналатын ҚазҰУ Журналистика факультетінің түлегі. Әкемнің университет қабырғасында оқыған оқулық, оқу құралдарымен мен оқушы кезімде үйімдегі кітап сөрелерінде таныстым. Ылғи аузынан тастамайтын КазГУ-лік ардақты ұстаздар – Т.Амандосов, Т.Қожакеев, Ә.Ыдырысов, А.Мархабаев, Ш.Елеукенов, А.Егеубаев, Қ.Аллаберген есімдерін де сол оқушылық өмірімде құлағыма сіңірдім.

Студент кезіміздің екі мыңыншы жылғы күзінде сабақ кестемізге «Қазақ журналистикасының тарихы» пәні енгізілді. Ердің жасына жете қоймаған орта бойлы, қараторы, дөңгелек жүзді, жылышырайлы, шымыр денелі кісі аудиторияға кіріп, өзін таныстырды. Ақырын сөйлеп, адымын баяу басатын алдымдағы бұл кісінің бала кезімде мазмұнын жете түсінбесем де, кітабының сыртқы мұқабасына көзім қанығып, есімі есімде қалған Қырықбай Аллаберген екенін сонда білдім!

Алғашқы дәрісінде бәрімізбен танысып болып, күлімсірей отырып, аса бір ыждағаттылықпен шәкірттеріне «Түркістан уәлаяты» газетінің тарихын түсіндірді. Ол кезде дәріс ұзақтығы 90 минутты құрайтын. Қазақ халқының аузын аққа жеткізіп, басына бұғауланған бодандық ноқтасын сыпырып тастауды өздеріне міндет санаған Алаш арыстарының тағдыры мен тағылымы жайлы әсерлі әңгімесімен бір жарым сағат уақыттың өте шыққанын аңғармап едік.

– «1996 жылы «Рауан» баспасынан шыққан «Қазақ журналистикасының тарихы» (1870-1995 жж) деген кітабымды кітапханадан алып оқындар», – деді дәрісінің соңында ұстазымыз. Сабақтан шығысымен басқалар кітапханаға, мен Тимирязев көшесінің бойында орналасқан автомат-телефонға аптыға жетіп, жетон салып, Қызылордадағы әке-шешеме қоңырау шалып, әкемнің ұстазынан дәріс тыңдап шыққанымды мақтанышпен жеткіздім. Сөйтіп, әкемнің кітап сөресіндегі Қырықбай ағайдың «Қазақ журналистикасының тарихы» кітабын жылдам беріп жіберуді дайындадым. Кітап «Ақтөбе-

Алматы» жүрдек пойызы арқылы ертеңінде-ақ қолыма тиді. (Сол қоңырқай түсті кітап күні бүгінге дейін жеке кітапханамда сақтаулы. Жазбалары жадымызда жаттаулы).

Ғалымның өмірлік өнегесі қомақты ғылыми еңбектерімен ғана шектелмейді. Ол сондай-ақ тағылымды тәрбиеші һәм ұлағатты ұстаз. Олай дейтінім, ағайымыз әрбір дәрісіне соншалықты ықыласпен дайындалып келетін. Берілген үй тапсырмасын жүйелі орындап келсек, ерекше марқайып, әр шәкіртінің пікірін қоштап, қолпаштап, қанат бітіріп отыратын. Селқос дайындығымызды көрсе, шуақты жүзі қатуланып: «Алаштың азаматтары сендердің қазіргі жастарында ұлт қамын ойлап, газет шығарып, халқын сауаттандырған. Сендер өздерің сауаттануға ерінгендерің қалай?», – деп сұраулы жүзбен мақтамен бауыздап алатын. Ондайда ернімізді тістелеп, еденге кірердей күйде болатынбыз.

Осылайша ұстазымыз бір жыл ішінде «Түркістан уәлаяты» газетінен «Түркістан» газетіне дейінгі басылымдардың тарихымен, мазмұнымен таныстырды. Біздің отандық баспасөз тарихының алғаш санамызға дәнін сепкен парасат-пайымы бөлек, ой-өлшемі ерен Қырықбай ағайымыз еді.

Оқу бітіріп, маман атанып, өмір ағымымен бәріміз тарыдай шашылып, Қазақстан картасының әр нүктесінде біріміз қаламымыздың ұшымен, біріміз камераның күшімен несібемізді тауып жүрдік. Кейін Қырықбай ағамыздың Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ден өзінің туған жері Павлодарға қызметі ауысқанын естідік. Ұстазымыздың керекулік шәкірттерімен де әріптес болып, ол кісінің пендауи қасиеттен бойын ада ұстап, адамдық болмысын ту еткенін жиі естіп, шәкірті болғанымызға марқайып қалатынбыз.

Уақыт дөңгелегі зулай берді. Мен Елордамыздағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ұстаздық қызметімді жалғастырдым. Бізге қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасуы мен дамуы жайлы алғаш дәріс оқыған Қырықбай ағайым да заман өте ЕҰУ-ге ауысып келді. Көзіме сонша жылыұшыраған ұстазыммен кездескен сәтімізде әкемнің өмірден өткеніне көңіл айтып, жұбату сөзін арнап, әкем жайлы жылы естеліктерімен бөліскен-ді. Ол кісінің: «Сұңғыла ойлы шәкіртім жайлы өткен шақта сөйлеймін деп ойлаппын ба? Мықты бол, қызым!» дегені күні бүгінге дейін жадымда жаңғырады. «Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көрген өлмесін» деген тәмсілдің мәнін асқар тауым фәниден бақиға аттанғанда түсініппін...

Аудиторияда шәкірті болсам, араға жиырма жылдай уақыт салып, еңселі Елордада әріптес болған ұстазымыздың кей әділетсіздіктерге жаны төзбей, шындықтың шырағданы болғанының да куәсі болдық...

Талай жыл журналистика саласында еңбек етіп, саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған профессор, тарих ғылымдарының докторы, отбасымыздың ұстазы атанған Қырықбай ағамыз да ғаламға төнген тажалдың тырнағына ілініп, 2020 жылғы шілденің алғашқы күні мына өмірмен қош айтысып кете барды.

Ғылымға деген адалдық пен білімге деген құштарлықты басты мақсат тұтқан Қырықбай Мазанұлы сол өлшеулі ғұмырында шынайы ғалымға

тән қажырлылық пен табандылықты танытып кетті. Оның бір дәлелі – ағамыз ғұмырының соңғы сәтіне дейін YouTube арнасында қазақ журналистикасының тарихы туралы тың мағлұматтарымен бөлісіп, көпшілік ықыласына бөленіп жүрді. Құдды ғаламтордың мүмкіндігін пайдаланып, жылдар бойы зерттеген еңбегін ел санасына сарқып кетуге асыққандай...

Биылғы жазда Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану факультетінің деканы, алаштанушы ғалым, есімі дара ұстазымыз Қайрат Өмірбайұлы бастаған бір топ профессор-оқытушылар құрамы Қырықбай Аллабергеннің 70 жылдығына орай туған жеріндегі еске алуға арналған шараға қатысып қайттық. Онда жергілікті аудан тұрғындары, ғалымның ағайын-туыстарымен бірге ұстазымыздың кіндік қаны тамған Павлодар облысы Баянауыл топырағының Торайғыр ауылындағы бейітінде рухына бағыштап құран оқылды. Одан әрі Баянауыл ауданы орталығындағы Сәтбаев музейінде «Жол ұзақ, ғұмыр қысқа» тақырыбында жиын өтті. Айтулы бас қосуға ғалымның әріптестері, шәкірттері, сыныптастары, Торайғыр ауылдық округінің әкімі Мұхтар Молшин және жергілікті тұрғындар мен ғалымның туыстары қатысып, Қырықбай Мазанұлы жайлы жылы естеріктері мен оның адами қасиеттерін еске алыстық.

«Ғұмыр қысқа, жол ұзақ». Ұстазымыз көзі тірісінде бір туындысын осылай атап еді-ау! Расында ғалым ағамыздың өмір жолы қысқа болғанмен, соңындағы туындылары мәңгілік еді.

Ғылым жолында да өз орнын табу – жалпыға бұйырмас зор бақыт. Қарымды еңбек ету – ол да бір береке бастауы, ал азамат болып қалыптасу – әркімге парыз. Тек ізденіс пен күрескерлік, талап пен табандылық қана адамды парықты істің парасатына бөлейді. Міне, осындай ізгі мұрат жолында іргелі іс атқарған Қырықбай ағамыздың шығармашылық жолы ізденіске толы. Себебі, ұстазымыз биік мұраттар жолындағы мәмілесіз күресті өміріне өзек ете білді.

«Тірлігінді жылдарға жоспарласаң ағаш ек, ғасырларға жоспарласаң шәкірт тәрбиеле» деген секілді тәмсілдер тілімізде аз емес. Қырықбай ағамыз осы нақылды бойтұмары етіп, ізбасарларының бойына ізгіліктің дәнін егіп, тарихтың тамырына бойлатуда аянып қалмады. Олай дейтініміз, бір кездері Алаш ардақтыларының бағытын бағдар етіп, жолын ұстанған ұстаз өз шәкірттерінің бойына да арыстардың идеясын дарытып, жүректеріне шырақ етіп жағуға барын салды.

«Ғалымның хаты өлмейді, жақсының аты өлмейді» дегендей, Қырықбай Мазанұлы Аллаберген ағамыздың есімі мен еңбегі қалам ұстаған қауым барда ешқашан өшпек емес.

II

АЛАШ БАСПАСӨЗІ – ҰЛТ ТАРИХЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ

Гүлжауһар Жамбылқызы БОЛАТОВА

*филология ғылымдарының кандидаты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
баспасөз және баспа ісі кафедрасының доценті
Астана, Қазақстан*

Аружан Жасұланқызы ӘЛКЕН

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика мамандығының магистранты
Астана, Қазақстан*

АШАРШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ҒАЛЫМ ЗЕРТТЕГЕН ДЕРЕКТЕР

Қазақтың өткені – кейінгі ұрпақтың дәнегі. Жылдар жылжып жаңа дәуір жаңғырған сайын тарихқа көз жүгіртіп, ескінің тәуірінен тәжірибе алып, жаңсақ басқан тұстан сабақ алу керек. Төбеде төнген патшаның небір жолмен отарлау саясаты, халықты тағдырдың талай тәлкегіне түсірді. Солақай саясаттың сұрапыл көрінісі ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы жаныңды қуырып, жүрегінді паршалайтын нәубет жылдар.

Алаш жұрты бір ғасырда үш бірдей ашаршылықты бастан өткерді. Оларды 1919-1922 жылдардағы аштық (1,5 млн адамды алып кеткен), 1931-1933 жылдардағы аштық (2,5 млн адам) және 1946 жылдары болған аштық деп қарастыруға болады. Осылайша қазақтар іс жүзінде 15-20 жылдың ішінде халқының жартысына жуығынан айырылған. Ғалымдар оның қазақ халқының дамуын 110 жылға кейін шегергенін айтады. Осы ретте тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Егер ашаршылық болмағанда, біз қазір 45-50 миллион халық болып отырар едік» деген тұжырымында шындық бар. Мұны сол ашаршылыққа дейін біздің жарты санымыздан сәл ғана асатын өзбек халқының қазір 35,6 миллионға жетіп отырғанының өзі байқатады [1, 4].

АҚШ-тағы Мэриленд университетінің ассистент-профессоры Сара Камеронның «The Hungry Steppe: Famine, Violence & the Making of Soviet Kazakhstan» атты кітабы азуын айға білеген мемлекеттен бастап, Еуропа құрлығындағы елдерге дейін назар аударып бастағанын аңғаруға болады. Автор өзінің зерттеуінде Кеңестік Қазақстанда 1930-1933 жылдарда болған ашаршылықтан 1,8 млн адам қырылғанын айтады[2].

Кейіннен жарияланған мұрағатқа көз жүгіртсек, 1917-1926 жылдары санақта 10-13 миллионға жеткен. КСРО мемлекеттік архивінде мынадай құпия дерек бар: «Из всех тюркских или турецких народов России... самым многочисленным являются казахи. На территории в два миллиона триста тысяч кв. верст живет без малого 10 миллионов казахов». (Архив Октябрьской революции, фонд №1318, опись №1, Ед. Хр. №56). Ал, мәскеулік тарихшы В.Кушкин «Советизация казахского аула» атты монографиялық еңбегінде осы жылдары алаш жұртының тек солтүстік облыстарындағы (халқы тығыз орналасқан оңтүстігін есептегенде) қазақтың саны 9 млн-нан асады деп жазады [2]

Қазір егемендігімізді алып, еңсемізді тіктеген кезден бері ашаршылық туралы жинақталған зерттеулер өте көп. Солардың бірегейі қаймана қазақ қамы үшін, қару ұстап, ат алдырып жан берісіп, соғыспаса да Қырықбай Аллаберген келешекке алты алаштың арқауы болар тарихты жазып қалдырды. Архивте шаң басып, сарғая түскен құжаттарды ақтарып, тың деректерді әр жинағында ұсынды. Жария еткен ақпараттарының басым бөлігі бір жүйеге негізделіп, сараптама жасалған фактілер. Олардың бірі осынау зұлмат жылдар туралы зерттеулері. Мәселен, 2018 жылы Л.Н.Гумилев атындағы университетінің хабаршысында жарияланған «Қазақ жеріндегі ашаршылық немесе «ұсақ-түйек қателіктер» мен «елеусіз кемшіліктер» зардаптары» атты мақаласы [3].

Мақалада ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында қазақты қынадай қырған нәубаттың зардаптары мен негізгі себеп-салдарлары ашып жазылған. Автор зерттеуді ашаршылық туралы большевиктердің мұрағатта қалдырған себептерінен бастайды. Яғни «жұт, 1920 жылы қатал қыстың ерте түсуі, пішеннің жетіспеуі» деп ақтайтынын, бұған Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің Түркістан істер жөніндегі арнаулы комиссиясының мүшесі Г.И. Сафаровтың сол жылы 20 мамырда «Правда» газетінде жариялаған мақаласын келтіріп, сол уақыттың өзінде 1 млн-нан аса қазақтың қырылғанын жазып, қасіретті жылдардың ақиқатын зерделеуге зейін салады. Жалпы ғалым материалдағы әр сөздерін бүге-шүгесіне дейін фактімен жалғайды. Ұсынылған дәлелдер мерзімді басылымдарда басылған қазақ қаймағының мақалалары мен зерттеулері. Мәселен, ашаршылықтың бірінші толқыны туралы Мұстафа Шоқайдың «Түркістанның қилы тағдыры» еңбегіндегі және «Правда» газетінде 1922 жылғы 20 мамырдағы санында қазақ даласына жұт келмегенін, бәрі кесапат саясаттың салдары екенін жазған дерегіне сілтеме жасауы. Осылайша себеп-салдардың бірін ашады.

Нақ қасапты қырғынның қазақ даласына 1931 жылдары келді деуге болатын болса, ғалым зерттеуінің кейінгі бөлігінде халықтың тең жартысынан айырылып, 40 миллион мал басының 5 миллионы қалғанын мұны тарихта «ұсақ-түйек қателіктер» мен «елеусіз кемшіліктер» деп аталып келгенін жеткізеді. Әрі қарай тарихшы: «Қазақ жерінде «Кіші Октябрь» орнап, адам мен мал қоса қырылып, «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» заманы басталды. Оның себебі – 1925 жылдың басында Қырғыз (қазақ) облыстық

комитеті ретінде қайта құрылған Республика партия ұйымының хатшысы болып Филлип Голощекин сайланған еді. Содан ол 1933 жылдың қаңтар айының 21 жұлдызына дейін қазақстанды 8 жыл бойы сергелденге түсіріп, ақыры қызметтен босатылды. Ол жетекшілік жасаған кезең қазақ халқының өмірінде «ақтабан шұбырындыдан» кейінгі ең қайғылы, ең қасіретті кезең болып тарихқа енді. Өкінішке орай, күні кешеге дейін қай қазақтың болмасын жан жүрегін сыздатар осы бір шындықтың ақиқатын көрсетуге мүмкіндік болмады» [3,12] – дей келе, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі М. Қозыбаевтың Голощекиннің саяси портретін ашқан «Қазақ әдебиеті» газетінің 1988 жылы желтоқсан айында жарияланған жазбасын негізге алады. Осылайша Голощекиннің кесапат саясаттың «теориялық» негізін жасағысы келгенін айтады.

Сондай-ақ нәубеттің қанды ілмегіне іліккен жұрттан келіп түскен хаттың мазмұндарын да ұсынады. Бұл фактілермен автор оқиғаны жан-жақты талдайды. Ғалым мақаласын РСФСР Халық Комиссарлары Советі төрағасының орынбасары Т. Рысқұловтың Сталинге бұл жайтқа араласуын, адамдардың өмірін құтқаруды өтініп жазылған хатымен қорытындылайды.

Жалпы Қырықбай Аллаберген бұл мақалада ашаршылықтың кеселін мерзімді басылым арқылы зерделесе, енді бір зерттеуін сыншыл публицист Бейімбет Майлиннің шығармаларынан іздейді. Оны 2019 жылы «Культурология, искусствоведение и филология: Современные взгляды и научные исследования» жинағында Рима Шакуовамен бірлесе әзірлеген мақаласынан көруге болады [4]. Авторлар сұрықсыз саясаттың тыйымына қарамай, заманында шынайы болған оқиғалар желісімен жазылған публицистің әңгімелерін келтіріп, пікірін білдіргенін дәлелдермен дәйектейді. Мәселен мына жерде: «1922 жылы жазылған «Күлпәш» және 1927 жылғы «Аштық құрбаны» атты әңгімелерінің мазмұны ұқсас. Екі шығармада да сол тұстағы ашаршылықтан зардап шеккен қу кедейдің ішерге ас таппай қиналғанда іштен шыққан баласын, бір қарынды жарып шыққан бауырын ішіп-жем үшін саудаға салуға мәжбүр болғанын баяндайды» - делінген [4, 126 .].

Десе де мақалада 1931-1932 жылдары нағыз қысылтаяң шақта, Бейімбеттің қаламына шектеу болғанын да жазады. Яғни ұжымдастыру деп халықты арбаған қауымның, бүтін бір ұлтты жойып жіберу қаупі болған шақта, публицистің бұл тақырыптарды ашық қозғай алмағанын жеткізеді. Алайда, Бейімбеттің шеберлігінің арқасында шығармаларынан сол заманның ақиқатын көруге болады дейді. Мысалы: «Ұлболсын», «Колхоз қорасында», «Қызыл әскердің үйі», «Қара шелек», «Сары ала тон», «Сот алдында», «Охрана бастығы», «Кеңес ағасы Кәмила», «Әліштің пырағы», «Арыстанбайдың Мұқышы» сынды әңгімелеріне арқау еткенін келтіреді. Кейін авторлар заманының жаршысы бола білген Бейімбет Майлин шығармашылығына қатысты ойын былай деп қорытындылайды: «Оқиғалар желісін кейіпкерлер арасындағы диалог арқылы шебер суреттей білген. Көркем шығармаларының тілі жатық, жеңіл болғандықтан, оқырман өзін

оқиға ортасында жүргендей сезінеді. Әр жылдардағы басылымдарға жарияланған публицистік мақалалары да бүгінгі ұрпаққа заман шындығын көрсетіп, тарихи оқиғалардың хронологиясын түзуге мүмкіндік береді» [4, 129.]

Бұған қоса тарих ғылымдарының докторы, профессор Қырықбай Аллабергеннің «Тарих тудырған тұлғалар» атты кітабы ашаршылықтың зардабы тиген қайраткерлердің өмірлері туралы жазылған. Мәселен, қазақ жастарының көсемі болған Ғани Мұратбаевтың қилы өмірі туралы мына мәліметті келтіреді:

«...1906 жылдан Н. Шумилов, 1909 жылдан А. Першин сияқты белгілі большевиктер болып, жергілікті жұмысшылар арасында едәуір жұмыс тындырды. Прогресші, демократияшы мұғалімдермен, жас теміржолшылармен жақындасып жүрген Ғани, бұл тұста большевиктер ықпалында болып, митингілерге қатысып жүреді. Қазан төңкерісі кезінде Қазақстан мен Орта Азияның басқа аудандарына қарағанда Қазалыда, Ақмешітте революция бұрынырақ жетеді. Ғани бұл тұста Эр. Новицкий, И.Вишновский, Ф.Бакиров, Қ.Құятов сынды большевиктердің тапсырмаларын орындап, әлінше төңкерісті жақтап шығады. Осы кездерде жаңа нұсқаулар мен декреттерді түсіндіріп жүргенде, күтпеген бақытсыздыққа тап болады. 1918 жылғы ашаршылық пен жұқпалы аурулар алдымен шешесі Батима, оның күйігі басылар-басылмастан қарындасы Күлбаршын дүниеден кетеді. Ол тым қайғылы тым ауыр күйлерді басынан кешіреді, халық бақытсыздығының күнәкәрларына кегі күшейеді» [5, 103-104].

Тарихтың ақтандақ мәселелеріне әр түрлі бағытта құнды дерек қалдырған Қырықбай Аллаберген өзінің «Тарих және баспасөз» атты зерттеу монографиясында да ашаршылық туралы мақалалар жариялаған басылымдарды жазады. Мәселен «Сталин жолы» газеті: «Алғашқы бесжылдықтар тұсында, яғни Қазақстан 1930-1932 жылдардағы жаппай ашаршылықтан еңселерін енді көтере бастаған шақта 1935 жылы Алматыдан «Сталин жолы» деген атпен облыстық газет дүниеге келді. Оның алғашқы редакторы белгілі жазушы Жақан Сыздықов болатын» [6, 10].

Бұдан бөлек, «Жұмысшы», «Ауыл тілі» және тағы басқа мәдени, әдеби ағартушылық бағыттағы газет-журналдарды шығару қолға алынды. Олардың маңында халық жанашырлары С. Сейфуллин, Б.Майлин, І. Жансүгіров, Қ.Тайшықов, Ғ. Мүсірепов, Н. Манаев сынды қаламы қарымды қайраткерлер топтасты. Олар баспасөзді майдан алаңына айналдырып, патшалық самодержавиенің артта қалған елін, жұртын жаңа бейбіт өмірге бастауды мақсат тұтты [7,4].

Ғалым Қ.Аллаберген қазақ даласына жұт болып келген ашаршылықтың себеп болған жағдайлардың астарына да үңіліп, өзіндік ой байламын жасауға ұмтылған. Қ.Кеменгеровтың «Қызмет адамдарының қонақасы» деген мақаласына тоқталған зерттеуші мақаладан үзінді келтіре отырып, ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы аштықтың бір себебі сол кезеңде қызмет адамдары жүрген жерде, ауылдарда қисапсыз мал сойылып, мал басы кеміп,

шаруалардың күнкөрісі қиындағанына ерекше назар аударады және Қошке Кемеңгеровтің мына ойына аса ден қойған: «Әсіресе, аудан сотының ел арасына шыққаны, болыстық атқару комитетіндегілердің ел аралауы, салық инспекторларының, хатшыларының жүруі қойға топалаңнан кем тимейді. Аудан сотының орныққан жері кішігірім тойдан кем болмайды. Бұл қалпымен жүре берсе, бірер жылда тұқымдық қой да қалмас» [7,67].

Сондай-ақ ғалымның «Алаш көсемсөзінің жауһарлары» кітабында келтірген дерекке сүйенсек, Қазақстанда ұжымдастыру және аштық туралы «Кеңестер билеген Түркістан» атты еңбегінде Мұстафа Шоқай Кеңес өкіметінің жүргізіп отырған саясатын сынға алады. Ол сөзінде: «өкімет өкілдері өздерінің орыстарын қорғауды, оларды жақсылап тамақтандыруды, жақсы киіндіруді, өз үйлерін бөтен біреудің жібек матасымен және басқа да қымбат бұйымдар мен безендіруді ғана біледі. Ал біздерге, мұсылмандарға не істеді? Тамақтандырды ма? Жоқ. Егер киіндірсе кедейлер жалаң аяқ жүрер ме еді. Егер тамақтандырса мыңдап, он мыңдап аштан өлмес те еді» – дейді. Осылайша, автор алты алаштың ардақтысының шетелге кетсе де, кеңестің сұрқия саясатымен күресуді тоқтатпағандығын айтады. [7, 114].

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: жоғарыда келтіргеніміздей, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қырықбай Аллаберген қазыналы қазақтың қамы үшін қатталған тарихтың қалың қабаттары мен қилы кезеңдерін әр зерттеулерінде жазып өткен. Қабырғалы қаламгер. докторлық диссертациясының тақырыбын да «Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясатының бағыттары мен нәтижелері» деп алады. Ғалым бұл еңбегінде ХХ ғасырдың басындағы қазақ санасында таңбадай қалған дүниелерді жіктеп көрсетеді. Кейін «Қазақтың отарлану тарихы» атты монографиялық кітабы көпшілік қауымға ұсынылады. Ашаршылық туралы еңбектерін де тың ақпараттарды жариялайды. Осылайша профессор сарғайған газет тігіндісін парақтап отырып, заманында там-тұмдап қана берілген шындықты теріп, дүйім алашқа жан-жақты талданған, ғылыми зерттеулерін мирас етіп қалдырған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ашаршылық және саяси қуғын сүргін күніне арналған көрме тұжырымдамасы, соңғы нұсқа 2021ж. Зұлмат жылдардан сыр шерткен көрме тарихи құжат: <https://ru.calameo.com/read/007114720289ead6a0d8d>

2. Бейсен Ахметұлы: <https://informburo.kz/kaz/asharshyly-yrylan-azaty-sany-ansha-sayasi-baa-ashan-berled.html>

3. Алдабергенов Қ.: <https://www.enu.kz/downloads/materials2/1-122-2018-vestnik-zhurnalistika.pdf>

4. Культурология, искусствоведение и филология: современные взгляды и научные исследования: сб. ст. по материалам IX междунар. науч.-практ. конф. — № 3(8). — М., Изд. «Интернаука», 2018г.

5. Аллаберген Қ. Тарих тудырған тұлғалар (ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басындағы қазақ ақын, жазушылары мен публицистерінің рухани мұралары). – Павлодар: Кереку, 2010. -182 бет.

6. Аллаберген Қ. Тарих және баспасөз. – Алматы: Білім, 2011. -258 бет

7. Аллаберген Қ. Алаш көсемсөзінің жауһарлары. – Алматы: Білім, 2011. -334 бет

Асима Калимовна ИШАНОВА,
д.ф.н., профессор ЕНУ
им.Л. Н. Гумилева

ПУБЛИЦИСТИЧЕСКОЕ И ХУДОЖЕСТВЕННОЕ В СБОРНИКЕ «МАСА» А. БАЙТУРСЫНОВА

Феномен Ахмета Байтурсынова проявлялся не только в энциклопедической образованности, но и разносторонности его дарований и талантов. Деятельность его в качестве редактора, публициста, журналиста, лингвиста, ученого, литературоведа исследована гораздо полнее, нежели его поэтическое и литературное наследие. Ахмет Байтурсынов более всего известен и изучен как журналист, публицист, редактор и издатель первой подлинно казахской прессы – газеты «Қазақ». Благодаря А. Байтурсынову мы имеем очень ценные научные труды – «Әдебиет танытқыш», «Зигзаги казахской графики», «Эллипе», он был первопроходцем многих важных и ценных начинаний, сумев за короткие сроки преобразовать графику написания и использования казахского языка, что, безусловно, было громадным толчком для развития печатного дела, журналистики, литературы, культуры, политики и образования в целом.

Однако сегодня еще не до конца, поверхностно и неполно оценен его литературно-художественный дар. Ахмет Байтұрсынов - автор знаменитого «Қырық мысал», сборника «Маса». «Қырақ мысал» более известное из его художественного наследия произведение, но это творение трактуют в основном как переложение басен Лафонтена, Крылова, адаптированное ко вкусам, понятиям, ментальности национального читателя. На наш взгляд, это не совсем так. Это не простое переложение. подражание известным баснописцам, а попытка в иронично-сатирической форме поднимать чрезвычайно актуальные не только для того, но и сегодняшнего времени важные политические, социальные, нравственные и экзистенциально-философские проблемы.

Известно, что Мухтар Ауэзов определил «Маса» и «Қырақ мысал» «әдебиеттегі елшілдік ұран» [1,с.7].

Сборник «Маса» был написан после восьмимесячного тюремного заключения в городе Семей, по окончании срока Байтурсынов был отправлен в административную ссылку в Оренбург на полтора года. Здесь и было создано это уникальное произведение.

Обратим внимание на жанровую структуру «Масы», оно в многообразии и свободе выбора жанра. Интересна попытка продолжения традиций жырау, своего рода осовремененные толгау, есть эпистолярные жанры - послания, письма («Письмо другу», «Письмо матери»), есть тілек, бата [1, с. 30], сөз, что позволяет заключить, что Ахмет Байтұрсынов прекрасно понимал силу и значение системы древних тюркских, проказахских жанров, формировавшихся исконно в устном бытовании и мировоззрении, эстетике казахов. Особое значение древней силы слова не только в национальном, но и в сакрально-первоначально мировом смысле.

Особо можно выделить в качестве оригинального жанра попытку обращения, послания к Құдаю в «Көк есіктерге». Небесные врата, подчеркнута тенгианское «көк» чрезвычайно важны в осмыслении мотивов одиночества борца за свободу народа. Причем именно поэтическое осмысление подразумевает большую раскрепощенность и свободу духа, воли. В поэзии многих жырау, Абая не было подобных обращений: «Раббым, Құдай!, у жырау больше тенгианской свободы духа, воли, здесь же другая эпоха, другая риторика, стиль, это уже время, когда приближается нарочитое отдаление личности от Всевышнего. Но есть то, что роднит с эпохой предков: «Қолда, әруақ!» Махамбета, жырау переводили советские переводчики и там не могло быть доминирования тенгианских, суфийских и исламских мотивов.

Если затрагивать суфийские мотивы, сквозной образ-мотив «Хак!», понятие чистоты «таза, то они несколько иные, нежели у Абая.

Имплицитный автор исповедально признается, что он не читал намаз, не держал оразу, но перед лицом тяжелейших испытаний хотел бы страстно верить, что его жертва ради «журт» будет не напрасной.

Здесь слышатся трагические мотивы одиночества Махамбета, представленные в яркой и глубинной метафоре – сравнении себя с луной, взошедшей днем, и с солнцем, воссиявшем ночью. Можно провести параллели и с мотивами суфийского одиночества Абая, доминирующими в первом слове «Гаклии» Абая.

Понятие «журт» становится определяющим в социально-философской поэзии Ахмета Байтурсынова, придавая глубокий концептуальный смысл его размышлениям, толгау о судьбе народа в сложный век революций и войн. Поэт констатирует «корқақ жұртым» и в этом определении много любви, боли и сожаления...

Чем отличается художественная форма от публицистики, в которой Ахмет Байтұрсынов был новатором и первооткрывателем многих дорог? Если в публицистике призывность, накал, доминирование фактов, призыв к действию, то художественная образность позволяет поэту – Байтұрсынову быть исповедальным, более личным, глубоким. Это своего рода отдушина, где

он может поведать самому себе и народу самое сокровенное, где он может высказать сомнения, сокрушаться по поводу каких-то событий, экзистенциального ощущения незащищенности бытия борца за свободу своего народа. Отличие литературно-художественного осмысления реальности в возможности быть полностью самим собой, без масок. Публицистика требует других качеств – открытой гражданской позиции и публичности. В литературном творчестве открываются новые возможности, когда автор может дать выход глубинным эмоциям, более потаенным, предельно-экзистенциальным. Тем самым в социальной поэзии мы видим обнаженную, мятущуюся душу человека, готового пожертвовать собой, осознающего жертвенность своего Пути, но мужественного и бесстрашного.

Национальная вера в «қарғыз» даже в басенной иронично-сатирической форме передает ощущение тяжести экзистенциальных переживаний поэта, во многих стихах «Масы» доминирующий лейтмотив – жертвенность, вина, при этом автор осознает собственную чистоту и правоту избранного пути, он уверен, что этот путь будет не напрасным. Это испытание от Бога и надо его пройти с честью.

Ахмет Байтурсынов развивает начатую казахскими жырау, Махамбетом, Абаем проблему казахского национального характера в русле национальной философии и оценки человеческих деяний «жаман-жаксы».

В «Қазақ қалпы» замечательное и очень символическое начало:

«Қаз едік қатар ұшып қанқылдаған,
Сахара көлге қонып сашлқындаған,
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,
Не қалды тәнімізде шарпылдамаған?![1, с. 22]

Это произведение продолжает тему, начатую Абаем о казахском национальном характере, поэт вынужден контстировать в еще более резкой форме, нежели Абай:

«Қалмаған түк қасиет қазақ азған» [1, с.22]

В газете «Экспресс К» было опубликован материал «Неизвестный Абай» Зауре Батаевой, живущей в Бельгии, где есть утверждение, что многие поздние знаменитые произведения Абая могли быть написаны Ж.Аймауытовым, А.Байтурсыновым и другими алаш-ординцами. Тщательный стилистический, поэтически-образный анализ поэзии Ахмета Байтурсынова убеждает в абсолютной неправомерности подобных утверждений.

В «Қазақ салты» поэт воссоздает впечатляющий образ народа в лодке, дрейфующей в кромешном тумане посреди бурного океана.

Итак, можно выделить актуальность более глубокого исследования поэтического и художественно-литературного наследия Ахмета Байтурсынова как отдельного феномена его фундаментального для казахской науки, культуры, журналистики творческого наследия, во многом способствующего более полному и глубокому осмыслению его жизни и творчества.

Использованные литературы:

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Маса. Өлендер мен көсемсөздер. – Алматы: Раритет, 2005. -208 бет. «Алтын қор кітапханасы».

Дариға ҚҰРМАНАЛЫ

*Журналистика және саясаттану
факультетінің 3-курс студенті*

Ғылыми жетекші: Бейбіт ТОҚТАРБАЙ,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің аға оқытушы*

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ТАЛҚЫЛАҒАН ӘЛІПБИ ТАҚЫРЫБЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БҮГІНГІ МӘСЕЛЕСІ

Әрбір халықтың рухани болмысын толықтырып, ұлттық санасын берік ұстап тұратын негізгі тіннің бірі – оның төл әліпбиі. Әліпби – сол тілдің өзіне тән нәзік болмысын айшықтап, ғасырдан ғасырға үзілмей жетуіне себепші болатын алтын арқау. Жаңа технология мен техниканың дамуы әрбір тілдің уақыт талабына сай толығымен жетілуіне себепші болатын құралдар. Іргелі ұлттар мен дамыған елдер сол тілдің негізгі бейнесі саналатын ұлттық әліпби мәселесіне ерекше ыждағатпен, байыппен қарайды. Біздің ұлт зиялылары мен ел оқығандары әліпби тақырыбын бір сәтте ұмыт қалдырған емес. Тәуелсіз Қазақстан ғалымдары мен тіл жанашырлары әліпби реформасы жөнінде он неше жылдарға созылған пікірталас көрігін қыздырып келеді. Ал шын мәнінде мұндай талас осыдан 100 жыл бұрын басталған болатын.

Өзі өмір сүрген ортадағы ең өзекті тақырыптың ешқайсысын елеусіз қалдырмаған Алаш арыстары төл әліпби төңірегінде өте көп пікірталас жасағаны тарихтан белгілі. Егер өткен ғасырдағы тіл төңірегіндегі осы мәселелерге баса назар аударатын болсақ, қызу талас пен қайшылықты пікірлердің болғанын байқаймыз. Негізі 1929 жылдың 7 тамызында КСРО Орталық Атқару Комитетінің шешімімен «Біртұтас түркі әліпбиін» қабылдау жөнінде қаулы қабылданды. Нәтижесінде латын әліпбиі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданыста болды.

Қазақ тіл білімінің тарихына көз жүгіртер болсақ, небір бұралаңы көп, күрделі кезеңдердің болғанын көреміз. Сонау қазақ халқының бас біріктіріп, тізе қосқан кезеңінен бері қазақ жазуы сан мәрте өзгеріп, трансформацияға түскен еді. Тарихи және мәдени жағдайларға байланысты патшалық Ресей кезеңінде де қазақ жазуы мен тілі өзгеріске ұшырап, өзінің өңін түрлендірген болатын. Осыдан кейін бар қияпаты мен қасіретін төккен Кеңес үкіметі орнаған уақытта бұл жағдай одан ары ушыға түсті. Қазақ мәдениеті мен әдебиетіне, тіліне жан-жақтан тұсау сала отырып, халықтың рухани дамуын

тежеді. Осы бір қиын қыстау кезеңде халқының тағдыры үшін күреске шыққан Алаш қайраткерлері ұлт үшін бастарын бәйгеге тікті. М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Жұмабаев, Т.Шонанов бастаған қазақ зиялылары татарша, ноғайша, орысша, еуропаша білім алып, жат тілдің жалына жармасқан сөйлеу және жазу ерекшеліктерін жаңғыртты.

Бұлардың басында ұлтым деп дабыл қаққан Ахмет Байтұрсынұлы тұрды. Тіл тұралап тұрған шақта бұл мәселені көтеріп, бүкіл газет-журналдар мен кітаптардың тілін ана тілінде жазған оның еңбегін қандай асыл дүниемен теңгерсек те, артық етпес. Сондай-ақ Ахмет Байтұрсынұлының ең іргелі істерінің бірі – қазақ жазуын реформалауы еді. Көп уақыттан бері араб әліпбиіне негізделген жазуды қолданып келген қазақ халқы Кеңес Одағы тұсында латын графикасын енгізуді қолға алған еді. Бұрын-соңды халықтың өңі түгіл, түсіне де кіріп көрмеген латын қаріптерімен жазу халқымыз үшін үйреншікті дүние болмады. Кеңес Одағының содыр саясатының кесірінен ешбір даярлықсыз әліпби айырбастау бүкіл қазақ сахарасына латын графикасына негізделген әліпбиге көшіру оңай шаруа емес еді. Осы уақытта бұл жөнсіз реформаға жөнінде Ахмет Байтұрсынұлы көптеген қажыр қайратын жұмсады. Ол бұрыннан қазаққа етене таныс араб әліпбиін негізге алып, қазақтың пайым-түсінігіне, дыбыстауы мен айтуына ыңғайлап, «төте жазу» үлгісін дайындады. Төте жазу – А.Байтұрсынұлы негізін салған қазақтың ана тіліне жақын жазу. Оның бұл әліпбиді жасаудағы мақсаты – қазақ тіліндегі өзге, жат элементтерді жойып, тілді шұбарлылықтан сақтап, орынсыз лексикалық сөздер мен синтаксистік ықпалдан тазарту еді.

Ахмет Байтұрсынұлы бір ұлттың әліпбиін басқа бір халық қабылдап, қалыптастырғанда оны өзінің төл тіліне икемдеу керек екенін, олай болмаған жағдайда әліпби мәселесінің оң шешім таппайтынына 1924 жылы болған «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» айқын да нақты түрде айтып еді.

Бұл жиында әліпби туралы жан-жақты пікірлер айтылып, ортаға салынды. Мәскеуден, Қырғызстан, Башқұрстаннан делегаттар қатысты. Ахмет Байтұрсынұлы бұл жиында сөйлеген сөзінде: «Осы күнгі жұрттардың бәрі де өзі шығарған әліпбиін тұтынып отырған жоқ. Бәрінікі де өзгеден алған әліпби. Еуропа жұрттарының тұтынған әліпбиінің түбі көне семит әліпбиі. Көне семит әліпбиін өз тіліне үйлестіріп финикий жұрты алған, онан грек алған, гректен латын, Еуропа жұрттары алған. Түркі әліпбиінің түбі де көне семит әліпбиі, олардан куфалықтар алған. Куфалықтардан араб өз тіліне үйлестіріп алған. Арабтан Иран, Түрік және басқа мұсылмандар алған. Солардың қайсысы да бірінің әліпбиін бірі алғанда тұрған қалпында алмаған. Өз тілдерінің дыбыс-тарына қарай өзгеріс кіргізіп алған. Тіліне әліпбидің артығы болса алып тастаған, кемтігі болса әріп қосып толықтырған» деген еді [1, 17]. Ал, аталмыш шарада тұңғыш дипломат Нәзір Төреқұлұлы латын әліпбиіне көшу қажеттігі туралы сөз қозғап, баспахана ісіне де, жазу машинасына да қолайлы латын әрпі екендігін алға тартқан. Съезде бүгінге дейін дау болып жүрген ерін үндестігінің орны туралы да біраз дау-дамай орын алған. Онда, емлеге қатысты баяндама жасаған Е.Омаров қару, келу сөздері қару, келу емес,

қарыу, келіу, қарыуы, келіуі деп жазылатынын олардың қарыу, келіуі болып буындалатынынан іздеу керектігін баса айтқан [1,19]. Бүгінде сол заманда сөз етілген емле мәселелері қазіргі таңдағы жазу ережелеріне негіз болды.

1929 жылдан бастап халқымыздың қоғамдық өмірінің негізгі арнасын латын әліпбиі жалғастырды. Газет-журнал беттері, кітап, оқулықтар латын қарпі негізінде жарық көрді. Қаламгерлер, ғалымдар өздерінің еңбектерін латын әліпбиі бойынша жазды. Алайда, латын әліпбиі осы уақытқа өте асығыс қабылданып кетті. Себебі, сол уақыттағы кеңестік идеологияның салқынын тартқан халқымыз үшін бірден әліпби өзгерту қиынға соқты. Көптеген ғалымдардың айтуынша, латын әліпбиіне көшу сол уақыттағы саяси мәселелерге байланысты. Ұлты ұстынсыз, елі қорғансыз қалған шақта осындай асығыс шешімді қабылдау қазақ халқына өте қатты әсер етті.

Кез келген халықтың танымдық, тағылымдық, қоғамдық өмірінде тілдің атқаратын рөлі орасан зор. Ал тіл – ұлт руханиятының негізгі тірегі. Тіл – ғасырдан ғасырға жалғасып жатқан ұлтымыздың қатпарланған тарихының, халықтың рухани қазынасының дәлелі. Міне, осы тіл төңірегінде тарқатылатын тақырып әрқашан да өзекті. Соның бір түйіткілді әрі маңызды ұшы – латын әліпбиінде жатыр.

2017 жылы 12 сәуірде еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» – деген болатын [3]. Міне, осы мәселе қоғамда әлі күнге дейін талқыланып келеді. Ғалымдар мен сарапшылардың пікірлерінің екіге жарылуы, қоғам мен халықтың көзқарасының құбылмалығы іс-қағаздар жүзінде көрініс тауып кеткен латын әліпбиі әлі күнге дейін қолданысымызға толық енбеді. Бұл да өзіндік саяси, қоғамдық, әлеуметтік себептермен тығыз байланысты. Сол себепті осы уақытқа дейін түрлі бағыттағы телевизиялық деңгейлердегі талқылауларда латын әліпбиін қабылдау, оны қолдану, үлгісін жасау мәселесі сараланып келеді. Алайда, ортақ шешім, бір түйінге келетін уақыт әлі жетпей жатқан сияқты.

Ал бүгінгі күні латын әліпбиіне көшу қажеттіліктен туындап тұр. Негізі, тіліміздің артикуляциялық-акустикалық жүйесіне сәйкес халқымыз ерін үндестігіне бағына сөйлеген. Осы бір жағдай өткен ғасырдағы ала-құла шақ кезінде, бүгінгі жаһандану кезеңінде өзгеріске ұшыраған. Тіліміз көбіне орыс тілі заңдылығына қарай икемделіп, өзінің негізгі табиғатын жоғалтып алды. Міне, осы мәселені қолға алу үшін, тіліміздегі басы артық дүниелерді алып тастау үшін латын әліпбиіне көшу керек болды. Бұл туралы фонетика ғалым Әлімхан Жүнісбек: «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа

керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережені бірдей қамтиды» дейді [4].

Осы ретте латын әліпбиіне көшкенде біз ең алдымен гентогенді принципті айқындап алуымыз қажет. Ол дегеніміз орыс әліпбиінің негізіндегі орфографиялық, фонетикалық-морфологиялық ережелер. Бұл принципті өзгертпеген жағдайда, жазу стандарты қиындайды, ұлттық сипатынан айырылады. Бұл бір. Екінші, өзіміз білетіндей орфографиялық ереже – белгілі бір мемлекет тілінің стандартқа сай жазылу нормалары мен тәртіптерін, қағидаларын белгілейтін заңдық күші бар құжат. Сондықтан латын әліпбиіне көшу барысында тілдік құрылымды сақтай отырып, тілдік емес сыртқы ортамен байланысты да ескеруіміз шарт. Себебі, еліміз халықаралық аренада 200-ден астам әуе жолы мен темір жол қатынасы арқылы алпауыт мемлекеттермен және әралуан қаламен байланыс орнатады. Демек ондағы объектілердің жазылуы, орфографиялық стандартқа сай болуы керек. Сондай-ақ, қазақ тілінде Байтұрсынұлы кезеңінен бері әлі шешімін таппай келе жатқан ең күрделі дыбыстардың бірі – и/й мен у дыбыстарының да басын ашып, анықтап алу латынға ауысу барысында шешуге тиісті өзекті сұрақтардың бірі. Бұл түйткілдердің түйінін тарқату – біздің және сіздің қолда.

Жалпы күні бүгінге дейін латын әліпбиінің қазақ қоғамы үшін қажеттілігі, маңыздылығы туралы көптеген мақалалар жарық көріп, «Латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуы қазаққа қажет пе? Ол бізге не береді» деген секілді сұрақтар БАҚ бетін шарлап жүр. Мектептер де, жоғары оқу орындарын да латын әліпбиі бойынша жаттығу диктантары жазылды. Бірақ, бірақ нәтиже жоқ.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Ә.Байменов: «Шет тілін меңгеріп жатқан кез келген адам латын қарпін біледі. Ол қазір кеңінен қолданылып та жүр. Қазіргі жастардың барлығы сауатты, латынның негізін біледі. Меніңше, латын әліпбиіне көшу үшін жеті жыл жеткілікті» деген екен [5,6]. Осы тұста айта кететін жайт, егер біз латын әріптерін үйрететін жазу өнері деген сабақты балабақшалар мен оқу орындарында арнайы пән ретінде енгізбесек, жуық уақытта да аталмыш әліпбиге көше алмаймыз. «Жабулы қазанды» ашатын да, жабатын да өзіміз. Сондықтан, ұлттық бірегейлік пен тілдің мүддесін сақтап қалғымыз келсе, халықаралық деңгейде еркін хат алмасып, шетелдік білім алу қолжетімділігіне ие болғымыз келсе, латын әліпбиіне көшу мәселесін жеделтеткеніміз дұрыс-ақ.

Осыдан бір ғасыр бұрынғы Алаш арыстары талқылаған әліпби мәселесі бүгін де ең өзекті тақырыптың бірі. Бұл тақырыпқа барынша байыппен қарап, жүйелі түрде жұмыс істейтін сала екендігін уақыт өзі дәлелдеп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жаңа ұлттық әліпби: Қазақ жазуын жаңғырту : (ғылыми-тілтанымдық зерттеу) ; ҚР Білім және ғылым министрлігі, Ғылым комитеті, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ; - Алматы : 2017 ж.

2. Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы ; ҚР Білім және ғылым министрлігі ; Ғылым комитеті ; А. Байтұрсынұлы атын. Тіл білімі ин-ты - Алматы : Қазақ тілі, 2016 . – 554б.

3. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy#

4. <https://abai.kz/post/15699>

5. Жаңа ұлттық әліпби: Қазақ жазуын жаңғырту : Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен «Мемлекеттік тілдің латиницаға өтуі үшін латын графикасын пайдаланудың Бірыңғай стандартын әзірлеу» жобасы бойынша дайындалған . Библиогр.: 536-540 б.

6. Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіруді стратегиялық жоспарлау:А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі ин-ты ; - Алматы : 2017 . - 104 б.

Зәуреш ҚОЙГЕЛДИЕВА,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің докторанты
Қазақстан, Астана

«АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТІНДЕГІ САТИРА ЖАНРЫ

Қандай бір қоғам саяси жүйе болсын оның дамуында жалпы ақпараттық қызметтің, бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын қызметі өте зор. Өйткені қоғамның қалыпты саяси әлеуметтік өмірін күнделікті ақпарат тарату қызметінсіз көзге елестету қиын.

Әр түрлі ақпараттар күнбе-күн бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылады. Бұқаралық ақпарат құралдары дегеніміз – түрлі хабар-ошарды көпшілікке арнайы техникалық құралдар арқылы ашық, әрі жария түрде жеткізу үшін құрылған мекемелер.

Бұқаралық ақпарат құралдарына: баспасөз, радио, теледидар, кино, видео, үн-таспа және спутниктік байланыс, кабельді теледидар және түрлі компьютерлік интернет байланыс жүйелері жатады. Жалпы алғанда бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамға қажеттілігі олардың тікелей атқаратын қызметтеріне байланысты.

Журналистиканың ақпараттық қызметі, яғни қоғам мен оның мүшелеріне күнделікті ақпараттар таратуы. Бұқаралық ақпарат құралының ақпараттық қызметі адамдарға түрлі әлеуметтік процестер және оқиғалар тұрғысында ой түйіндеуіне ықпал етеді, олар жөнінде әр түрлі ақпараттар ағыны ішінде бағыт-бағдар алуына ықпал жасайды. Қазіргі таңда әлем сахнасына шыққан қазақ журналистикасы бірден қалыптаса салмады.

Өзінің даму барысында күрделі де қиын кезеңнен өткен қазақ журналистикасы талай күрмеуі қиын проблемаларды қозғап, соны шешуге талпынды. Келелі мәселелені шешу барысында қорытындылауға лайық бай тәжірибе жинақтады. Қиын да, қызық мәселелерді зерттеу барысында ұлттық журналистикамыз біраз мәселені қамтыды.

XX ғасырдың басында қазақ қоғамында бұқаралық ақпарат құралының бірден-бір қызметін атқарған мерзімді баспасөздер дүниеге келді. Мерзімді баспасөздер қоғамды ақпаратпен қамтамасыз ете отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтан да үзінді беріп отырды. Өзге елдермен терезесі тең халық болуға талпынған қоғам рухани бағытқа бет бұрды. Соның нәтижесінде мерзімді баспасөз жарыққа шықты.

Баспасөздің дамып, өзіндік сара жолымен қалыптасуы қоғамдық пікірдің пайда болуына жол ашты.

Мерзімді баспасөздің пайда болу үш себебін бөліп көрсетуге болады:

1. Экономикалық сұранысқа қызмет ете алады;
2. Қоғамдық топтардың қызығушылық танытқан көпшілік пікірін қалыптастырды;
3. Мемлекеттік идеологияны жүргізді.

Ақыл-ойдың, сананың, мәдениет пен өнер-білімнің өсуіне қарай сөздің көрініс табу тәсілі де жетіліп, түрленіп отырған. Алғаш ауызша сөз, одан кейінірек жазбаша сөз беретін келе баспасөз пайда болған [1.6].

Осылай пайда болған баспасөзді халқымыздың ұлттық мұрасы деп қабылдауымыз керек. Ұлттық мұраны зерттеп зерделеу мәдениетіміздің бір парасы, міндеті болуға тиіс.

Ұлттық мұра десек, ол мұраның өзін мазмұнына қарай топтастыру үлкен еңбекті қажет етеді. Алаш зиялылары басылымды қазақ тілінде шығаруға тырысты. Алаш зиялыларының қатарында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Қожановтар болды. Мерзімді баспасөздің енді қалыптасып келе жатқанда «Оян,қазақ!» кітабы шықты. Уфа қаласындағы «Шарқ» баспасынан 1909 жылы жарық көрген бұл кітаптың авторы Міржақып Дулатұлы еді.

«Көзіңді аш,оян қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп,

Қазағым енді жату жарамас-ты» [2.3]. Өлең жолдарында Міржақып қазақты жеріне, дініне, еліне ие болуға шақырады. Уақытты босқа өткізбей бас көтеріп, ынтымақпен жұмыс жасаудың пайдалы екендігіне көз жеткізеді.

Қазақ елінің қоғамдық санасына ең жақын жанр-өлең түрінде жазылған бұл кітап сол тарихи кезеңдегі қоғамдағы ең зәру саяси-әлеуметтік мәселелерін көтеріп, ұлттық сананың оянуына үлкен қызмет жасаған болатын. Қазақ қоғамы қиын кезеңді басынан өткізді. Халық қуанып күлсе де, қайғырса да күлкі мен сатираны ұмытпады.

Алдымен сатира сөзіне анықтама беріп алайық. Сатира (лат. *Satira*)- өзі суреттеп отырған оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі[3].

Адамзаттық идеал жақсылық пен жамандықтың күресінен туындайды. Қоғамдағы, өмір тұрмыстағы етек алған кемшіліктерді сынап-мінеумен қатар, өнер туындысының басты мұраты-әділеттілікті, жақсылықты, тазалықты суреттеу болып табылады. Сол себепті де сатира бағзы заманнан бері киелі сөз өнерінде өзіндік орны, сындарды бағыт-бағдары, атқарар міндеті бар әдеби жанрларының бірі. Осы реттен де қай кезең, уақыттың бет-бағыты, мұраты, өнері дамып, өркендеп отыруы заңды құбылыс[4.3].

Қазақ қоғамында сатираның дамуы, жарқын өмір үшін адамзаттық биік тұрғыдан қарап, ақыл-ойдың кемелдену кезеңін бейнелейді. Сатира бастауы сонау халық ауыз әдебиетінен басталады.

Халық ауыз әдебиетінен басталған сатира жалғасын мерзімді баспасөзден тапты. Сатираның баспасөзде дамуы бостандық жолындағы халықтың қанау мен тонауға, әділетсіздік жолындағы ашу-ызасын жеткізудегі ең тиімді жанры болды.

XX ғасыр басында жарық көрген «Бірлік туы», «Абай», «Кедей сөзі», «Ақ жол» газеттерінде әжуаға толы мақалалар жарияланды.

Басылымдардың ішіндегі «Ақ жол» да күлкі-сықақ, фельетон жанрына алғаш орын берген газеттердің бірі. Ол «Қайтсең көсем боласың» (Қаптағайдікі) деген өлеңді кейбір жігіттердің лауазымға ие болып, елге ерекше көріну үшін не істеу керек екенін түсінетінін сықақтады.

Олар мансапқа жетудің жолы мынау деп біледі:

Шаш өсірсең дудардай қарыс қылып,
Шалбар кисең сып-сида жабыстырып,
Бұрқыратып аузыңа темекіні,
Арақ ішсең әр жерден қағыстырып,
Орысша не қазақша анық білмей,
Сөйлесең быду-шыду қатыстырып,
Сыбырмен пшу-пшу күн өткізіп,

Лаң қылсаң жұрт арасын шатыстырып. Газет кейбіреулердің психологиясындағы осындай зиянды түсінікті, жаман әдетті орынды келекелейді. Автор жазғандарын нәрлі ету үшін өлең жолдарына кекесін, ащы мысқыл, күлкі шақыратын әдістерді пайдаланған.

«Ақ жол» газетінде «Оқшау сөз» деген рубрикамен фельетондар да көрінді. «Бәріміз де бір ынтымақтамыз» атты фельетонда Ақмола губерниясындағы үшінші уездің пара алып жүрген бірсыпыра атқамінерлері сынға алынды. Олардың заң қызметкерлерімен бірігіп, ауыз жаласып істеп отырған қылмысы ашылды [5.14].

Қазақ қоғамында жарыққа шыққан, мерзімді басылым сол кезеңнің ауқымды тақырыптарын қозғап отырды. Тақырыптардың ең күрделісі - әйел мәселесі болды. Әйел теңдігі мәселесі совет өкіметінің алғашқы жылдарында қатты сынға алынды. Сол кезеңнің уытты тақырыптарының бірі болды. «Ақ

жол» газетінің (№31 Сәрсенбі, 2 март) 1921 жылғы санында «Қыздың зары» атты сықақ өлеңі жарияланды. Сықақ өлеңде он беске толмаған жас қыздың мұңы айтылады.

«Әкем сатты, көп малға,
Жетпей жасым он беске.
Ұстап берді, бір шалға,
Бара алмадым теңдеске»,- деген қыздың ащы зары. Ары қарай:
«Ғазиз едім, мұң болдым,
Жас жетпеген кезімде.
Алжыған шалға, күң болдым,

Кен жиһанның жүзінде»,-деген он бес жасар қыздың ашу-ызасы, мұңы, «алжыған шалға» лайық болғандығын «келісті кейіптеу» арқылы жылай отырып, жеткізеді. Сықақ өлең өкініш, арманға, ашу-ызаға толы.

«Ес білмеген шағында,
Мені сатты базарға.

Лайық па едім, «қатынға»

Қарамай берді ажарға[6.224]»,- деп жастай «малға сатылғанына» қатты өкінеді. Өлең авторы - Ғ.Бала Қадырұғлы.Сықақ өлеңде қазақ әйелдеріне бостандық,теңдік керек екендігі айтылады.

«Ақ жол» №29 Сәрсенбі, 24 февраль, 1921 жылғы санында «Қайдамшы» өлеңі жарияланған. Бұл өлеңде де сықаққа толы, әзіл-әжуа айтылған.

«Ауру кесел айналмас,
Қашан ғана болса да,
Не десең де, қайтармас,
Дүние суға толса да.
Қайдам деген сөзден басқа
Айтпас саған бұл қасқа.
Өзі момын қылпындаған,

Өрмелеп жүрген бейшара[7.185]»,- деген жолдар қазақ қоғамындағы «қайтсем күн көремін» деген байқұстың бейшара халін суреттейді.Өзі надан бірақ «оқығанның» кейпін киген қасқа суреттеледі. Білгені сол «барып кел, шауып кел» одан әріге шамасы келмейтін байқұстың бейнесі. Бар білетін сөзі «қайдам», сондай «қайдамшы» достан мені сақта, деген өлең жолдарымен сықақ өлең аяқталады. Сықақ өлеңде қоғамдағы надандық, көрсеқызарлық,аярлық, қорқақтық мәселесі айтылған.

Фельетонда сатираға тән уыттылық басым. Бір көргенде бәрін білетіндей көрінген, «ақ жағалы адамның» түк білмеуі қатты әжуәмен берілген.

«Ақ жол» №586 дүйсенбі, 17 август, 1925 жылғы санында «Би биледің, не шықты?» атты сықақ өлеңі жарияланды. Өлең авторы- Жүсіпбек.

«Би билеген бозбала
Тұла бойы қозғала,
Шімірікпейді, көз қысып,
Бейне соқыр,аш, таз құла.
Екеу-екеу имендеп,

Күзгі азбанша күйбеңдеп,
Сылаңдаған Әлима

Сорлы Әлиді жүр демеп»,- жастардың имендеп билеуі сынға алынған.
«күзгі азбанша» Әлиманың күйбеңдегені авторға ұнамайды

«Китең-китең жарысад,
Жынды адамдай алысад.
Жүгіріп Әли жылмаңдап,
Көрінген қызбен танысад
Құшақтасып жүгіред,
Қуыршақ па сурет?
Даладан келген басым-ай,

Ойлапсың ғой құтыр деп»,- сырттан келген адамның билеп жүргендерді
«құтырғандар»деп қабылдауы мүмкін екенін айтады. Көрінген қызбен
танысып, құшақтасқаны барып тұрған азғындық деп есептейді.

«Би биледің не шықты?
Өкпе өшті, дем бітті.
Жалғыз Шоқай өкшесіз,

Кім жамап, оны кім тікті? [8.300]»,- деген жолдармен сықақ өлең
аяқталады. Биді биледің, қызбен таныстың, етігің жыртылды, кім жамады, не
пайда таптың деп Шоқайға ызғарлы сұрақ қойылады. Жастардың селтендеп
босқа жүргенінен пайдалы жұмыспен айналысқаны дұрыс дегенді келтіреді.
Жастардың бойына жаңа талаптың келуін автор қалайды. Жастарға бос
уақыттарын еш кетірмей, еліне пайдасы тиер керек жұмыспен айналысуды
жазады.

«Ақ жол» №607 сәрсенбі, 3 фебрал, 1926 жылғы санында «Көппе деп
қалдым өтімі (Шылымшылар сөзінен жасырын есіткенім)» сықақ өлеңі
жарияланды.

«Әсемге шылым дұрыс қой,
Дұрысы болса, дұрыс қой,
Иіріліп шығад түтіні
Десін кім оны «бұрыс қой»
Қисайта тістеп ерінге,
Жақындап келіп келінге.
Бұрқылдатам түтінін

Болсын деп сұлу көрімге»,- темекінің зиян екенін білмеген адамның
тірлігі әжуәмен суреттелген. Шылым шеккен адамның «әсем» көрінеді деген
қателігі мысқылмен өлең жолдарында айтылады. Шыққан түтіннің «улы»
екенін біле тұра, «бұйраланып» адамның көзін тартады деп жеңіл әзілмен
келтіреді автор.

Күніне кетед жүз тиын,
Таппасам тиын, тұр киім.
Сырылдайды жүрегім,

Бермесе жарар қу сиым,- деген өлең жолдарын оқыған адамның
темекінің денсаулықтан былай, қалта қағатынын да ескертеді. Шылыммен

әуестенген адамның «тиын таппаса, тұр киім» жолын табатындығын ащы мысқылмен келтіреді.

Сықақ өлең:

Бірақ тәтті түтіні,

Тамаққа жағад жұтымы.

Жетелтеді құрғырын,

Көппе деп қалдым өтімі[9.269]», - деп аяқталады. Түтіні «тәтті» астарлы әзіл, тамаққа «жағад» ащы мысқылмен аяқталады. Өлең авторы Өмірәлі осылайша қоғамдағы жағымсыз тірлікті ащы мысқылмен баяндайды.

Профессор Т.Кәкішев «Сатира озық жағымды идеалдың болуын, оған берік сенуді, оның өмірге жанасымды болуын талап етеді, мұнысыз сатира дамымайды, әдебиеттен өзінің тиісті орнын ала алмайды. Сондықтан да сатирик өзінің озық идеалын уағыздау, дәлелдеу үшін белгілі қоғамдық кесепаттармен күреседі, оны сынап мінейді[10].» - деген сатираға жоғары баға береді.

Журналистика теориясын зерттеушілер сатиралық жанрлардың мынадай түрлері: фельетон, памфлет, эпиграмма, мысал, шарж, карикатура, анекдот т.б. бар екенін айтады. Журналистиканың басқа жанрларынан сатиралық жанрлар сатира, әзіл, ирония, сарказм, гротеск, гипербола және басқа көркемдік әдістерді қолдануымен ерекшеленеді.

Фельетон - бұл ауқымды сатиралық жанр, үш бастаудың синтезі: публицистикалық дерек нақты, көкейкесті, өзекті ғана емес, сондай-ақ жедел болуы тиіс, сатиралық дерек әзілді мазмұнмен анықталады, оның бағасы сатиралық талдауды қарастырады сатиралық бейнені жасау, фельетонды сатиралық қысқа жазбамен айырады» [11].

Сатирада ащы кекесін, күлкі ету, мазақ қылу, барды жоққа шығару, улы әзіл, адамның эмоциясына мән беру, лирикаға бой алдыру мәселесі қозғалады.

Қазақ журналистикасындағы сатира жанрының тамыры терең, ұлттың рухани саласына қосқан үлесі зор. Сатира жанры мерзімді баспасөзде жақсы дамыды. Тамырын тереңнен алған сатира жанрын дамытуда алаштықтардың үлесі зор болғандығына көз жеткіздік.

Мерзімді баспасөз оның ішінде «Ақ жол» газетінде берілген сатираның жанрлық ерекшелігіне тоқталдық. Халық тілімен жазылған, көптің жоқшысы болған «Ақ жол» газетіндегі сатира жанрын пайдалану арқылы тәлімдік, тағылымдық рөлінің арта түскеніне көз жеткіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қожакеев Т. Жыл құстары. - Алматы: Қазақстан, 1991, - 240 бет, 6-б
2. Дулатұлы М. Оян қазақ! Алматы: «Алтын Орда», 1991. 3-б
3. Уикипедия ашық энциклопедиясы 26.10.2022 уақыт 9.30
4. Ордабаева Р. Сатира сардары (Ш. Смаханұлының өмірі мен шығармашылығы). Зерттеу. Алматы: 2003. - 220 бет 3-бет
5. Қожакеев Т. Сатира және дәуір. Монография. Алматы, «Жазушы», 1976 . 204 б, 14-бет

- 6.«Ақ жол» (газеті) Көптомдық.2том / Құрастырған.Х.Есенқарақызы.- Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 384б, 224-б
7. «Ақ жол» (газеті) Көптомдық. 2том / Құрастырған.Х.Есенқарақызы.- Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 384б, 185-б
8. «Ақ жол» (газеті) Көптомдық. 24том / Құрастырған.Х.Есенқарақызы.- Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 384б, 300-б
9. «Ақ жол» (газеті) Көптомдық. 25том / Құрастырған.Х.Есенқарақызы.- Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 384б, 269-б
- 10.Кәкішев Т.Абай сатирасы.Кітап «Абай тағылымы».-Алматы: «Жазушы»,1986
11. <https://el.kz/news/archive/content-25963/>

А.С. АЙЖАРИКОВА,

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университетінің 2 курс магистранты,
Орал қаласы*

Ғылыми жетекшісі: А.С. БАЙБУЛСИНОВА,

*тарих ғылымдарының кандидаты
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
Университеті
Орал қаласы*

ОРДАДАН ШЫҚҚАН АЛҒАШҚЫ ПРОКУРОР

Мемлекет және қоғам қайраткері, алғашқы республика прокурорларының бірі – Шафхат Мұханбетжанұлы Бекмұхамедов 26 ақпан 1890 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы ауданына қарасты Нарын құмында дүниеге келген. Әкесі ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан Бөкей Ордасында қырық жылдай ел басқарып, өңірдің көркеюіне көп үлес қосқан, оқу ағартуды дамыту мен халық денсаулығын жақсарту жолында елеулі еңбек еткен зиялы қауым өкілдерінің бірі – Мұхамбетжан Шолтырұлы Бекмұхамбетов. Атырау, Жайық бойында оның атын білмейтін адам жоқ. Аруағын әйгілі батырлар мен билердей, бес саусағынан күй сорғалаған өнер дүлдүлдері мен семсер тілді ақындардай қастерлейді. Ал ол болса жарты ғасырдай ел үстінде жүрген атқамінер. Бұрынғы Бөкей Ордасының күнге бетін алып жатқан, теңіз бойы мен Еділ жағалауындағы ең байтақ өлке кіретін екі округты кезек билеген әкім. Мақаш 1830 жылы Ішкі Орда, қазіргі Атырау облысындағы Құрманғазы ауданының Сасықтау деген жерінде дәулетті отбасында дүниеге келді [3, 76].

Ханның өзіне қасқая қарсы тұрып, ақ патшаның аламанына ақ сойылын ала ұмтылып шайқас салған атышулы ереуіл аймағы Мақаш атын ерекше ілтипатпен атайды Бұның сыры неде? Қолына жармасқан қатал заманға карамастан халқына еткен қалтқысыз еңбегінде шығар. Адалдық – қай заманда да жақсылық қой. Қайта тар замандағы жақсылық пен адалдық нарқы тіптен биік болса керек. Бәлкім, Мақаштың аласармас абыройының сыры да, осында шығар. Императорлық география қоғамына мүше болған тұңғыш қазақ, белгілі ағартушы, көркемсөзші, этнограф-ғалым Салық Бабажанов өлгенде Орынбордағы кадет корпусын онымен бірге бітірген Мақаш Бекмұхамбетов: «Салық өлді дегенше, халық өлді десейші!» – деп сенделіп кетіпті деседі. Мақаштың өзі өмірден өткенде де талай адам тап солай ойсыраған шығар. Өйткені, ол қайта-қайта қанға бөккен өлкесі мен елінің жолында қарлығаштың қанатымен су сепкендей болса да шарапатын аямай өткен аяулы жан болыпты. Талай жерден мектеп аштырып, талай ұрпақтың сауабын алыпты. Қазақтарды отырықшылыққа, кәсіпке баулу жолында жан-тәнін салыпты. Елінің көкірегіндегі отты сөндіріп алмауға тырысыпты. Құрманғазыдай асқақ рухты тарпаң талантты өкіметтің зорлығы мен ағайынның тарлығына құрбан етпей, құтқарып қалыпты. В.Григорьев, В.Ханыков, В.Даль, А.Вамбери, И.Березин сынды әйгілі ғалымдармен сырдықта дос болыпты. Илья Ульянов, Николай Чернышевский сынды патша қырына алған бейтаныс азаматтарға қол беріпті [2, 66]. Елдің көзі жақсының көңілін қалдырмай, сөзі жақсысын төбесіне көтеріп әспеттеп бағыпты. Ұлттық өнеріміз мен руханиятымыздың басқа жұрттарға танылуына өлшеусіз зор үлес қосыпты.

Ойы озық, санасы биік, парасатты терең азаматтың өз тұсындағы қоғамдық пікір, билік орындары мен зерттеушілік орындарға ұсынған жазба мұралары бірнеше том құрар еді деседі. Оларды іздеп, тауып, бас аяғын жинақтап, бүгінгі ұрпаққа жеткізу – болашақтың ісі. Бұл бағыттағы атыраулық зерттеуші Өтепберген Әлімгереевтің алғашқы ізденісі, тындырған еңбегі айта қаларлық. Еліне деген махаббатына қаяу түсірмей өткен Мақаш рухы азат ұрпақтың қандай ықыласы мен ілтипатына да лайық.

Бірінші, әйгілі Мақаш правительдің талапты ұлы Шафхат Бекмұхамедов Бөкей ордасында 1917-1920 жылдары өткен қоғамдық-саяси оқиғалардың бел ортасында жүрді. Бөкей ордасы қазақтарының съездеріне белсенді қатысқан, Қазақтың 1-үлгілі атты әскер полкын жасақтауға атсалысқан. «Ұран», «Хабар», «Қазақ дұрыстығы», «Дұрыстық жолы» газеттерінің бетінде Шафхаттың есімі жиі айтылады. Мысалы, «Дұрыстық жолының» №7 (1919 жыл, 2-зауза) санында «Ұлттар ісін басқаратын комиссариаттың қаулысы бойынша жалпы комиссия құрылып, оның құрамына Мұхамедияр Тұңғашин, Мәжит Шомбалов, Ғұмар Қараш, Хасен Бекентаев, Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Ғабдолхакім Бөкейханов, Иса Қисықовтармен бірге Шафхат Бекмұхамедов та кіргені» жазылған. Кеңес өкіметі орнаған соң Бөкей Ревкомның мүшелігіне өтіп, жер-су комиссары болып сайланады. Ол кезде іс жүзінде билік Кеңес өкіметінің қолында болғанымен, жер-жерде билікке қарсы бой көтерулер болып жатқан еді. Бөкей ордасы маңызды аймақ болғандықтан, Ұлт істері

жанындағы қазақ бөлімі қазақ әскери бөлімдерін Ордада жасақтауды ұйғарады [5, 4816].

1903 жылы оны әкесі Астрахань қаласында классикалық гимназияға берген. Бұл патшалық билікке қарсы топтардың бірігіп, үлкен күшке айналған Бірінші Орыс революциясы алдындағы кезең болатын. 1912 жылы ол Қазан қаласының империялық университетінің дәрігерлік факультетіне оқуға түсіп, кейін заң факультетіне ауысады. Оқуда жүріп, Ш.Бекмұхамедов мұсылман студенттерінің «Шығыс клубы» ұйымына қатысады. Оның жетекшілері Ғ.Тоқай, Г.Құлахметовтермен танысып, олардың жұмыстарында белсенділік көрсетеді. Мәдени-әдеби шараларды ұйымдастырудан бастаған әрекеттері саяси тақырыпқа ауысып, революциялық идеяны насихаттауға ұштасады. Қазан қаласында өткізген жылдары оның ұлтын сүйген ұлтжандылық пен тәуелсіздік идеясын санасына сіңіріп, болашақтағы өмірлік ұстанымын анықтаған кез болды. Ресейдегі ақпан төңкерісінен кейін уақытша үкімет жергілікті жерде билік басына келгенде Бөкей ордасының ұлтжанды азаматтары өздерінің ұлттық сипаттағы басқару органдарын сайлады. 1917 жылдың 2-6 сәуірі аралығында Орынбор қаласында Орал, Ақмола, Семей, Сырдария облыстарының және Бөкей ордасы өкілдерінің қатысуымен өткізілген Торғай облысы қазақтарының съезінде Ш.Бекмұхамедов төрағаның хатшысы болады.

Шафхат Бекмұхамедов 1918 жылдың 13 наурызында жер-су бөлімінің комиссары болып сайланады. 1918 жылдың 7 мамырында Бөкей ордасындағы Қырғыз (қазақ) даласы делегаттарының съезінде губернияның Жер ісі шаруашылығының халық комиссары болып тағайындалады. Осы съезд отырысында Қызыл Армия құру туралы шешім қабылданып, қару аз болса да, әскери бөлім жасақталып, елді шауып, мазалап жүрген бандаларды жоюға кіріседі. Сол кезеңде Ш.Бекмұхамедов жер комиссары және заңгер ретінде қызмет жасаған. Ол Қызыл Армияның қатарына қазақ жастарын тартуға, оларды қажетті мүліктермен қамтамасыз етуде көптеген жұмыстар атқарады.

1919 жылдың 25 мамырындағы Бөкей ордасының III съезінің шешімімен Ш.Бекмұхамедовке Бөкей ордасының әскери комиссарының міндетін атқару жүктеледі.

1920 жылдың 25 мамырындағы Бөкей ордасы губерниялық кеңесінің VI съезіндегі пленум мәжілісінде Ш.Бекмұхамедов «Жұмысшы, шаруа және қызыл әскерлер депутатының Бөкей Ордасы губерниялық советінің атқару комитетінің» төрағалығына сайланады. Губернияның сан-салалы жұмыстарын атқара жүріп, республикалық атқару комитетімен тығыз байланыста болады. Оның заңгер маман ретіндегі біліктілікпен атқарған қызметтері 1921 жылдың 17 қарашасындағы екінші бүкілқазақстандық кеңестер съезінде ҚазССР-і Әділет халық комиссары болып тағайындалған кезінде анық көрінді. Ол Орталық атқару комитетінің мүшесі болуымен қатар елдің Конституциясын дайындау комиссиясының мүшесі ретінде де көп істер атқара білді. Заңды басшылыққа алып, қылмысты анықтау үшін тергеу, оның жігін айыратын сот жүйесін орнықтыру, аймақтарда реформалар жүргізу де назар да болды. Осы

шараларды жүзеге асыруда Ш.Бекмұхамедов тәртіптілікті алдыңғы орынға қойды. Заңның бұрмаланбай орындалуы үшін етектен тартқан паракорлықпен күресті басты назарда ұстады [6, 86].

Ш.Бекмұхамедов кезінде Қазақ атқару комитетімен мал ұрлығымен күресу туралы Декреті бекітілді, «Прокуратура туралы», «Адвокатура туралы» заңдардың жобалары дайындалды, құқық қорғау органдарының түпкілікті өзгеруі басталды. Ол сол кездегі РСФСР заңнамасына толықтырулар енгізуге бастама көтергендердің бірі, оның ішінде РСФСР Қылмыстық кодексінің IX бөлігіне барымта үшін, қалыңдықты ұрлау үшін жазаға тарту, құнға тыйым салу туралы баптар енгізілген болатын.

Қоғамның дамуы, заман талабы прокурорлық қадағалау органының қажеттілігін туындатты. 13 шілдеде өткен Қазақстан Орталық атқару комитеті 3-сессиясының 2-шақырылымында «Әділет комиссары Республика прокуроры міндетін қоса атқарады» деген қағидасы бар «Прокуратура туралы» Ереже қабылданды. Ол Ережеде 1922 жылдың 1 тамызынан бастап Әділет комиссары Республика прокуроры міндетін атқаруға кіріседі» делінген. II Кеңестердің жалпықазақтар съезінде Шафхат Бекмұхамедов Қазақ автономиясының алғашқы заңды актілерін жасақтауда белсенді қатысушысы болды. Қазақ АССР Конституциясын дайындаудағы комиссияның мүшесі болды.

1922 жылғы 2 тамызда Шафхат Бекмұхамедовтың Республика прокуроры міндетін атқаруға кіріскендігі жөнінде №1 бұйрық шыққан. Юстиция комиссариатының бұйрық кітапшасына 17 қазан күні «Бүгінгі күннен бастап мен юстиция халық комиссары қызметін атқаруға кірістім. Бекмұхамедов» деп қол қойған екен. Басшылық қызметті атқарған кезде қылмыспен күрес әдістерін жетілдіру, аймақтық халық соттарын құру, сот реформасын жүргізу, тұңғыш кеңестік заңдарды қабылдау, республикалық прокуратура органдарын құру сынды жұмыстарды жандандыруға бар күш-жігерін жұмсайды. Азамат соғысынан кейінгі азып-тозған ел ішінде азық түлік, мал ұрлығы көп болатын. Сондықтан осы кезеңде Кеңес үкіметі аса зиянды қылмыстарды жоюға ерекше көңіл бөлді. Бекмұхамедовтың тапсырмасы бойынша комиссариат бөлімдері қылмыстарға қатысты түскен мәліметтерді топтастырып, қылмыстың түріне анықтама беріп, жаза тағайындау жобасын жасайды. Соның нәтижесінде 1921 жылы қараша айында «Мал ұрлығымен күрес» декреті бекітілді. Осыған байланысты Қазатком комиссиясының бастамасымен бірнеше рет губерниялық съездерді Шафхат өз бастамасымен өткізді. Мал ұрлығы, барымтамен күрес жұмыстары ұзаққа созылып, тек 1924 жылдан кейін ғана оң нәтиже бере бастады.

1922 жылдың орта шенінде құқық қорғау орындарын қайта құру, реформалау ісі басталды. Соған орай Бүкілодақтық төтенше комитет жойылып, орнына құрылған мемлекеттік саяси басқарма ішкі істер комиссариатының құрамына кіргізіледі. Сотреформасы туралы қаулы, ережеге сәйкес үш сатылы жүйе: халық соты, губерниялық сот, жоғарғы сот құру белгіленеді. Прокуратура, адвокатура, төрелік комиссия құру туралы

қаулы қабылданады. Сонымен қатар КСРО Конституциясының жобасын жасау жөнінде де арнайы комиссия құрылады. Осы кезеңде әділет халық комиссары Ш.Бекмұхамедовке республикалық заң органдарының қызметін түбегейлі қайта құру міндеті жүктеледі. Соған сәйкес «Прокуратура туралы», «Адвокатура туралы» ережелердің жобасы әзірленеді. Прокуратура туралы ережеде «Юстиция комиссары республика прокуроры қызметін қоса атқарады» деп көрсетіледі. Ережеге сәйкес 1922 жылдың 1 тамызында республика прокуроры міндетін Шафхат Бекмұхамедов атқарады. Қазаткомға өткізген бір айлық жұмысының есебінде өз бұйрығымен губерния прокурорлары етіп Орынборға Е.А.Башиловты, Ақмолаға Ф.И. Ковалев, Бөкей ордасына А.Галкинді тағайындағанын, басқа губернияларға мамандар табылмағанын, адвокатура туралы тек нұсқау бергенін хабарлаған.

Сол жылы жазда кезекті еңбек демалысын алып, туған елі Бөкей ордасына келеді. Өзінің орнына уақытша міндетін атқаруды орынбасары С.С.Пилявскийге жүктейді. Ол демалыста жүрген кезінде Қазаткомның шешімімен әділет халкомы мен республика прокуроры болып М.Атаниязов тағайындалыпты. Соған орай демалыстан оралған Шафхатқа Қостанай губерниялық прокуроры қызметі ұсынылады. Бірақ ол өзінің қызметтен босатылуын орынсыз деп есептеп, аталған жұмыстан бас тартады. Ол тұр орталықтың өкімдігімен қазақ оқығандарын бір қызметте ұзақ отырғызбай, сырғытып жатқан аласапыран уақыт болатын. «Партияның жұмсаған жеріне бармадың, ол партиялық тәртіпке кереғар» деп басшылықтың шешіміне мойынұсынбаған Шафхатты 1923 жылы 28 наурызда өткен облыстық партия бақылау комиссиясының мәжілісінде партия қатарынан шығарады. Дегенмен, 1924 жылы партия қатарына қайта қабылданады. Кейін «Партия қатарын тазалау» деген желеумен ол тағы да партия қатарынан шығарылады [4, 796].

Соңынан Әділет комиссариатында жауапты, кейіннен қатардағы қызметкер болады. Кейінгі жылдары оқу орындарында заң кеңесшісі, Республика Ғылым академиясының әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкер, 1948 жылдан зейнетке шыққанша Қазақ мемлекеттік мұрағат мекемесінде қатардағы қызметкер болып қызмет атқарды. Ш.Бекмұхамедов 1958 жылы Алматы қаласында дүниеден өтті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Касымбаев Ж. Государственные деятели казахских ханств XVIII–первой половины XIX вв. Жангир хан (1801–1845). – Алматы, 2001. -127–132-, 319-б.
2. Кекілбайұлы Ә. Әкім һәм азамат// Мақаш әкім. Жинақ. –Алматы: «Арыс», 2004. -6-б.
3. МАҚАШ ӘКІМ: Ө.Әлімгереев.Ғажайып ғұмыр (зерттеу).Жақсы үгіт (түпнұсқалық деректер). Алматы: «Арыс» баспасы, 2001.-Б.7
4. Қабдешев Б. Қазақ автономиялық Республикасының бірінші прокуроры Шафқат Бекмұхамедов// Заң және заман.-2006.-№12.-Б.79.

5. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. –Алматы, 2002. -481–482-бб.
6. Қанәбіл Төремұратов// Жайық үні.-2014.-Б.8

Сәуле Есенбекқызы ТАПАНОВА,
*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті
журналистика және саясаттану
факультетінің профессоры, ф.ғ.д.*

АБАЙ ДӘСТҮРІН ЖАЛҒАСТЫРҒАН АҚЫН (Н. Орманбетұлының шығармалары бойынша)

Қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы Абайдың артына қалған мол мұраларымен қоса оның шәкірт тәрбиелеудегі өзіндік орасан зор ұстаздық шеберханасынан есімі елге танылған марқасқалардың шығуы орынды-ақ. Абай өз дәуірінің мұң-мұқтажын бөліскен шәкірттерінің ішінде Шәкәрім, Мағауия, Ақылбайлардың Абайдан тәлім-тәрбие алғанын өлеңдерінен-ақ көзіңіз жетеді. Сондай дарынды шәкіртінің бірі - Нарманбет Орманбетұлы.

Н.Орманбетұлы (1860-1918 жж) - ақын. Жасынан мұсылманша оқыған. Он төрт жасында Қарқаралыдағы орыс-қазақ мектебінде білім алған. Ел ішіне атағы жайылған шешен атанған. Абаймен аталас туыстығы да бар.

Табиғатынан зерек, ізденімпаз Н.Орманбетұлы бала күнінен бастап-ақ шешендік нақылдарға ден қойып, ел аузынан естігендерін жаттап, ұғып алатын құйма құлақ атанады. Шешендігі жайлы алғашқы қадамына Тілеубай, Шалқар, Көлжан сынды қара тілдің жорғасы атанған ел адамдары жол болсын айтып, тұсау кесер жасапты. Осыдан кейін-ақ он екі, он үш жасар шамасында ақындыққа талпыныс жасайды. Өзі теңдес ауыл балаларына, аға-жеңгелеріне, апаларына, нағашыларына арнап қағытпалар шығара бастайды. Нарманбет өзі өмір сүрген қоғамның қоғамдық, әлеуметтік, рухани-мәдени, әдеби өміріне араласқан ақындардың бірі. Артына өлмес жыр, өшпес із қалдырып, заман қаһарына ұшырап, кейінгі ұрпақ үшін аты ұмытылып келген ақын Нарманбеттің Қарқаралы уезіндегі жиырма екі болыс елді аузына қаратқан Қотан – Балқаш болысының ең беделді, әділетті болысы болғаны жайлы деректер 1990 жылдан бастап жариялана бастады. «Қазақтың бейқамдығын, момындығын, кеңпейл дархандығын, бауырмалдығын бөгде ел пайдаланып кетеді-ау»,- деген сезім Нарманбет сынды ойлы ақынның жанына қатты батса керек. Ақынның ұлағатты сөздері бүгін де мән-мағынасын жоғалтқан жоқ.

Қалған өмір тым қысқа,

Артыңа қалдыр бір нұсқа.
Босқа жүрмей дарылдап,
Бас, аяңда, қарғыма!
Қайратыңа зар қылма!
Түлент тіліңді!
Түзет мініңді - дейді

Дала мектебінен нәр алған, қарқаралы – Семейде білім шыңдаған, ұлы Абаймен қатар жүріп, оның өнегесін үлгі тұтқан Нарманбет ақынның:

Адамға абырой мен бірлік керек,
Ұят, ынсап, намыс пен тірлік керек.
Ғылым, білім, ілгері басуға ойла,
Еңбек қып ерінбестен болып зерек.
Болмайды тағдыр ісін қалай деуге,
Ақ соқпақ адастырмас талай жерге.
Жақсылар, істі түзет, жұртты күзет!
Бірінді -бірің шауып тастай берме...
деген өсиетті сөдері бар.

Нарманбет мұралары - негізінен лирикалық туындылар. Өлеңдерінің дені Абай шығармаларының үлгісінде жазылған. Әсіресе, заман шындығы, қоғамдық өмірдегі қайшылықтарды, әлеуметтік теңсіздік мәселелерін арқау еткен өлеңдерінде Абайдың сыншылдық дәстүріне тән шынайлық пен өткір сыншылдық айқын аңғарылады.

«Кер заман», «Жасқаншақ бас», «Аждаһаның аузында», «Сарыарқа», Заман», «Сарыарқа, сайран жерім-ай» тағы басқа да өлеңдерінде шындықты көркем бейнелеудегі шеберлігі, ой тереңдігі, сыншылдық, күш-қуаты жарқырап көрінеді.

Екі ғасырдың тоғысында және одан бергі төңкеріс заманындағы, 1916 жылғы оқиғалар кезіндегі қазақ қоғамының тыныс-тіршілігін, адамдардың іс-әрекеті мен психологиясын мейлінше көркем әрі шынайы бейнелеп береді. Осы қатардағы елеулі туындыларының бірі «Кер заман» өлеңінде Нарманбет Абай поэзиясымен, оның ішінде ұлы ақынның «Болыс болдым, мінекей» өлеңімен үндес. Өзін қоршаған ортаның психологиялық портреттерін шынайы бере алады. Нарманбет өлеңдеріндегі ағартушылық сарын, имандылық идеясы да Абай үлгісімен астасып жатады. Ол да халықты білім алуға, ғылым үйренуге үндейді. Артта қалушылықтың басты себебі - сауатсыздық, білімсіздік деп біледі. Оған дәлел ақынның «Ғылым туралы» деген өлеңіне көз жүгіртсек болады.

Жігіттер, сүндет сондай, парыз қандай,
Өгерде төлемесең қарыз қандай?
Баланы оқытпағың - парыз-қарыз,
Жалқаулық жаман мінез сары із қандай?

Оқыса бала деген сұңқар болар,

Жүзден жүйрік, мыңнан да тұлпар болар.

Қиыр ұшып, қиыннан тоят тілеп,

Көрінген жан құрметтер іңкәр болар

Бұл өлеңінде ақын оқу мен білімнің пайдасының ұшаң теңіз екенін айта келіп, оқыған баланың көңіліне әділдік, жақсылыққа үйір болуға, надандықтан қашық жүруге білім мен оқудың пайдасының тиетінін жасырмайды. Оқыған жанның жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығып, қиырға ұшып, қиыннан өз нәпағасын тауып, қалған жұрт оны құрметтеуге іңкәр болып жүретінін ескертеді. Адам өз баласын надан қылып қойса оның обалы ата-анадан деп топшылайды ақын. Себебі, атам қазақ балаларының оқып, білім алуына көз жұмбайлықпен қараған. Сондықтан да ақын шама келгенше баланы оқытудан қашпаған жөн деп білген. «Бала қандай?», «Бұл күнде байлар - ғаяр, билер - мекер» тағы басқа өлеңдеріндегі ақынның ой-түйіндері осы тақырыптың төңірегінде өрбиді. Сондай-ақ, «Көпті көрген көнемін», «Жасымнан көп жорыттым жолбарыстай», «Ақыл, бір алтынға ұқсас доп-домалақ» сынды өлеңдерінде Абай шығармашылығының имандылыққа тән сипаттары молынан ұшырасады. Ақын әділеттілікті, қайырымдылықты уағыздайды. Абай Нарманбеттің:

Ақыл, бір алтынға ұқсас, доп-домалақ,

Өлшеуін адам білмес неше қадақ?

Бас қатып, пәниді ойлап, көңіл тоқтап,

Тартып тұр әрбір іске көңіл салақ.

Нәпсі - жел, көңіл - өзен толқын ұрған,

Ми - патша, ақыл - дария кеңес құрған.

Таупықсыз ақыл мақұл болмайды екен,

Білмесең - құр суретсің бекер туған – деген

Өлеңін:

Сөз - самал, өлең - дария толқын ұрған,

Ми - патша, ақыл - уәзір кеңес құрған.

Ғылымсыз алық таулық болмайды екен,

Болмаса - құр суретсің бекер туған

деп өзгертіп айтқан.

Абайдың шәкірт сөздерін ұштап, мағына жағынан тереңдете түскені көрініп тұр. Нарманбет Абай дәстүріне салып, өкініш пен өкпе назға толы өткен өмірін өлеңге арқау етеді. Оның айғағы «Шал қайғысы» деген өлеңі.

Өтті - ау дәурен,

Өнерлі жігіт сыналмай!

Ақыл жұмыс,

Ой мен тыныс қыла алмай.

Ағайын аңғырт,

Аңдып сырт,

Кетті-ау көңіл тына алмай!

Еңбекке біткен есер жұрт,
Әлде бізді дейді қарт.
Қисайған мойнын бұра алмай!

Атан да азды ат та азды,
Адам кіші көрмек жоқ.
Қасқыр алар төбет жоқ
Мойнында көк ет жоқ.
Қотан қорып үрмек жоқ.

Құралай алған құс та жоқ,
Бәйге атында нұсқа жоқ,
Жер табандап желмек жоқ
Тазы жүр түлкі алалмай,
Тірсегі тік, сербегі жоқ.

Ақын өзінің жасы ұлғайып, шау тартқан кезінде жазылған өлеңінің мағынасына қарасақ, кейінгі буынның қылған іс-әрекетіне көңілінің толмайтынын аңғарамыз. Өлеңнің соңғы жолдарындағы «Қасқыр алар төбет жоқ, Құралай алған құс та жоқ» - тәрізді теңеулер өзінен кейінгі буынның әлсіздігін, жуастығын сөз етеді. Дәуренінің желдей есіп өткеніне өкініп, жоқшылықтың зардабынан өнерінің сыналмай қалғанына, ақылмен жұмыс атқара алмағандығына өкпесі көрінеді өлеңде.

Өздігінен талаптанып көп ізденудің арқасында озық ойлы орыс жазушыларының шығармаларын еркін оқитын, оқығанын талдай отырып, көңілге тоқитын дәрежеге көтеріледі. Оған дәлел боларлық мына өлең-жолдарын келтірсек те жетеді:

Пушкин менен Лермонтов
Біздей ақын емес пе?
Ақын болған адамдар
Жұрттың қамын жемес пе?
Әдебиеттен қалыспай,
Бізде нұсқа салайық, - деуі Пушкин,

Лермонтов шығармаларымен жете танысып, олардың рухынан нәр алғандығын дәлелдесе керек. Ел сүйіспеншілігіне бөлене білген Нарманбет ақын ретінде халықтың тұрмысынан, оның басындағы қуанышты-күйінішті жайлардан әсте алшақтамайды. Өмір шындығын өз туындысына арқау еткенін М. Әуезовтің: «Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай, Алтынсарин, Мәшһүр-Жүсіп, Нарманбеттерді алу керек. Бұл адамдардың кейбірінің Абайдан жас болғандығын есеп қылуға болмайды. Бәрінің жазған сөздеріндегі бетті, белгілі сарынды есепке алу керек. Ол дәуірдің ақындары жазба әдебиеттің басы екені даусыз», деген пікірі Нарманбеттің әдебиет тарихынан алатын орнын аңғартқандай. Өзі өмір сүрген ортаның ерекшеліктерін шыншылдықпен сыншылдықпен жырлап, үлкен реалист, сыршыл суреткерлік дәрежеге көтерілді. Абай мектебінен тағылым алды. Оның поэзиялық

туындыларының құдіретін жете түсініп, құпиясын меңгерді. Өлең өрнектерін жазуда Абай дәстүрін дамытып, өзіндік соны иірімдер жасады. Тіл тазалығын сақтап, әдеби мол мұра қалдырды. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің қалыптасуына Нарманбеттің айтарлықтай үлесі мол болды. Артына рухани мол мұрасы қалған Нарманбет Орманбетұлының қолға түскен өлеңдерін талдай отырып, ақынның шығармашылығынан азды-көпті мәліметтерді жеткіздік.

Өткен ғасырдың аяғы - осы ғасырдың басындағы аласапыран, аумалы-төкпелі кезеңдегі көркем сөз өнеріне ғана емес, жалпы қазақтың қара өлеңіне, оның қадір-қасиетіне, таным-тағылым деңгейіне өлшеусіз үлес қосқан, тар заманалардағы талайлы тағдыр-тарихымызды өлең-жыр тілімен кестелеуде қарымды қабілет танытып, қасірет күйін шертіп өткен шежірелі тұлғалардың бірі – Арқадан шыққан арқалы ақын Нарманбет Орманбетұлының ұрпақ санасында қалуы керек!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ поэзиясының антологиясы. Алматы. 1993 . - 320 б.
2. Әбдігазиев Б. //Нарманбет ақын. «Социалистік Қазақстан» 27. 09. 1990.
3. Нарманбет. Қарағанды «Болашақ» 2004.- 275 б.
4. Ноғажев Қ. Тобықты руынан шыққан тұлғалар. Алматы. 2007.

Г.М. ТОХМЕТОВА,

*Павлодар педагогикалық университетінің
гуманитарлық ғылымдар
жоғары мектебі, Павлодар қ., Қазақстан*

А.М. САДЫКОВА,

*Павлодар педагогикалық университетінің
гуманитарлық ғылымдар
жоғары мектебі, Павлодар қ., Қазақстан*

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖЕРІНІҢ ТҰТАСТЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ

Өзінің саналы ғұмырын қазақ халқының жарқын болашағы үшін күресу жолында құрбан еткен ұлт зиялысы, Қазақ үкіметінің басшылық қызметінде ерен еңбек атқарған Ахмет Байтұрсынұлының қазақ жерінің тұтастығын сақтауда рөлі зор. Бұған оның Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери-революциялық комитетіне мүше болған кездегі және оған дейінгі іс-әрекеті дәлел.

1905 жылы 22 шілдеде А. Байтұрсынұлы бас болып Ә. Бөкейханұлы, Ж.Ақпаев сынды бірқатар қазақ зиялылары (барлығы 42 адамның қолы қойылған) патша үкіметіне 47 бапты қамтыған петициясында бірқатар талап-тілектерді негіздеген. Оның ішінде: 1. Діни сенімге қысым жасауды тоқтату; 2. Қазақ мектептерінде қазақ тілінде оқыту; интернат, пансионат, жоғары оқу орындарының жайы; 3. Қазақ тілінде газет шығару; 4. Переселендердің көшіп келуін тоқтатып, жерді қазақтікі деп жариялау; 5. Қазақтарды атамекен қоныстарынан көшіруді тоқтату; 6. «Далалық билеу Ережесін» өзгерту; 7. Болыстық кеңселер мен халықтық соттарда істі қазақ тілінде жүргізу, өтініштерді қазақ тілінде қабылдау правосын қалпына келтіру; қызметке қазақ тілін білетін тілмаштарды алу; 8. Сот ісін қазақ тілінде жүргізу; 9. Бастықтар мен урядниктердің санын қысқарту; 10. Генерал-губернатордың бұйрығымен жер аударуды тыю; 11. Жоғары хүкіметте қазақ депутаттардың болуы, т. б. мәселелер қамтылған [1, 210; 2]. Осы аталғандардың ішінде жер мәселесінің өзекті екені байқалады.

Ахмет Байтұрсынұлы осы «Қарқаралы петициясын» құрастыруға қатысып, қазақтар арасында үкіметке қарсы үгіт-насихат жұмысын жүргізді деген айыппен тұтқындалып, 1905-1907 жылдары Қарқаралы түрмесіне қамалады, кейін Семей түрмесіне аударылады. 1910 жылы Орынбор қаласына екі жылға жер аударылып, саяси бақылауда болады. Бұл жөнінде Семей облысының губернаторы А. Тройницкийдің Далалық генерал-губернаторға жіберген хатында: «У Акпаева в Каркаралинском уезде остались сторонники, но еще летом был арестован один из главных – Байтұрсынов, бывший заведывающий Каркаралинским русско-киргизским училищем», – деп жазылған. Ал, «Русское слово» газетінің 1914 жылғы № 50 санының «В экзотической стране» деген мақаласында төмендегідей ақпарат берілген: «...В марте 1910 г. был выслан из края целый ряд лиц за «противоправительственную агитацию, выразившуюся в призыве не подчиняться распоряжениям властей, не платить податей, покинуть Россию и переселиться в Китай. В число высланных попала чуть ли не вся целиком киргизская интеллигенция, начиная с помощника присяжного поверенного Я.М. Акпаева и кончая 15-летним учеником Сулейменовым, все улики против которого, по словам дознания, исчерпывались тем, что он знал наизусть басни Ахмета Байтурсынова» [2].

«Қырық мысалға» қатысты кезінде С. Сейфуллин: «Надандықпен күресіп, патша үкіметінің әділсөз үкім зорлығымен күресіп, Крылов деген орыстың жазушысының қырық мысалын қазақ тіліне аударды. Ол қырық мысалдың әрқайсысының патша заманының әділсіз тұрғысынан алып, қазаққа патша өкіметінің істейтін жәбірлігін айтып, өзінен мысалдар келтірді», – деп бағалаған болатын [1, 211]. Шынымен, «Қырық мысал» – бұл қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі еді.

1913-1917 жылдары Ахмет Байтұрсынұлы «Алаш» партиясының орталық органы болған, Орынборда 1918 жылдың қаңтарына дейін шығып тұрған «Қазақ» газетінің редакторы болып, баспасөз бетінде халық өмірінің

көкейкесті мәселелерін көтеріп, елді ілгері жылжуға, өнер-білімге үндеген [3, 4]. Әр түрлі оқиғаларға, халықаралық жағдайға, заң, жер мәселесіне арналған «Бұ заманның соғысы» (1914), «Жәрдем комитеті» (1915), «Закон жобасының баяндамасы» (1914, осы мақала үшін А. Байтұрсынов штраф-айып төлеген), «Қазақ халқын билеу туралы 1968 жылы шыққан уақытша положение» (1914), «Губернатор өзгертілуі» (1914), «Қазақ жерін алу турасындағы низам» (1913), «Қазаққа ашық хат» (1916) сынды мақалаларынан Ахмет Байтұрсынұлының қай уақытта, қай қызметте болмасын, ең алдымен туған халқының қамын, болашағын ойлағанын аңғару қиын емес. Оның «Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға күш керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек!» деген сөздері [4] елді бір мақсат төңірегінде бірігуге шақырған.

1918-1920 жылдары Ахмет Байтұрсынұлы Торғай облыстық жер басқармасында жұмыс істеді, Алашорда үкіметіндегі оқу ісін ұйымдастыру Комиссиясының төрағасы қызметін, кейін Қырғыз революциялық комитетінің ішкі басқармасының бөлім меңгерушісі қызметін атқарған [5, 75]. РСФСР-дің ұлт істері жөніндегі халком орынбасары болған С. Пестковскийдің Қазақ революциялық комитеті туралы Ережені дайындаудағы қиындықтарға орай 1919 жылдың мамырында Мәскеуге Қазақстаннан екі топтан құралған делегацияның келгені туралы жазғанында: «Одна, возглавляемая А. Джангильдиным, представляла элементы, сотрудничавшие с Коммунистической партией. Другую группу представляли казахские националисты...во главе их стоял Байтурсунов. Их стремлением было «независимый» Казахстан», – делінген [6, 135].

Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери-революциялық комитетіне мүше болған уақытында, Ахмет Байтұрсынұлының В.И. Ленинге хат жолдағаны белгілі. Онда Қазревкомның атқаратын қызметіне қанағаттанбаушылық білдіріліп, өз ұсыныстарында өлкені басқару ісіне, негізінен, жергілікті зиялы ұлт өкілдерінің араласуы қажеттігін айтумен қатар, қазақ жерін біріктіріп, Орынбор қаласынан басқарылатын әскери округ құру, қазақ өлкесінің шекарасына қатысты ешқандай өзгерістерге жол берілмеуі туралы айтылған [1, 223; 7, 100-105].

1919 жылы 27 тамызда БОАК әкімшілік жағынан Торғай облысына қарасты байырғы қазақ жері саналатын Қостанай уезін, қазақ үкіметімен келіспестен, Челябинскі ауданына беру туралы қаулы қабылдайды. Бірақ, бұл шешімнің негізсіз болғаны анық. Өйткені Челябинскі ревкомы Қостанай уезін қосып аламын деуде уезд тұрғындарының ұлттық құрамын арқау еткен, уезд тұрғындары құрамындағы арақатынастың патша үкіметі кезінде қолдан жасалғаны ескерілмеген. Қостанай уезінің тағдыры шешіліп жатқан сәтте Сібір ревкомының да Ақмола облысының Петропавл, Омбы, Көкшетау уездерін құрамына қосып алу туралы мәселені қарастырғаны белгілі. Осыған байланысты Ахмет Байтұрсынұлы 1920 жылы 7 сәуірде болған отырыста жер тағдырын оң шешкен баяндама жасаған. Баяндаманың толық мәтінін

тарихшы-ғалым Мәмбет Қойгелдиев мұрағат қорынан тауып, «Қазақ тарихы» журналының бетінде жариялаған [8]. Оның мәтіні төмендегідей беріледі:

«Лицам, незнакомым с киргизской жизнью, непонятно, каким образом обитатели степей, часто безводных, бесплодных, находят возможность прокармливать свои многочисленные стада скота и табуны лошадей и каким образом они находят возможность использовать в известные периоды года такие безводные пустынные места, каковые при других владениях представляли бы собою совершенно необитаемую и непроездную территорию.

Все дело заключается в самом обитателе – киргизе, его образе жизни и своеобразном скотоводстве. Жизнь киргизов по своей оригинальности не подходит ни под одну форму европейской жизни, что приводит европейцев к самым разнообразным заключениям, которые бывают тем резче и смелее, чем поверхностное знакомство со степью и кочеванием. Для европейцев кочевая жизнь киргизов представляется не сложною, нестоящую внимания. Многие смотрят на кочевания киргиза, как на явление произвольное, бесцельное, похожее на бродяжничество. Согласно их мнению, ничего не стоит воспретить бестолковое шатание по степи и прикрепить их к земле. Тогда киргизы будто бы привыкнут к оседлой жизни, разбогатеют и станут способными к восприятию современных культурных форм. На самом деле это мнение от начала до конца не основательно и показывает незнакомство думающих так лиц с киргизской жизнью, находящейся в полной зависимости от климатических и почвенных условий степи. Ходячее выражение: «Степь кормит скот, а скот кормит киргиза» – очень метко характеризует сказанную зависимость киргизской жизни. Киргиз живет для скота – для главного источника своего существования. Известно, чем пустыннее и непроизводительнее страна и чем больше скота пасется в стаде, тем скорее истребляется корм на данном месте и тем большая площадь земли требуется для пропитания скота. Именно от этих условий и зависит необходимость кочевания киргизов. В тех местностях, где степь богата растительностью, там и кочевание утратило свой первоначальный характер. Киргизы Актюбинского и Кустанайского уездов в настоящее время, за небольшими исключениями, кочуют не далее 40-50 верст от своих зимовок, т. е. редко выкочевывают за пределы территории своего административного аула и еще реже за пределы своей волости.

Напротив, киргизы южных уездов Иргизского и Тургайского, за недостаточностью хороших пастбищ, должны кочевать на далекие расстояния, нередко делаая 200-400 верст. Киргизы (казахи - А.С.) же Сырдарьинской (Казалинского и Перовского уездов), вкочевывающие на лето в Тургайскую область, в Актюбннский и Кустанайский уезды, проходят 800-1000 верст и даже более. В общем дальность кочевания от зимнего пастбища до летнего находится в строгой зависимости от обилия растительности и водопоя на территории. Чем скуднее растительность, чем меньше воды и чем жарче лето, тем дальше приходится идти на летние пастбища, где скот накапливает жир, дающий ему возможность переносить зимнюю стужу и бескормицу. Кочевники не считаются ни с какими административными границами, ибо киргизы по

обычному праву, принадлежащему разным родам, могут переходить границы не только волостей и уездов, но и областей. Кочевание происходит не как попало и не кто как хочет, а по строго определенным для каждого хозяйственного аула направлениям и на определенные места. Здесь нет случайностей, а все урегулировано обычаями, приобретшими значение права, и все приурочено к особенностям территории.

Тургайская область делится на две резко отличающиеся друг от друга части: северную и южную. Северную часть занимают уезды Актюбинский и Кустанайский, в южную — Иргизский и Тургайский. Северная часть с прекрасным орошением, имеет прекрасные ковыльные степи, заливные луга и пастбища, словом, совмещает в себе естественные особенности, выгодные и для земледельческого и для скотоводческого хозяйства. Южная часть представляет территорию сыпучих песков и солонцеватой глины, покрытых чахлой растительностью. Скотоводческое хозяйство южных уездов без летних пастбищ в северных уездах существовать не может, и, наоборот, северные уезды — Актюбинский и Кустанайский в неблагоприятные зимы спасают свои конские табуны в южных уездах Иргизском и Тургайском, где для тебеневки снегу бывает меньше, чем на севере области. Словом, северные и южные уезды Тургайской области взаимно тесно связаны в отношении климатических и почвенных условий.

Если кочевание в богатой растительностью северной части с развитием земледелия сокращается, то в южной части кочевое хозяйство есть единственно возможная форма, позволяющая с успехом эксплуатировать огромные территории полупустынного характера, которые без кочевой формы хозяйства оставались бы необитаемыми. Запереть северные литовки, т. е. северные уезды, для южан равносильно лишению их скотоводческого хозяйства возможности существовать, что в свою очередь, лишая киргизов возможности существовать, осуществило бы желание Маркова 2-го, предлагавшего в Государственной думе «поступить с киргизами, как в Америке с индейцами», т. е. сконцентрировать их на одной территории до вымирания, «на законном основании». Мы уверены, что предложенная Марковым 2-м при царском правительстве «политично-законная» мера, способствующая к вымиранию киргизов, при Советской власти применяться не будет, следовательно, можем быть уверены и в том, что включение Кустанайского уезда в Челябинский район является ошибкой, вызванной каким-нибудь недоразумением.

Как сказано выше, что в Актюбинский и Кустанайский уезды вкочевывают киргизы также Перовского и Казалинского уездов Сыр-Дарьинской области. По данным областной администрации количество кибиток, вкочевывающих в Тургайскую область в 1878 году определялось в 60.000-70.000 семейств. Несомненно, колонизация Актюбинского и Кустанайского уездов не могла не сократить количество вкочевывающих туда киргизов других уездов и областей. Однако, судя по тем данным, по которым лишь через Тургайский уезд проходит до 5000 кибиток киргизов

Сыр-Дарьинской области, количество вкочевывающих из Перовского и Казалинского уездов должно быть и в настоящее время очень велико.

Кроме сказанного не следует упускать из виду еще одну важную сторону экономической зависимости южных уездов от северных – это снабжение хлебом населения бесхлебных уездов Тургайской области и всех вкочевывающих из Сар-Дарьинской области; они либо покупают, либо сеют хлеб в северных уездах. По данным переписи, произведенной Переселенческим Управлением в 1918 году в Тургайском уезде и в 1911 году в Иргизском, потребление хлеба населением названных уездов выражается в 869. 826 пудов в Тургайском уезде и в 1.030.449 пудов в Иргизском.

В заключении считаю нужным упомянуть, что съезд ветеринарных врачей Тургайской области и Оренбургской губернии, происходивший в 1912 году в городе Оренбурге при рассмотрении вопроса об улучшении животноводства в области высказался в смысле необходимости сохранить на местах летних стойбищ необходимую площадь пастбищ; затем, считаю нужным упомянуть также о том, что при разработке степного положения 1891 года, ввиду вышеизложенного зависимости между вышеназванными уездами, государственный совет отклонил мнение комиссии сенатора Плеве, предлагавшей присоединить Актюбинский и Кустанайский уезды в порядке управления к Оренбургской губернии.

Когда бюрократический государственный совет не мог решиться на шаг, губительный для кочевого населения целого района и его скотоводческого хозяйства, которое в данное время, вследствие уменьшения вообще количества скота в России, имеет весьма важное государственное значение, не думаю, чтобы сознательно решились на то народные избранники Советской власти» [8].

Қорытындылай келсек, ұлт зиялысы, алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы өзінің бар өмірін елдің тәуелсіздігі мен оның жарқын болашағы үшін саяси күреспен өткізген. Қазақ жерінің тұтастығын сақтау жолында көп күш жұмсаған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар / Құраст. Д. Әшімханов. – Алматы: Жалын, 1992. – 544 б.
2. Смағұлова С. Қарқаралы петициясы // Қазақ тарихы. – 1996. – № 1. – 47-49 б.
3. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
4. Сәрсекеев Қ. Ұлт ұстазы // Егемен Қазақстан. – 2003. – 30 қазан. – 3-б.
5. Қазақстан наркомдары. 1920-1946 жж. Өмірбаяндық анықтамалық / Құраст. М.Х. Жакыпов, А.С. Зулкашева, А.Н. Ипмагамбетова, Е.В. Чиликова. – Алматы: «Арыс», 2007. – 400 б.

6. Бейсембаев С. Ленин и Казахстан. – 2-е изд., доп. и перераб. – Алма-Ата: Казахстан, 1987. – 392 с.

7. Қазақстан тарихы. Хрестоматия / Құраст. М.Қ. Қозыбаев, І.М. Қозыбаев. – Алматы: Атамұра, 1994. – 256 б.

8. Қойгелдиев М. Ахмет Байтұрсыновтың ресми баяндамасы // Қазақ тарихы. – 1993. – № 3. – Б. 40-43.

Сәуле Есембекқызы ТАПАНОВА,
ЕҰУ профессоры, ф.ғ.д.

ПУБЛИЦИСТИКАДАҒЫ ӘДЕБИ СЫН

Сағат Әшімбаевтың тілімен айтсақ: «Сын – өнер. Сын – уақыт қажеттілігінен туған, қоғамдық эстетикелық, фиолософиялық ой-сананың өзгеше бір формасы»[1.267- б.].

Қазақ сынының алғаш тууына ерекше әсер еткен Абай шығармашылығы екені тарихтан белгілі. Абайдың өлеңдері мен қара сөздері, тіпті поэмаларының тәрбиелік мәні қазақ тұрмысын, қазақтың мінез-құлқын сынға алу арқылы ерекшеленеді.

XIX ғасырдың екінші жартысында “Түркістан уалаяты”, “Дала уалаяты” газеттерінің бетінде әдебиетке қатысты материалдардың жиі көрінуі әдеби сын тарихындағы жаңа кезеңнің басы болды. “Айқап” журналы мен “Қазақ” газеті беттерінде жаңа кітаптардың шығуы туралы хабарлардан бастап, жекелеген жазушыларға арналған ғұмырнамалық мақалалар, әдеби шолулар, түрлі тақырыптағы мақалалар көптеп көріне бастады. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров т.б. қазақ әдебиеті жайлы құнарлы пікірлер айтты.

XX ғасырдың 20-жылдары қазақ әдебиетінің жаңа дәуірде қандай бағытта дамуы керектігі туралы көрнекті әдебиет қайраткерлері жайлы қызу пікір алысулар болды. Әсіресе Абай, Мағжан шығармашылықтары жайлы айтыстар өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарындағы әдеби сынның орталық мәселелеріне айналды. А.Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқышы” (1927), Х. Досмұхаметовтің “Қазақ халық әдебиеті” (1928), Ғ.Тоғжановтың “Мағжанның ақындығы мен Жүсіпбектің сыны” (1926), “Әдебиет және сын мәселелері” (1929) сияқты еңбектер қазақ әдеби сынының жаңа биіктерге бет алғанын байқатты. Ұлттық әдебиетіміздің түрлі мәселелері жайлы С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, І.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Тоғжанов, Н.Төрекұлұлы, С.Қожанов, Ғ.Досмұхамедов, С.Сәдуақасов, Қ.Кемеңгеров, Ә.Бәйділин, Х.Жүсіпбеков, Е.Бекенов, Ш.Тоқжігітов, Б.Кенжебаев т.б. өз ойларын ортаға салып, әдеби өмірде белсенділік танытты. Әдеби сынның аннотация, рецензия, мақала, айтыс мақала, шолу, шығармашылық портрет

сияқты түрлері баспасөз бетінде жиі көрініп, жанр ретінде қалыптасты. Соғыстан соңғы кезеңде әдеби сынның көкжиегі кеңіп, әдеби ой-толғамдардың ғылыми негізі арта түскенімен, әдебиеттің партиялық принципі барынша қадағаланып отырды.

Әдеби сын саласында А.Сүлейменов, З.Серікқалиев, Р.Нұрғалиев, Т.Тоқбергеновтер көрінсе, оған жалғаса 70-жылдары С.Әшімбаев, Б.Сарбалаев, Қ.Ергөбеков, Б.Ыбырайымов, Т.Шапаев т.б. келді. Жетпісінші жылдары әдеби сынның дамуына мол мүмкіндіктер жасалынды. Мерзімді басылым беттерінен сын бөлімі тұрақты орын алды; “Уақыт және қаламгер”, “Сөзстан” сын мақалалар жинақтары тұрақты шығып тұрды. 80-жылдардың соңына қарай елімізде басталған түбірлі бетбұрыстар қазақ әдеби сынына да тың серпіліс әкелді; алға жаңа міндеттер қойды. Мұндай үлкен міндеттерді атқаруға сынның ғылыми сипаты артып, әдебиеттану ғылымының өрісі кеңейе түсті. Қазіргі кезде әдеби сын жан-жақты өркендеп, жанрлық түрлері дамыды. Аталған салада сыни мақала, сыни пікір (рецензия), шолу мақала, эссе (публицистикалық немесе ғылыми очерк), сыни-монография т.б. жанрлық түрлері дами бастады.

Қазіргі қазақ сынының дамуы арнайы зерттелеген жағдайда Әмірхан Меңдеке есімінің аталуы орынды деп білеміз. Ол қазіргі қазақ журналистикасындағы үкілеп бетке ұстар көрнекті көсемсөзші ғана емес, сарабал сыншыларымыздың бірі. Сағат Әшімбаевше айтсақ «бұл ешқандай да дәйексіз, дәлелсіз ділмарсу, елексіз еселеп енші бөліп беру ғана емес, бұлғаң-бұлтақсыз, бұлтартбай бас идіретін ақиқат жай» [1.272-б.]. Оның айғағы – 2001 жылғы «Елорда» баспасынан жарық көрген «Сөз өнері; серті мен дерті» атты сыни мақалалар жинағы.

Жоғарыда «сын - өнер» деп белгілі пікірді қайталадық. Өнер болса, оның да өзіндік ерекшелігі, жазылу стилі, мазмұны мен түрі, көркем заңдылықтары бары да күмәнсіз. Ә.Меңдеке сындары да осындай өзгешелігімен көзге ұрып тұрады. Өзгешелігі сол – автор сындары публицистикалық пафосқа толы келеді. Қай кезеңде болмасын ұлттың руханияты үшін еңбек етіп, қоғамдық ақыл ойдың өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан әрбір қаламгер шығармашылығын ғылыми тұрғыдан бағалап, болашаққа бағдар жасау сөз өнері атаулының атқаруға тиісті төл ісі болып саналған.

2001 жылы «Елорда» баспасынан жарық көрген «Сөз өнері; серті мен дерті» топтамасына аталған тақырып пен автордың сын мақаласы енген. Сыншы мұнда «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде «XX ғасыр: қазақтың жүз әңгімесі» деген мәртебелі айдармен 70-жылдары жарық көріп, оқырман назарына қайта ұсынылған үш әңгімені тіліне тиек етеді. Енді автордың әдеби сынына өзек болған осы үш әңгімеге жекелей тоқталсақ.

«Қазақ әдебиеті» газетіндегі жарияланған Мұхтар Мағауиннің «Архив хикаясы» қысқа әңгіме болса да ауқымды мәселені көтерген. «Архив хикаясы» әңгімесінде М.Мағауин адам бойындағы арлылық пен арсыздық, достық пен дұшпандықты, әділдік пен әділетсіздік секілді мәселелерді күн тәртібіне қоя білді. Айналасы 20 айдың ішінде архивтен қазақ тарихына байланысты, әлі еш

жерде басылмаған, ғылымға белгісіз аса құнды документті тапқан жас аспирант жігіт Сембек, дәл тура сол материалды Сембектен бұрын Сәмбет шалдың 7 жыл бойы іздеп тауып, бірақ жарияламаған, жариялауды қажет етпеген, атақ-дәрежеге қызықпаған, тек қана шындықты жазғысы келген, бірақ жаза алмаған, «жаздырмағанын» көреміз. Ал сол Сәмет шал Сембекке де материалды жариялауды тыйым салады.

М.Мағауин бұл жерде қысқа әңгіме бойына салмақты да салиқалы идеялық мазмұнды сыйдыра білген. Жазушы қай шығармаларында болсын өз қоғамының рухани – адамгершілік деңгейін көрсетуді мақсат қып ұстап, сол жолда авторлық позициясын мейлінше ашық айтып отырады.

Ал енді сарабал сыншы тұрғысынан Әмірхан Меңдекеде «Архив хикаясын» өзіндік дүние танымымен талдайды. Аталған әңгімедегі Сәмет пен Сембек туралы «Мұның екеуі де - өте білімді, аса таланытты. Екеуі де ғылымды сүйеді. Еңбекқор. Ізденгіш. Қажырлы. Әлеуметтік қиыншылықтардан да, қоғамдық кедергілерден де қорықпайды. Бірақ мұның екеуі де ең зор кедергі-кесапаттың сыртта емес, өз іштерінде жатқанын, яғни өздерінің «өзімшілдік» дертпен ауырғанын сезіне алмайды. Және сезінбей-ақ мына өмірден өтіп кете барады»[2.46-б.] деп екі кейіпкердің өзі түйсінген пенделік болмысын оқушыға ұсынады. Бұл анықтамасын дәйектілендіру үшін Құран парақтарындағы адамшылық туралы айтылған Құдай сөздерінен («Егер сендер ешбір күнә жасамасаңдар да, алдағы күндері күнәға итермелейтін өз бойларыңдағы құлықтардан қорқамын. Ол - өзімшілдік, өр көкіректік...») нақтылы үзінділер келтіреді.

М.Мағауиннің аталған әңгімесі мерзімді басылымда алғаш «Мұрагер» деген атпен жарық көргені белгілі. Сыншы осыны тілге тиек етіп, мақала соңында «Біз сонау Адам ата мен Хауа ана, Абыл мен Қабыл заманынан бермен қарай тек ізгіліктерді ғана емес, сонымен бірге іштарлықты, бақастықты, қызғаншақтықты да мұртын бұзбай мұраланып келе жатқан жоқпыз ба?» дей келіп, осы тұрғыдан өзіне «Мұрагер» деген бұрынғы атау әлде қайда астарлы, ішті, мағаналы боп көріне беретіндігін жазады. Бұл ойына әңгімедегі Сәмет шалдың өзімшілдігін Сембектің мұралағандығын, енді Сембектің өзімшілдігін ертең тағы біреу мұраланатынын дәлел ретінде келтіреді.

Ал енді Шерхан Мұртазаның «Алтын тікен» атты әңгімесіндегі эстетикалық қадір-қасиетінің дәрежесі қай деңгейде? Бұған жауап іздеу үшін Ә.Меңдекенің аталған шығармаға жазған сын мақаласына үңілейік.

Сыншы жазады: «Көркемдікті жақсы көру, әдемілікті аңсай білу арқылы өз жанын өзі жылытып, өз көңілін өзі жуындырып жүрген Қалтырауық шалдың жүрегіндегі шұғыла мен нұрға, ынсапқа қарап отырып, Дәуіт пайғамбардың шамдалының жарығы түскендей, өз жаның да нұрланып, кеңейіп сала береді» деп. Мұндағы Қалтырауық шал кім? Ол Ш.Мұртазаның «Алтын тікен» әңгімесіндегі бас кейіпкер, өмір бойы ауыл-үйдің сиырын бағудан қолы бір босамаған қартайып, жасамыс тартқан қазақтың қарапайым қара шалы. Ойлы оқушыға осыдан өмір бойы ауыл үйдің сиырын бағып, бар

ғұмырын тіршілік күйбеңіне құрбан еткен жұпыны шалдың мағанасыз өмірінде өзін өзі жұбата алатындай қайдағы әдемілік болуы мүмкін деген заңды сұрақ туады.

Бұл сұраққа жауапты аталған мақаласында сыншының өзі береді. «Рас, Қалтырауықтың өмірі әдемі емес. Әдемі деуге ешкімнің де аузы батып бара қоймасы анық. Алайда Қалтырауықтың өмірі әдемі болмаса да, оның өмірінде әдемі сәттер бар! Әдемі сәттердің жүректе қалдырған әдемі іздері бар! Қай жылы еді? Баяғыда, бозбала шағында Қалтырауық «тамағы ақ қағаздан да аппақ» сұлу құдашаның қылықты бойжеткеннің тұсына барып «Біздің ауыл бурылдың төрінде отыр» деп шалқытып бір ауыз өлең айтқан. Міне, осы сәулелі сирек сәтті Қалтырауық ұмыта алмайды. Ұдайы есіне алып, әлгі тым қысқа, тым шолақ, баянсыз, бірақ тәтті, шұғылалы әдемі сәтті көкірек көзі мен көңіл дүниесімен жиі іздейді» [2.48-б.].

Қасиетті Хадис бұй дейді:

«– Я, Расулалла, адамдардың абзалы қайсы?

– Әрбір таза жүректі адам.

– Таза жүректілік деген не?

– Көркемдікті жақсы көру, Әдемілікті аңсай білу»

Сыншы осындағы көркемдіктің бір ұшығын аталған әңгімедегі бас кейіпкер Қалтырауық шалдың жүрегіндегі сұлулықпен байланыстырады. Әмірхан Меңдеке өз мақаласында Ш.Мұртазаның «Алтын тікен» әңгімесін осылай талдайды.

Бұл туралы белгілі сыншы Дандай Ысқақұлы «Сөз өнері» атты кітабында былай деп жазады. «Эстетика өнердегі әсемдіктің, сұлулықтың заңдылықтарын зерттейтін ғылым және сол өнердегі бір бөлік көркем әдебиетті қарастыратын сала болып саналды. Жалпы сынды эстетикалық категория ретінде танытын ғалымдар да жеткілікті. Әдеби сынның көркемдік қасиеттеріне келетін болсақ, сын әдебиеттану ғылымының бір саласы болғандықтан, қашанда көркем бейне жасап, көркем шығарманы талдауда, өз ойын ашық айта отырып, дәлелдеу мақсатындағы бейнелер мен табиғат көрінісін әсемдеп көрсетуі мүмкін. Егер көркем әдебиет көркем образ жасай алатын болса, ол әдеби сынға да тән қасиет екенін айта кету керек. «Бастан аяқ бейнелі түрде жазылған шығарма көркем әдебиет те, ал талдауға құрылса ғылыми еңбекке жатады. Сонда сында осы екі түрлі қасиет те, оның ішінде көркемдік сипаттар да болуы керек»[3.15-б.].

«Міне, керемет!» қазақ қара сөзінің хас шебері Әбіш Кекілбаевтің 1978 жылы жазған әңгімесі болатын. Сыншы Ә.Меңдеке аталған әңгімеге өз сынын «Әлгі бір арифметика оқулықтарында жазылатын еді ғой. Дәл сондай бір үлкен тораптық станцияға екі жақтан екі поезд келе жатты», - деп өзгешелеу басталатын осы әңгімеде жасырын психологизм арқылы берілген өзегінді өртейтін қасірет жатыр» деп бастайды. Ол қандай қасірет? Әуелі осыған жауап іздеп көрелікші. Ол үшін аталған әңгімедегі автордың құрған оқиға желісін ой елегінен өткізгеніміз жөн болар. Әңгімедегі басты болған оқиға мынадай: «Станцияда бір мезгілде тоқтаған екі поездан сыртқа бой сергітуге шыққан екі

жолаушы бір-бірімен кездейсоқ ұшырасып қалады. Кезінде бұл екеуі институтты бірге бітірген. Бірін-бірі көрмегеніне он жеті жыл болған. Енді бірін-бірі көрмегеніне он жеті жыл болған осы екі азаматтың, бүгінгі тілмен айтқанда қазақтың екі зиялысының ә деп көріскеннен бір-біріне айтқан әңгімесіне құлақ түріңізші.

«– Аудандағы азғантай бастықтың бірімін, – дейді шалғай облыс жақтан келе жатқан поездан түскен жолаушы.

– Тресте орынбасармын, – Астана жақтан келе жатқан поездан түскен жолаушы.

– Әйелім дәрігер, – дейді алыс ауданның азғантай бастықтарының бірі.

– Менің зайыбым оқытушы, институтте сабақ береді, – дейді Астанадағы трест бастығының орынбасары.

Осы келтірілген мысалға тағы бір зер салып көріңізші. Бір-бірін он жеті жыл бойы көрмеген достар. Бір-бірімен сағыныса, достарша жағдай сұрасып тұрған жоқ. «Кім жақсы тұрады? Мен бе, сен бе? Кімнің қызметі үлкен? Менің бе, сенің бе?» дүние жарыстырып, қызмет таластырып тұр. Әмірхан Меңдекенің аталған әңгімеге жазған сын мақаласындағы «жасырын психологизм арқылы берілген өзегінді өртейтін қасірет» деген талдауына енді көзіңіз жетеді. Станцияға аз ғана аялдаған екі поезд екі жаққа жүріп кетті. Әлгі достар да бір-бірімен «қимай қоштасып», әр қайсысы өз поездарына мінді. Жайлы купеде келе жатып та әлгі екі дос бір-бірімен ойша «тірлік жарыстырумен» болады. Біріншісі екіншісінің тірлігіне, ал екіншісі біріншісінің тірлігіне қызығады. Сондағы екеуінің бір-біріне қызығуының түрі мына сипатта: «Астанада пәтері, тауда дачасы бар екен...», «Туфлиы қандай әдемі...», «Институтта сабақ берсе, әлгінің әйелі нағыз сауын сиырдың өзі болып шықты ғой...», «Аудандағы азғантай бастықтың бірімін дейді, енді бір секірсе бірінші бастықтың өзі болып кетуі мүмкін...»[4.67-б.] және т.с.с.

Ә.Меңдеке өз сынында «Міне, керемет!» атты бұл әңгімедегі «жасырын психологизм арқылы берілген өзегінді өртейтін бұл қасіретті» ғана айтып қоймай, керек десеңіз оқушыға осы қасіреттің түп-тамырын ашып көрсетіп, туындау себебін айқындап береді. «Міне, екі достың бір-біріне қызығуының түрі! Таза «гастрономиялық» қызығушылық. «Материалдық» талғамнан туындағы қасиетсіз, қортық қызығушылық.

Сыншы мақала соңында «автор өз кейіпкерлеріне ат қоймапты. «Екі дос», «Екі еркек», «Еркектер», «Жолаушы» деп қана атайды. Біздіңше бұл шешім әбден дұрыс болған. Рухани болмысын ұмытқан адамдарға ат қоюдың не керегі бар...» деп әңгімедегі тағы бір ерекшелікке тоқтала кетеді. Ә.Кекілбаевтің «Міне, керемет!» атты бұл әңгімесі бұдан басқа да сын мақалаларда тілге тиек етілген. Мәселен, белгілі сыншы Бекділда Алдамжаров «Өнердің таптырмас сиқыр шөбі» атты Ә.Кекілбаевтің жалпы шығармалары жайында жазған сын мақаласын аталған әңгіме туралы мынадай сыни пікір білдіре кетеді:

«Міне, керемет!» әңгімесінің формасы қызық. Мұнда да жазушы курстас достарды араға біраз жыл салып, өмір турасында қалыптасып біткен

түсініктердің ішкі қақтығысын зертейді. Әр түрлі ортада болған достардың енді ой-түсінігі бір-бірінен бөлек. Өмірінің поездары да екі бағытқа қарай зулап барады. Олар жаңа ғана атшалдырған стансадан ойы бір, тілегі бір жас дәуреннің символындай болған қауынды сатып ала алмады. Сатып алуға хақылары да жоқ еді. Тіптен екеуінің де естерінен қауын шығып кетті. Тек оған екі бағытта кетіп бара жатқан екі бала ғана шынымен өкінеді. Автор осындай контраст арқылы өзгеше шешім жасайды. Өмірді өзінше көріп-білген, жігіт ағасы боп қалған кісілердің ойлары мен албырт балалардың қиялы қарама-қарсы қойылады. Осыдан-ақ суреткер позициясы анық танылады»

Әдеби сын қашанда әлеуметтік сипатымен ерекшеленеді. Сын әлеуметтік-саяси мәселелерге еркін араласа алады. Осыған байланысты Ахмет Байтұрсыновтың мынадай сөзі бар: «Қара сөзде әдебиет жүзінде таласы көп сөздер әлеумет мәселелері турасындағы пікірлерде болады. Тұрмыс мәселесі – тоқсан түйіннің тоғысып, шиеленісетін жері. Оны дұрыс шешуге көпті көрген көсем болуға керек. Адамның, халықтың, я бір таптың мінезін, құлқын, салт-санасын, жан-дүниесін, ой-жүйесін, тарихын, мұң-мұқтажын жақсы білетін дана болу, ғалым болу керек... Тұрмыс мәселесі деп айтатын, айтылатын адамшылық мәселесі, яғни өмір бақытты болу мәселесі, ошақ басының, жұрт қамының, мемелекеттік жайлылығының, дүние тыныштығының мәселесі. Мұндай ұлы, ұйысқан мәселелерді шешу оңай нәрсе емес: ондай ірі іс ердің ерінің, дананың данасының ғана қолынан келмек» [5.221-б.].

Аңғара білсек жоғарыда біз тоқталып өткен Әмірхан Меңдекенің әдеби сынындағы әңгімелерге жазылған аталған сын мақалаларындағы негізгі тақырып та осы әлеуметтік мәселелер екені даусыз.

Бұл тарапта Әмірхан Меңдекенің сын мақалалары оқушысын осындай қырларымен өзіне тартып, ойлантып толғантып, баурап отырады. Ол ойыңа ой қосып қана қоймайды, өзімен бірге ойлантады.

Сын жазу кезіндегі мақсат сыншының арманындағы биік мұраттан туады. Анығырақ айтсақ, сын жазбас бұрын сол шығарманың табиғатын дәл танып, оның ешкім байқамаған ерекшеліктерін, артықшылығын анықтап алу қажеттігі кез келген сыншыға қойылатын талап-міндеттердің бірі. Зерттеуші, сыншы Зейнолла Серікқалиев өзінің «Сын кітабы» атты еңбегінде былай дейді: «Сын беделін көтеру сын қадірін түсірмеуден басталады. Сын беделін көтеруге ең алдымен сыншылардың өздері күш салуға тиіс. Әлдебір шығармасының сәтсіздігі үшін сыналған адам қатты қиналса да, сол сыналуын сынның өзіне деген достығы, туысқандығы, әдебиет жұртшылығының өзімен бірге қиналып, бірге қынжылуы деп білетін болса, яғни сөз етуге тұрарлық, үлкен әңгіме туғызуға татитын бірдеңем бар екен деп ұғатын болса қандай жақсы» [1.184-б.].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Серікқалиев З. Сын кітабы. Алматы: Жазушы, 1997.
2. Меңдеке Ә. «Сөз өнері ; серті мен дерті». – Астана: «Елорда», 2001.

3. Ысқақов Д. Сын сымбаты. Алматы, 2000.
4. Меңдеке Ә. Үш әңгіме «Қазақ әдебиеті» газеті, №29 (1423) 17 қазан 2003.
5. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы 1989.

Самал АСҚАР,
*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті
журналистика және саясаттану
факультетінің 1-курс магистранты*

Ғылыми жетекші: Ғалия Манатқызы АҚСЕЙІТ,
*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті
журналистика және саясаттану
факультетінің доценті, ф.ғ.к.*

ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ТҮЛҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙРАТКЕРЛІК ҚЫРЫ

Өз заманында ұлтына, ұрпақтар сабақтастығына елеулі үлес қосып, болашаққа да өшпейтіндей үлкен еңбек сіңіріп кететін біртуар азаматтар болады. Тұрсынбек Кәкішұлын да ұлт жанашыры, қоғам қайраткері ретінде жақсы танимыз. Еңбектері мен естеліктері ұмытылмай, тағылымды өмір жолы, адам ретіндегі болмысы, ғалым ретіндегі атқарған қызметі мен нәтижесі айтылып та, жазылып та жүр. Тұрсынбек Кәкішұлын алып бір бәйтерек ағашына теңесек, ғалым ретіндегі еңбегі оның бір тармағы ғана. Әдебиеттанушы, сыншы, тарихшы ретіндегі қызметі сол алып бәйтеректің қалған бұтақтары іспеттес. Оған осы салаларда жасаған еңбектері айқын дәлел.

Тұрсынбек Кәкішұлы тарих алдындағы абыройлы міндеттерін де арқалап, болашақтың да қарымтасын өнегелі өмір жолында әдемі үйлестіре алған. Өзінің «Дәуір суреттері», «Сын сапары», «Оңаша отау», «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» атты авторлық кітаптарын тарих пен ғылым жолындағы ұзақ ізденісінің әдемі қорытындыланған нәтижелері деп айтуға болады. «Сәкентану» жолындағы еңбегі тіпті бөлек әңгіме. Ұзақ уақыт бойы табандылықпен Сәкен Сейфуллиннің болмысын, өмірбаянын, тұлғалық қасиеттерін, туындыларын зерттеп, өзі де осы бағытта талай еңбектерді жарыққа шығарды.

Белгілі бір тұлғаны зерттеу – ол өмір сүрген ғасырды, сол қоғамды, оның ортасын бес саусағындай білу. Сәкен Сейфуллин туралы ізденіп, зерттеу арқылы ғалым Тұрсынбек Кәкішев ұзақ уақытын, жанын салып кіріскенін

анық байқауға болады. Ол Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығын ғана емес, түгел болмысын, өмір жолын танып, терең зерттеу жұмыстарын жүргізді.

«Алаш мұратын асқақтатқан, «Алыптар тобына», мысалы, С.Сейфуллин, С.Мұқанов адалдық танытқан профессор Т.Кәкішұлының әдеби-зерттеу еңбектері – ұлт руханиятына қосылған қымбат қазына ретінде елмен бірге жасап, орта және жоғары мектепте қолданылып, жаңа буын – жас ұрпаққа танымдық-тағылымдық қырларымен, деректік-құжаттық Іәм көркемдік-рухани құндылықтарымен қызмет ете береді»-деп филология ғылымдарының докторы Рақымжан Тұрысбек ғалымның зерттеу еңбектеріне нақты баға береді [1].

«Мен 1968 жылы «Қызыл сұңқар» деген кітап шығардым. Қазақтың түрлі сөзі болатынын білдім де, үндемей-түндемей 1972 жылы бұл кітапты Мәскеудің «Жизнь замечательных людей» сериясынан орысша шығардым. 1976 жылы «Жалын» баспасынан «Өнегелі өмір» деген серия ашылғанда оны бастап шыққан да менің осы Сәкен жайлы кітабым болатын. Екінші болып Медеу Сәрсекеевтің Қаныш Сәтпаев жайлы кітабы жарық көрді. Бірақ, ол кезде Қазақстан компартиясының орталық партия комитетінде Сәкенді де, Қанышты да жарқыратып көрсетейік деген ниет болған жоқ. «Қалай шығармаймын дейсіңдер, бұл Мәскеуден шығып қойған кітаптың аудармасы» деп жүріп, зорлықпен жариялатқан дүнием ол менің. Одан кейін «Дала дауылпазы» деген атпен шықты. Алла жазса, жақында «Нартұлға» деген атпен тағы шығады» - деп айтып кеткен Тұрсынбек Кәкішұлының [2] өз сөзінен-ақ ғылым жолының оңай бағына салмағанын байқауға болады. Ғалым ретіндегі табандылығы, автор ретіндегі жанкештілігі болмаса ол жазған еңбектердің де басылып шыға қоймайтыны анық еді. Тарих алдындағы абыройлы атқарылған міндеп деп отырғанымыз осы жоғарыда жазылған кітаптар, үлкен зерттеу жұмыстары. Одан бөлек ғалым ретінде «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ Кеңес әдебиеті тарихы», «Көп ұлтты кеңес әдебиетінің тарихы» атты көлемді зерттеу жұмыстарының жазылып, жарыққа шығуына көмектесті.

«Тұрсынбек Кәкішұлы да қазақ руханияты мен әдебиеттануына зор үлес қосып, өзіндік сүрлеуін салды. Архив материалдары мен құжаттарын зерттеудегі табанды еңбектері – рухани әлеміміздің өрісін кеңейтіп, жаңа леп әкелді»-деп профессор С. Жұмағұл ғылым жолындағы ерен еңбектің сипатын аша түскендей [3]. Тарих алдындағы тегеурінде мінезбен, табандылықпен жүргізген зерттеу жұмыстары, кітаптары мен еңбектері-үлкен орындалған миссияның бір көрінісі.

Тұрсынбек Кәкішұлы болашақ үшін де өз жолын салып, еңбек еткен тұлға. Алаш мұратын асқақтатқан Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов сынды тұлғалар туралы профессор Т.Кәкішұлының әдеби-зерттеу еңбектері – ұлт руханиятына қосылған қымбат қазына ретінде жаңа буын, жас ұрпаққа білім, ғылым, мәдени, тарихи форматта мәңгілік қызмет ете береді. Оның соңында қалған бай, мол мұрасы өткен мен бүгіннің, болашақтың арасын жалғап, ұрпақтан ұрпаққа жалғаса беретіні анық. 1968 жылдан бастап университет

кабырғасында шәкірт тәрбиелеп, сабақ береді. Ғалымдар арасында «Кәкішев мектебі» деп аталып кеткен термин де бар.

Ғалымның азаматтық, қайраткерлік, тұлғалық болмысы туралы замандастары да ерекше еске алып, естеліктерін айтып отырады. Ғылым әлеміне танылуға жасаған алғашқы қадамынан бастап, ғұламалық, деңгейге дейін жеткен барлық тағдыры уақыт легінің ізімен тарихи тұрғыда таразыланған «Нартұлға» [4] атты кітап та жарық көрген. Кітапта Т.Кәкішұлының қайраткерлік, азаматтық, ғалымдық, жазушылық, сыншылдық секілді тұтасқан тұлғасына ақиқатты түрде әділ баға берілген. Әдеби-ғылыми ғұмырнамада кеңестік дәуірдегі саяси идеологияның ғылым, әдебиет пен өнерде жасаған кесепатты кескін-келбеті туралы жаңаша пайымдаулар да келтірілген. Ғалым туралы естеліктер жан жақты топтастырылған.

Тұрсынбек Кәкішұлының тұлғалық болмысы ашылмай жатқан кітап іспетті. Оқи қалсаң, іздене түссең тағылымды ғұмырдың артында жатқан көлеңкелі тұстарды да көруге болады. «Қуанса, ағынан жарылып, адал қуанатын, қайғырса, көзінің жасын сығып тұрып, адал қайғыратын дос, туыс, әке, ұстаз Тұрсекеңнің нар мінезін, қайсар қалыбын, өзгеге ұқсамайтын болмысын танытар сол қасиеттерінің сан мәрте куәсі болғаным бар. Сәбеңнің – Сәбит Мұқановтың жүз жылдығы тұсында баладай болып қуанғанын, досы Зекең – Зейнолла Қабдолов пен шәкірт-інісі – Сағат Әшімбаевтың қазасының тұсында көз жасын сығып тұрып, күңіреніп сөйлегенін қалай ұмытуға болады?!» - деген шәкірті ген шәкірті Нұрланның естелігінен-ақ жан тазалығын, көпке көріне бермейтін қасиеттерін байқауға болады [5].

Тұрсынбек Кәкішев ғылым жолындағы қызметінен бөлек қоғам алдындағы жауапкершіліктен де таса қалмады. Үнемі ұлттық мәселелерді көтеріп, мемлекеттік деңгейдегі жауапкершіліктерді қатар ала жүрді. Бір сұхбатында «Кеңес кезеңінде де, бүгін де менің бар арманым қазақтың еңсесін тіктеп ел болуы, өзгелермен тең болуы еді. Бүгін тәуелсіз елміз. Ал, тәуелсіздіктің тірегі – тіл. Ахмет Байтұрсынов «Тіл кетсе бәрі кетеді» деген болатын. Қоғамымызда тілдің кетіп бара жатқаны шындық» [2] - деп тіл мәселесінен бастап көтеріп, саяси тақырыптар туралы да ашық айтады.

«Өмірден қайтарынан бірер жыл бұрын сексеннің сегірін сықырлата нық басқан Тұрсекең жары Күләш Ахметованы ертіп, Жазушылар одағына келді. Әлдебір аманат айтқысы келгендей сұраулы жүзі толқып отырды. Алдында ғана жүрегі мен көзін емдетіп шыққанын білемін. Жағдайын сұрадым.

– Кәкішевті кім айтты саған, нашар жігіт деп?! Көріп отырсың... Жағдайым жақсы. Жақсы болғандықтан, мына Күләшті ертіп, джип мініп, жолға шыққалы жатырмын – деді ағамыз қалжыңға жығып.

– Бағытыңыз? Қайда бармақсыз?

– Алла жазса, Алматы – Астана – Көкшетау...

– Дәрігерлер рұқсат берді ме?

– Берді...

Мырс етіп күлді:

– Тәңір дейтін ұлы дәрігерден рұқсат сұрап, жолға шықпақпыз... Құдай бұйырса, екі-үш күннен соң... Көкшетау... Қызылжар... Омбы...

– Мынауыңыз...

– Алла нәсіп етсе, одан әрі Төмен, Сарытау, Орынбор, Орал бармақпын. Рулевойым – Күләш. Архивтерді қопару үшін барамын – деді.

Күлекене бұрылып едім:

– Ағаңыз барамын деп көнбейді... Алған бетінен қайтпайтынын өзіңіз де білесіз ғой ... – деді ол кісі.

Айтқанынан қайтпай сол жаз Ұлы даланың сан тарау жолдарын артқа тастап, профессор Тұрсынбек Кәкішев ежелгі қазақ жұртының біраз белдеулерін аралап қайтты...»[5]. «Кәкішев мектебінен» шыққан шәкіртінің осы бір естелігенен-ақ көп дүниені аңғаруға болады. Ол өмірінің соңғы жылдарына дейін ғалым өзінің өмірлік миссиясына, мамандығы мен тарих алдындағы міндетіне адал болды. Шәкірттері үшін де барлық бағыт бойынша үлгі алатын мықты ұстаз болды. «Зерттеу мен зерделеу дейтін ұлт өткені мен ұлт бүгінінің арасына алтын көпір салған үлкен жүректі ғалым, ұлт болмысын тану мен бағалауда, ұрпақ ойы мен санасын тағалауда өз мәнері, өз үлгісі бар кемел бітімді ұстаз болатын. Түрсекең айтса, кесіп айтатын. Біреуге ұнап қалайын, біреудің қабағын жұмсартайынды білмейтін»[5].

Адамның азаматтығы мен қайраткерлігін жанында жүрген шәкірттен артық кім айтсын?! Алдына келген шәкіртке қатаң талап қойып, қаталдық танытаныны болмаса, өмірде ұстаз ретінде барлық шәкірттерін қанатының астына алып жүретін болған. Ұстазының болмысы туралы шәкірттерінің бірі өзінің «Кәкішұлының кемеңгерлігі» атты мақаласында ақтарыла айтады: «Ол, қай тұста, қандай мінберде сөйлесе де адалдыққа араша болуға тырысады, жас ұрпақ болашағына алаңдайды, ұлт тағдыры үшін күйіне тіл қатады. Қашан болса да әдебиет жайлы, сол әдебиеттің көркем нақышпен көмкерілген нұсқаларын жасаушы қаламгерлер жайлы, өрелі өнер мен өміршең ғылым, иманды білім мен ибалы тәрбие жайында ой-толғаныстарын ашық білдіріп жатқаны. Таза шындық пен әділдік жолында жалтақтауды білмейтін, жағынуды жаны сүймейтін Тұрсынбек Кәкішұлындай абзал ағаның әрқашан да туған ел, өскен орта алдындағы мерейі үстем болғаны бүгінде айдан анық. Жаны жайсаң, жаратылысы жомарт, қайсар мінезді, дарқан көңілді, асыл текті аяулы Ұстаз ғибратты өмірі мен ғылыми мұрасы арқылы келер ұрпақ санасына да тағылымды өнеге қалыптастыруға қызмет ете беретіні, әрбір жаңа буынмен сырласа беретіні ақиқат» [6].

Тұрсынбек Кәкішев – өзіне дейін қозғалмай жатқан қазақ әдебиеті сынын ғылыми айналымға енгізіп, еңбек сіңірді. Тарих алдында елеулі еңбектерімен артына үлкен мұра қалдырды. Саналы ғұмырында ұстаздық қызметімен, болашақтың да есебін түгелдеді. Ұлт пен мемлекеттің деңгейіндегі мәселелерді көтере отырып, елінің сүйікті ұлына айналды. Тұрсынбек Кәкішевтің барлық еңбегі мен қызметі жылдан жылға жаңарып, құндылығы биіктей түсетін асыл қазына екені анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тұрысбек Р. Ұлтқа қызмет ету үлгісі // «Ана тілі» газеті, 23.08.2012. 6-бет.
2. Ақжігіт Ө. Зұлымдықтың бәрі – Еуропдан...» // «Евразия.KZ» газеті, 28.10.2007.
3. Жұмағұл С. Алыптар тобының Ақберені // «Қазақ әдебиеті» газеті, 23.08.2022, 9-бет.
4. Смағұлов Ж. Тұрсынбек Кәкішұлы: әдеби-ғылыми ғұмырнама – Астана: Фолиант, 2017. - 488 б.
5. Тұрсынбек Кәкішев – қазақтың қара нары // «Egemen Qazaqstan» газеті, 23.10.2017.
6. Алпысбаев Қ. Кәкішұлының кемеңгерлігі // «Әдебиет порталы», 07.08.2018.

А.М.СЫЗДЫКОВА,
*Павлодарский педагогический университет
имени Алькея Маргулана*

Г.М.ТОХМЕТОВА,
*Павлодарский педагогический университет
имени Алькея Маргулана*

К ВОПРОСУ ИЗУЧЕНИЯ СОБЫТИЙ 1917 ГОДА В ПАВЛОДАРСКОМ ПРИИРТЫШЬЕ

Политические события начала XX века на постсоветском пространстве недостаточно изучены, не получили объективной оценки в силу различного восприятия исторических событий сторонами. Прииртышье в этот период было регионом, где сложилась своеобразная, многосторонняя и запутанная ситуация. Общество решало множество политических, национальных, социальных, религиозных и других вопросов, в которых нами дается попытка проанализировать и дополнить событийную историю 1917 года.

Изучение родного края позволяет понять историю через конкретные жизненные реалии, осознать то, что «Туған жер» – часть большого, увидеть в судьбе края отражение исторической действительности, осмыслить исторический процесс через призму анализа жизни и деятельности конкретных людей. Изучение и осмысление фактов местной истории и культуры, созданной полиэтническим сообществом, формирует историческую память и культуру толерантности у молодежи, их гражданственность, патриотизм.

В результате Февральской революции 1917 года в России было свергнуто самодержавие, царская система управления была сломлена и у народов колониальных окраин появилась надежда на построение демократической системы управления, а также на возможность создания национальных автономий. 1917 год был временем, когда происходили социально-экономические, политические изменения, переоценка духовных ценностей, когда на историческую арену вышли огромные массы людей с различными политическими, социальными интересами, когда лидеры разных направлений общественной мысли призывали к реализации своих программ.

Успех тех или иных политических сил зависел от предложенных способов решения вопросов войны и мира, земельных отношений, автономии, борьбы с голодом, разрухой. В данной ситуации лидеры Алаш, зная о проблемах казахстанского общества, предлагали их решения, стремясь побудить национальное самосознание, выступали на страницах газет и журналов. Им удалось сформировать партию единомышленников, создать популярные органы власти, установить контакты с мусульманским движением и другими демократическими силами.

В регионах Казахстана, в том числе в Прииртышье, в это время продолжали существовать старые колониальные органы управления, самоуправления (земства) и активно формировались новые (комитеты Советов и др.). К слову, по утверждению семипалатинской газеты «Воля народа», в Павлодарском уезде возникли 34 различных объединения: общественно-политических, культурно-просветительских, профессиональных и других организаций и кружков. Те трудности, с которыми столкнулись местные власти были характерны для Российской империи, но в то же время имели региональные особенности.

Современная историография располагает многочисленными исследованиями различных аспектов истории 1917 года. Долгое время история революций, гражданской войны и других событий XX века изучалась и представлялась односторонне, с позиций марксистско-ленинской философии. Например, опираясь на исследование Гердт Н.Е., мы можем представить как изменялись подходы к изучению истории интеллигенции, где она рассматривалась как: 1. некая цельная, монолитная, враждебная к новому советскому строю масса; 2. «служанка буржуазии» и контрреволюционная сила; 3. интеллигенция была вовлечена в строительство социалистического общества и в ходе этого прошла перевоспитание [1]. Об отношении интеллигенции к революционным изменениям с февраля по октябрь 1917 года и о социально-психологическом состоянии и настроениях масс писал в своей монографии О.Н. Знаменский [2].

В конце XX века в российской и казахстанской историографии появляются работы, в которых исследованы небольшевицкие движения. Исследователи поднимали различные вопросы, связанные с их деятельностью, старались определить их роль и значение в исторических событиях начала XX века. Например, Х.М. Астрахан отмечал о кризисе меньшевизма, так как эта

партия не имела влияния в среде рабочего класса, от имени которого вступала. Но это относилось к многим политическим силам, так как большинство людей, не видя улучшения в жизни, разочаровалось в революции и партиях к осени 1917 года - считает Тюкова А.В. [3]. В своем диссертационном исследовании она осуществила анализ выборов в местные органы самоуправления и Учредительное собрание в регионе, сделала обобщение опыта агитационно-пропагандистской работы политических сил на местном уровне в России. Влияние политических партий на революционные органы и местные земства рассмотрен у Г.А. Герасименко [4].

Многие отечественные исследователи считают, что действия алашординцев стали более организованными после февральской буржуазно-демократической революции. Д.А.Аманжолова в своем исследовании «Партия Алаша: история и историография» рассматривает историю Алашского движения с начала его образования до событий 1917 [5]. На основе сравнения исторических документов с материалами дореволюционной и постреволюционной прессы, предыдущими историографическими взглядами была дана оценка движения Алаш и деятельности его лидеров. В работе анализируются первые этапы становления движения Алаш, участия национальной интеллигенции в восстании 1916 года и пути формирования движения в 1917 году в качестве национальной партии Алаш. Автор показала, что национальная интеллигенция выбрала для развития народа либерально-демократический путь, придерживалась идеей изменения и реформ без силы и оружия. Нельзя не упомянуть другую работу Д.А. Аманжоловой «Казахская автономия и Россия. История движения Алаш» [6]. В ней представлен один из трудных периодов нашей истории – установление советской власти и гражданской войны, автор рассматривает позицию и действия Алаш, проливает свет на многие вопросы, такие как взаимоотношения алашординцев с Сибирским правительством Колчака, Башкирской автономией и др.

Известный историк К. В. Нурпеисов в своей работе «Алаш һәм Алашорда» освещает общественно-политическую ситуацию в Казахстане после Февральской революции, формирование партии Алаш и отношения Алаш-Орды с Советским правительством [7]. Автор считает, что лидеры Алаш смогли сформировать свою собственную доктрину развития нации. Мы считаем значимым достижением, предложенный автором взгляд на статус партии Алаш, как на политическую партию интеллигенции.

М.Койгельдиев в своей монографии «Движение Алаш» рассматривает данное движение в контексте национально-освободительной борьбы народов Востока [8]. Среди многих вопросов – формирование политических взглядов деятелей Алаш, их отношение к событиям первой мировой войны и национально-освободительному движению 1916 года в Казахстане, организация участия казахов в выборах в Государственную Думу – автор уделил внимание изучению материалов газеты «Казах» и сделал вывод, что они были направлены на повышение самосознания народа и открыто не призывали к борьбе против царского правительства.

В последние годы число исследований о жизни и деятельности представителей Алаш продолжает расти. Среди них, работа Г. Ахмедовой «Алаш Алаш болғанда» [9]; монографии М. Кул-Мухаммеда «Ж. Акпаев. Патриот. Политик. Правовед. Политико-правовые взгляды Ж. Акпаева» и «Алаш қайраткерлері саяси-әлеуметтік көзқарастарының эволюциясы» [10]; работа С. Өзбекұлы «Арыстары Алаштың» [11]; монография М.Х. Асылбекова, Э. Сеитова «Алихан Букейхан - общественно политический деятель и ученый» [12]; совместное исследование Б.Тоғысбаева и А. Сужикова «Тарихи тұлғалар» [13]; монография Л.М. Хасанаевой «Қазақ мемлекеттігін жаңғырту үшін күрес: түрлі көзқарастар мен саяси қозғалыстар тарихынан (XX ғасырдың алғашқы ширегі)» [14]; диссертационное исследование Кумганбаева Ж.Ж. «Ұлт зиялы қауымы өкілдерінің автономиялы мемлекет тәуелсіздігі жолындағы қызметі мен іс-әрекеті (1917-1939 жж.)» [15] и другие.

Несмотря на многочисленные исследования по истории революционных событий начала XX века, историография скупо освещает события 1917 года на местном региональном уровне. О революционных событиях в Павлодарском Прииртышье писала историк-краевед М. Тереник, однако за пределами ее исследовательского интереса осталась деятельность Алаш, отношение казахов к событиям 1917 года.

Большое внимание в региональных исследованиях уделено проблемам, посвященным приходу большевиков к власти, их формам агитации, методам мобилизации масс. Участие народных масс в революционных событиях освещалось в рамках сотрудничества с большевиками. Среди них исследования С.Шевченко [16], Т.Инсебаева[17], К.Нурбаева [18]. Также имеются отдельные статьи, касающиеся некоторых аспектов истории других политических сил 1917 года: А.Л. Захаренко «Идеи областничества на страницах Павлодарской печати», Ж.А.Калиева «Роль казахской интеллигенции Прииртышья в истории Алаш Орды» [19].

Кратких обзор литературы по данной теме показывает, что историография, освещая много проблем и вопросов, решала разные исследовательские задачи. Среднее Прииртышье 1917 года должен рассматриваться как трансграничный район, на который влияние оказывали как внутренние, так и внешние факторы (поликонфессиональность, полинациональность, близость российских границ). Кроме того, Павлодарский уезд в 1917 году входил в состав Семипалатинской области, а жители края имели тесные контакты с населением Западной Сибири. Таким образом, мы находим много вопросов, исследование и глубокое изучение которых необходимо для решения актуальных задач формирования национальной идентичности, гражданской ответственности, демократии.

Использованные литературы:

1.Гердт Н. Е. Революционные события 1917 - начала 1918 гг. в России глазами интеллигенции: автореф. дисс. кандидата исторических наук: - Москва, 2005. [Элект.ресурс]. // <http://www.dslib.net/istoria-otechestva>

2. Знаменский О.Н. Интеллигенция накануне Великого Октября. – Л., 1988.
3. Тюкова А. В. Политические партии в революционных событиях 1917 года: механизмы и формы влияния на народные массы в борьбе за власть: на материалах Владимирской, Ярославской и Костромской губерний: автореф. дисс. кандидата исторических наук: -Москва, 2008. [Элект.ресурс]. // dslib.net/istoria
4. Герасименко Г.А. Земское самоуправление в России. М., 1990 – С162, Он же, Первый акт народовластия в России: общественно исполнительные комитеты (1917год) - М., 1992.
5. Аманжолова Д.А. Партия «Алаш»: история и историография. – Семипалатинск, 1993.
6. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. – М., 1994.
7. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
8. Қойгелдиев М.К. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 303 б.
9. Ахмедова Г. Алаш Алаш болғанда. – Алматы, 1996.
10. Құл-Мұхаммед М., Ж. Ақпаев. Патриот. Политик. Правовед. Политико-правовые взгляды Ж. Ақпаева. – Алматы, 1995.-240 с.; Он же, Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-элеуметтік көзқарастарының эволюциясы. – Алматы, 1998. -360 б.
11. Өзбекұлы С. Арыстары алаштың: тарихи очерктер. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 192-б.
12. Асылбеков М.Х., Сеитов Э. Алихан Букейхан – общественно-политический деятель и ученый. – Алматы: Өркениет, 2003. – 148 с.
13. Тоғысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар. - Алматы, «Алматыкітап» баспасы, 2005. - 368 б.
14. Хасанаева Л.М. Қазақ мемлекеттігін жаңғырту үшін күрес: түрлі көзқарастар мен саяси қозғалыстар тарихынан (XX ғасырдың алғашқы ширегі). – Алматы, 2002.- 98 б.
15. Кумганбаев Ж.Ж. Ұлт зиялы қауымы өкілдерінің автономиялы мемлекет тәуелсіздігі жолындағы қызметі мен іс-әрекеті (1917-1939 жж.). Автореф. дисс. докторы философия. – Алматы, 2014.
16. Шевченко С. Очерки истории Павлодарского Прииртышья. II том. – Павлодар: ЭКО, 2008.
17. Инсебаева Т. Очерки истории Павлодарского Прииртышья. В 2-частях. – Павлодар: ЭКО, 2001.
18. Нурбаев К.Ж., Кадысова Р.Ж. История Ертыс-Баянтауского края (XVIII -30 –е гг. XX в.). – Павлодар: ЭКО, 2008.
19. Калиева Ж.А. Роль казахской интеллигенции Прииртышья в истории Алаш Орды // Вестник СГУ им. Шакарима, 2009. - № 4 [Элект.ресурс]/ <http://library.psu.kz/index.php>

Әділәлі ЖАБЫҚБАЙҰЛЫ,
Қазақстан Республикасының
Қолжазбалар және сирек кітаптар
Ұлттық орталығының біліктілігі
жоғары деңгейдегі маман,
археограф

ЖҮСІПБЕК ҚОЖА ШАЙҚИСЛАМУҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

(«Архив-2025» бағдарламасы бойынша)

Шайқысламулы Жүсіпбек 1854 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданы, Қожатоғай ауылында туып, 1937 жылы Қытайдың Шыңжаң өлкесі, Іле облысы, Текес ауданының Шиліөзек ауылында қайтыс болған. Ақын, аудармашы, қазақ ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы, насихаттаушы, жыршы.

Ақын бала кезінде ауыл молдасынан оқып, кейін медреседе білімін жетілдірген. Араб, парсы, шағатай, түрік тілдерін толық меңгерген. Оқуын аяқтаған соң ақындық, серілік жолға түсіп, ел аралайды. Сыр сүлейлері мен Қаратау шайырларымен, Сарыарқа мен Жетісудың ақын-жырауларымен жүздеседі. Олардың шығармаларын жазып алып, ел ішінде насихаттаған.

Шығыс тілдеріне жетік ақын олардың классикалық әдебиетін, фольклорлық туындыларын оқыған. Фирдоуси, Хафиз, Жәми, Физули, Науаи жырларымен жете танысқан. Ол ХІХ ғасырдың 70-жыылдарынан бастап Санкт-Перербург, Қазан, Уфа, Ташкент баспаханаларында қазақ ауыз әдебиеті нұсқаларын, Шығыс сюжетінде қисса-дастандарды бастыру ісін қолға алған алғашқы қазақ зиялыларының бірі болды. «Қыз Жібек» (1900, 1903, 1905, 1908, 1909, 1910, 1911), «Айман-Шолпан» (1896, 1901, 1913, 1916), «Сара қыз бен Біржан салдың айтысы» (1898, 1900, 1901, 1902, 1907), «Алпамыс» (1899), «Кенесары-Наурызбай» (1903), т.б. ұлттық фольклордың асыл мұралары мен «Сал-сал», «Зарқұм», «Жүсіп-Зылиха», «Мұңлық-Зарлық», «Шәкір-Шәкрат» т.б. шығыс сюжетіндегі хисса-хикаяттар Жүсіпбектің бастыруымен алғаш рет жарыққа шықты. «Мың бір түн», «Кербаланың шөлі», «Тотының тоқсан тарауы», «Дариға қыз», «Қасым Жомарт» т.б. аңыздардың мазмұнын өз бетінше жырлады. Жүсіпбек хисса-дастандар жазумен қатар айтыстарға да қатысқан. Оның Шөкей (Уәзила) қызбен, Жалайыр Бақтыбай мен айтысқаны белгілі. Алғашқы айтыстары жеке жинақ ретінде басылып (1897, 1910), кейін «Айтыс» томдарына (1964, 1965, 1988) енгізілді [1.128-б.].

Жүсіпбек 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысып, кейін жеңіліс тапқан соң, Қытай еліне қоныс аударуға мәжбүр болады. Сол өлкеде тұрақтап қалып, бала оқытумен, емшілікпен шұғылданады.

Ж. Шайхисламулы соңғы ширек ғасырдың шеңберінде жырларының дені Қытайда басылды. Шығармашылығына қатысты Қазақстанда да, Қытай

қазақтарының арасында да ірілі-ұсақты зерттеулер, дипломдық жұмыстар жазылды. Халық мұрасын жинаушы, жариялаушы, шежіреші Сейіт-Омар Саттарұлы ақсақал Қытайға арнайы барып, ақынның 1000 беттен астам қолжазба шығармаларын елге алып келді. Сондықтан Жүсіпбектің еңбегін жан-жақты игеруге, іргелі түрде зерттеудің кезеңі енді келді деуге болады.

XX ғ. басындағы яғни 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің кезінде Жүсіпбек Шайхисламұлы Қытайға кетуге мәжбүр болады. Кейін Қазақстанға қайтып оралып, сүйікті ісімен шұғылдануды жалғастырады. Бірақ, қазақтың көзі ашық азаматтарын «халық жауы» деп жаппай қамауға алған 30-жылдардың зобалаңы Жүсіпбекті Қытай жеріне қайта кетуге мәжбүр етеді. Ол Қытайдың Іле қазақ автономиялы облысының Текес ауданына қоныс аударып келіп, сонда мекендеген. Марқұмның мүрдесі қазіргі Іле қазақ автономиялы облысына қарасты Текес ауданы, Шиліөзек ауылының оңтүстік жағындағы жатағандау төбенің басында тұр. Зираттың басына тас қойылып, оған араб төте жазуымен «Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, бастырып, таратушы, насихаттаушы әйгілі ақын Жүсіпбек қожа Шайхисламұлы (1857 – 1937)», - деген жазу ойылған [4. 128-б.].




Ақынның Кетпентөбеге жерленген орны



Қазақ әдебиетінде ақын Жүсіпбек қожа Шайхисламұлының алатын орны ерекше. Бар ғұмырын қазақтың ауыз әдебиетінің асыл мұраларын жинауға арнап, үлкен еңбек сіңірген ақын. Ел аузында жүрген қисса-дастандарды да жинап, кітап етіп, бастырғандардың бірі. Сол мұраларды жатқа айтып, қиссашы болумен қатар, суырыпсалма ақын ретінде көпке танылған. Әсіресе, қазақтың інжу-маржаны болып табылатын лирикалық эпос-жырларын халықтың игілігіне жаратып, кітап етіп шығарғаны үлкен еңбек. Ел аузында «Айман-Шолпанды» 1896-1913 жылдары жазып алып, баспа бетінен шығарса, «Қыз Жібекті» 6 рет, ғашықтық дастан «Жүсіп-Зылиханы» 1898, 1901, 1913 жылдары Петербург, Қазан, Уфа және Ташкент баспаларынан шығарып елге таратқан. Елге кең тараған «Мұңлық-Зарлық» пен «Қасен мен Ғанижамал» жырларын да қағазға түсірген. Ақын Біржан мен Сара айтысын да халыққа жария еткеннің бірі. Шығыстың классикалық әдебиеті мен фольклорын қазақ тілінде сөйлетіп, діни қисса «Кербаланың шөлін» аударған. Жүсіпбектің бұдан да басқа ел арасындағы ағартушылық еңбегі ұшан-теңіз. Ол өзі жүрген жерінде хат тануға талпынған талай баланы мұсылманша оқытып, білімнің есігін ашуға көмектескен. Имандылықтың кілті ислам дінінде екенін насихаттап, білікті де сауатты молдаларды тәрбиелеп, игілікті жұмыстар атқарғаны бір төбе. Және де олар өздерін «Жүсіпбек қожаның шәкіртіміз» деп санаған [3-4. 228-б.].

Жүсіпбектің халық әдебиетін жинаушы, жүйелеуші – фольклоршы, ақындық, жыршылық, аудармашылық қырларын жеке-жеке қарастырған орынды. Іргелі зерттеулер жүргізуге оның жарық көрген төл шығармалары мен жырлаған фольклорлық үлгілер жеткілікті. Оған еліміздегі, Татарстан мен Қытайдағы әдеби қорларда сақталған мұраларын біріктірсе, нұр үстіне нұр болар еді. Жүсіпбек қожа Шайхисламұлы Қытайдың Шыңжаң өлкесіне танымал болған. Қытай қазақтары арасында жазба әдебиетін, оның ішінде халық ауыз әдебиетін жинастырушы ретінде көп еңбек сіңірген. Ол «Жүсіп-Зылиқа», «Қасым-Жомарт», «Алтын балық», «Ораз молда», «Нұрға зарын», «Еренғайып», «Мұңлық-Зарлық», «Сал-сал», «Зарқом», «Сәлімжан», «Дариға қыз», «Мың бір түн» тәрізді қырыққа тарта қиссаны жинап, елге таратқан [2. 555-б.].

2022 жылдың 15 шілдесінен 31 тамыз аралығына дейін Татарстанның Қазан қаласында ғылыми іссапарда болып, онда біз Н.Б. Лобачевский атындағы ғылыми кітапханасынан Ж. Шайхисламұлының жазып алып баспа бетінен шығарған «Айман-Шолпан» қиссасы мен «Алпамыс» дастаны және т.б. құнды еңбектерді елге алып келдік.



«Айман-Шолпан», 1885 ж.



«Алпамыс батыр» 1901 ж.



Н.Б. Лобачевский атындағы кітапхана



Қор сақтау бөлімі

Халқымыздың мәдени мұрасы сол мұраны жеткізушілердің бірегейі Жүсіпбек Шайхисламұлының өмірі мен жалпы, кеңес кезеңіне дейінгі кітаптардың тарихына шолу жасағанда, жинақтардың саны жағынан да, қайта бастыруда да, таралымының мөлшері тұрғысында да Жүсіпбектен асқан кітап бастырушыны анықтай алмаймыз.

Сондықтан ақынның өмірі мен қызметі, шығармашылығын жоғарыда айтылғандай бірнеше салада зеріттеліп, қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі орнын шынайы, ғылыми негізде анықтау бүгінгі ұрпақтың борышы болып қала беретінін еске салғымыз келеді [1. 424-б.].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мәсімханұлы Дүкен Жүсіпбектің Қытайдағы жылдары // «Ақиқат» журналы, 2001. №4.
2. Бұл да сонда.
3. «Үш үзік». Үрімжі. Шыңжаң халық баспасы, 1993. 228-б.
4. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы, Қазақстан мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. 555б.
5. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.3. – Астана, Фолиант, 2014. – 424 б.

Альфия Жасуланқызы БАЙМУКАШЕВА,
*Западно-Казахстанский государственный
университет имени М. Утемисова,
магистрант
Уральск, Казахстан*

ОСНОВНЫЕ ФУНКЦИИ СРЕДНЕВЕКОВЫХ ГОРОДОВ

Уже начиная с IX-X вв. в городах как Южного Казахстана, так и Юго-Западного Семиречья образовался типичный город феодального общества. Для этого времени он отличался наивысшим уровнем благоустройства и хорошей мощеностью улиц. Обыкновенным для быта крупных городов был водопровод. В домах имелись канализационные и отопительные системы. Строились подземные сводчатые тоннели, которые были уложены керамическими трубами. В городах наивысшего мастерства достигло строительное дело, материалом для этого служил сырцовый кирпич, глина и пахса. Если брать основные компоненты застройки, как городов Южного Казахстана, так и Юго-Западного Семиречья, то это были общественные бани. Две из этих бань были открыты, датируемые XI-XII вв., на шахристане Тараза[1].

Бани занимали важную роль в жизни горожан. Считалось, что баня была самым посещаемым местом после мечети. Архитектура бани была своеобразной, бани расписывались цветочным орнаментом, отделялись фигурными изразцами, здесь была прекрасная атмосфера, не только для гигиенических процедур, но и для приятных бесед и деловых встреч. Бани также были лечебными заведениями[2].

О том, что бани имели еще и лечебное назначение в свое время писал Ибн Сина[3].

Бани были доходными заведениями, и поэтому богатые люди и высшая знать стремились покупать и строить бани. Их строили в оживленных городских районах, вдоль торговых дорог, на рынках и рядом с ними. В Отраре, например, бани были расположены неподалеку от городских ворот [2,с.123].

Руины которые были сохранены, в основном были из жженого кирпича, а также подпольная система отопления говорит о высоком социальном статусе людей, которые жили на этой территории, также особым центральном-положении исследуемого участка городской застройки[4].

Если рассматривать по отдельности бани городов Южного Казахстана, то баня Тараза отличается от бань, Южного Казахстана и Семиречья (Отрар, Баласагун) по планировке, которая в последних имела в основном крестообразную форму. Как считают многие исследователи, бани в Средней Азии появляются не ранее VIII в. Считается, что бани проникли из районов Средиземного моря сначала на Ближний и Средний Восток, затем уже оттуда в Среднюю Азию[4,с.55].

В рабаде Отрара были найдены две бани X-XII вв. Несмотря на плохую сохранность, удалось обнаружить, что в основе планировки бани на территории северного рабада лежит фигура креста: центральное помещение было соединено с четырьмя другими комнатами, которые были расположены по пересекающимся осям. Кроме основного центрального зала с лоджиями были помещения для мытья, раздевалка, комната отдыха и, видимо, молельня. В восточной части находилась топка и помещения с цистернами, которые предназначались для воды, именно здесь расчищено устье колодца. Сточная вода выводилась за пределы помещений в поглощающую яму, с помощью кубуров. Отапливалась баня с помощью жаропроводящих каналов[5].

От бани осталось всего лишь система отопления, куски стен, фрагменты досок полов и отдельные детали. Однако общую планировку можно выявить очень четко по уровню второго (нижнего) строительного горизонта. Своеобразной особенностью восточных бань была градация температур в помещениях. Ибн Сина утверждал о банях: «Первая комната охлаждала и увлажняла, вторая согревала и увлажняла, третья согревала и высушивала»[5,с.113].

Баня представляет собой прямоугольную постройку с четко читаемой в плане фигуры креста. Можно обнаружить два строительных периода. В бане имелось 10 помещений, сюда включалась раздевалка (люнги-хана), центральный зал с двумя беньюарами, которые выполняли роль паровой и массажной, помещения для мытья — называемые «иссык-хана» (горячие) и «саук-хана» (холодные)[1,с.100].

Водоснабжение бани было при помощи водопровода, который выводился из водохранилища. Ряды труб находились в подземной галерее[3,с.221].

Здесь были четыре резервуара, которые были соединены вместе, у них был вид длинной цистерны, разделенной на отсеки. Об их назначении помогает понять сообщение Ибн Сины о некоторых использованных при купании растворах. Несколько из них получали в основном путем бланжирования растений, серы, золы, другие он назвал железными, солеными, кварцевыми и купоросными. Отрарская баня нагревалась топкой, от которой отходил жаропровод. Потом системой столбиков и направляющих стенок жар делился на несколько потоков, которые обогревали полы всех помещений[3,с.55].

В восточных банях, в основном было место для совершения намаза. Временами для этой цели использовали одну из лоджий центрального зала, которая была ориентирована на юго-запад. Там зачастую находился михраб. Если брать отрарскую баню то здесь, в основном роль молитвенного зала выполняло, скорее всего, помещение 2, которое сообщалось с центральным залом. Пол его был уложен глубочайшими изразцами разного формата, на кыре. В самом центре был круг. Края его наложены голубыми изразцами. К отверстию находившееся в середине круга подведена керамическая труба, которая сообщалась с подпольной системой отопления. Следовательно, можно утверждать, что комната для намаза нагревалась сухим и горячим воздухом[4,с.117].

Теперь рассмотрим баню Туркестана. Внутри бани было помывочное отделение, раздевалка и массажная. Воду нагревали в специальном котле. Пол нагревался снизу. Сама же баня была небольшая, она могла принимать не больше сорока человек[6].

Если брать период IX-XII вв., то это было время роста городской жизни на юге Казахстана и в Средней Азии. Появляются новые города, растут старые. Увеличение площади городов в основном идет за счет рабадов - торгово-ремесленных предместий. Отрар в это время занимал территорию в 200 га. Как выяснилось в результате раскопок города оазиса в XI-XII вв. была тесно застроена домами, которые группировались в кварталы. В жилых помещениях домов находились суфы вдоль стен. На полах установились очаги в виде вкопанных керамических жаровен круглой и прямоугольной, а точнее «антропоморфной» формы которые были похожи на человека, богато оформленные резным орнаментом. В городе функционировала канализации, санитарно-гигиенические узлы являлись бесспорной принадлежностью каждого дома. Исламизация Южного Казахстана происходит в VIII-X вв., ускоренная походами в Фараб и Шавгар арабов и саманидов. Новая религия получила распространение сначала в городской среде. Рядом с городами постепенно появляются мусульманские кладбища, мавзолеи, также образуются культовые ансамбли. Постепенно в городах возводятся мечети. Одна из первых мечетей, которая относилась к так называемому «столпному» типу, была найдена на городище Куйруктобе. Время ее существования относят к X - началу XI в. В городской застройке появляются такие общественные сооружения, как бани, крестообразные в плане, которые сложены из жженого кирпича с подпольной системой обогрева[5,с.97].

Использованные литературы:

1. Жумаганбетов Т.С. Практикум по древней и средневековой истории Казахстана. Алматы: Жеті Жарғы, 2000.- 104 с.
2. Кудайбергенова А., Таипова Н., Каиржанова Е. Республиканский научно-методический журнал. Научные проекты. Средневековый Ренесанс в Казахстане № 7(135) от 15 августа 2014.- с. 33-34,29
3. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути.- Алматы: Ғылым, 1998.- 216 с.
4. Байпаков К.М. Открывая тайны древнего Тараза //Казахстанская правда от 13 август 2013.-с.7
5. Кожа М.Б. Позднесредневековый Отрар. Автореф. диссер. на соиск. уч. степ. д.и.н. Специальность 07.00.06 – Археология.- Алматы, 2009
6. Малеев С. Туркестан: история, вырвавшаяся на свободу // Информбюро от 8 марта 2008. с.8

Жанайдар Шаймерденович ЖУМАГЕЛДИН,
*аға оқытушы, Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті*

Махабат Бекежанқызы БЕЛЬГИБАЕВА,
*Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті,
студент*

АЛАШ БАСПАСӨЗІ – ҰЛТ ТАРИХЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ

«...Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды.»(А.Байтұрсынов. «Ақ жол», 1991, 264-бет), - талай жылдар бұрын айтылып кеткен Ахмет Байтұрсынұлының осы сөзі әлі күнге дейін маңызын жоғалтпақ емес. Сол кезеңнің Алашшыл арыстары мектеп-медреселермен қатар оқу-ағартудың басқа да жолдарын қарастырды. Соның бірі – баспасөз. Ұлт тарихының шежіресі болған «Қазақ» газеті, «Айқап» журналы, «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты», «Серке», «Қазақстан», «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа», «Бірлік туы» газеттері қазақ халқының мүддесіне жұмыс істеді. Еліміз сұм жүйенің кесірінен зардап шеккен уақытта қазақ баспасөзі де ащы шындықты мүлтіксіз айта білді, өткір мәселелерді қозғай алды. Қазақ зиялыларының жазып жариялағандары, армандаған тілек-мұраттары буырқанған ХХ ғасырда жасап жатқан халықтардың ешқайсысынан, тіпті метрополиямын деп кеуде соққандардың бірде-бірінен кем емес. [1,67.] Қазақтың қоғамдық өмірінде пайда болған баспасөз орындары жайына тоқтала кетсек.

Алаш баспасөзінің негіздерінің бірі – «Қазақ» қоғамдық-саяси және әдеби газеті 1913 жылы 2 ақпаннан бастап Орынборда аптасына бір рет, 1915 жылы аптасына екі рет шығып тұрған. 1913 жылы № 1-44 (ақпан-желтоқсан), 1914 жылы №45-92 (қаңтар-желтоқсан), 1915 жылы №93-163 (қаңтар-желтоқсан), 1916 жылы №164-211 (қаңтар-желтоқсан), 1917 жылы №212-257 (қаңтар-желтоқсан), 1918 жылы №258-265 (қаңтар-қыркүйек). Таралымы 3000, кейбір мағлұматтарда 8000-ға жеткен. Бірінші редакторы Ахмет Байтұрсынов, екінші редакторы Міржақып Дулатов, бастырушы «Азамат» серіктігі Хұсаинов-Каримов баспаханасында басылып тұрған. Газеттің 1918 жылғы сандарының редакторы Жанұзақ Жәнібеков. Барлығы 265 нөмірі жарық көрді. Газеттің шығуы, редакторлары жайында Петербордағы Мемлекеттік орталық архивте сақталған Орынбор губернаторының 1913 жылы 5 қаңтардағы Жоғарғы баспасөз басқармасына берілген бұйрығында Торғай облысы, Қызылшеңгел болысы, 8-ауылдың қазағы Мұстафа Ахметұлы Оразаевқа және Торғай уезі, Тосын болысы, 5-ауылдың қазағы Ахмет Байтұрсыновқа Орынбор қаласында қазақ тілінде аптасына бір рет шығатын «Қазақ» газетін төмендегі

бағдарламамен шығарып тұруға рұқсат берілгендігі жазылған: Үкімет тарапынан бұйрық-жарлықтар, Мемлекеттік Дума мен Мемлекеттік кеңес жұмысы, ішкі және сыртқы хабарлар, қазақтың тарихы мен тұрмыс жайы, этика, тарих, этнография және мәдениет мәселелері, экономика, сауда, кәсіп, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, халық ағарту, мектеп, медресе, тіл және әдебиет мәселелері, тазалық, денсаулық және малдәрігерлік жайы, фельетондар, корреспонденциялар мен жеделхаттар, жергілікті хроника, суреттер, почталар (хаттар) және құлақтандырулар.

Газеттің екінші редакторы қызметіне Міржақып Дулатовты тағайындау туралы 1914 жылы 19 мамырдағы Жоғарғы баспасөз басқармасының Орынбор губернаторына берген бұйрығында былай дейді: «Орынборда Ахмет Байтұрсыновтың редакторлығымен шығып тұрған «Қазақ» газетінің екінші жауапты редакторы қызметін аткаруға Торғай облысы, Сарықопа болысы №1 ауылдың қазағы Мир-Якуб Дулатович Дулатовқа рұқсат беріледі».

«Қазақ» газетінің шығарушылар алқасы атынан берілген 1913 жылғы 1 санындағы құлақтандыруда: "Газетіміздің көп мақсатының бірі - басқадан да алып, өзімізде барын жиып, қазақ тілінің бетін жөндеп, жолын ашпақ, сондықтан қазақтың мақалдары, тақпақ сөздері, билердің, шешендердің айтқан сөздері, басылған өлеңдер, қиссалар бәрі де қабыл алынады, басылмай қалған сөздер қайтарылмайды" делінген.

Газетте XX ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, қазақ шаруашылығының жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына оқу-ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен шежіреге арналған мақалалар жарияланады. Өкінішке орай, «Қазақ» газеті ұлтшыл, буржуазияшыл, либералшыл ұйым, алашордашылардың тірегі болды, оның редакторлары Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов алашордашыл «халық жауы» деп, халқымыздың әдебиетінен, мәдениетінен, тарихынан, экономикалық-саяси өмірінен, әдет-ғұрпы, заңынан бай мағлұматтар беретін материалдардың бетін жылы жауып қойған едік. Архив материалдарымен танысып отырғанда газеттің әр мақаласы қандай қиындықтармен жарыққа шыққанының куәсі боламыз. «Қазақ» газетінің 1914 жылы 78 санында басылған «Алашқа», 79 санында басылған «Россиядағы ұйымшылдық» деген мақалада патша үкіметіне қарсы үгіт-насихат бар, отаршыл саясатқа қарсылық білдірген деп редакторы Ахмет Байтұрсыновқа екі жылға жер аудару үкімі шығарылған. Газеттің 1914 жылғы 91 санында басылған «Бұ қалай» деген мақала үшін (орыс тіліне аударған Тунганчин) 50 сом айып, немесе 2 жұма түрме кесілген. Газеттің 1914 жылғы 80 санында басылған «Закон жобасының баяндамасы» деген мақала үшін (орыс тіліне аударған Тунганчин) Орынбор генерал-губернаторы Ахмет Байтұрсыновқа 1500 сом айып салуға немесе үш ай түрмеге жабуға үкім еткен. Қаншалықты қиын-қыстау кезең бастан өткенмен, Ахандар еш үмітін үзген жоқ. Ахмет Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласында Абай өлеңдері кітап болып басылып, таралмау себебінен қазақ арасына кең жайылмағанын айта келіп, өзінің Абай сөздері жазылған дәптерді тек 1903 жылы ғана оқығанын,

Абай өлеңдері аз сөзді, терең мағыналы екендігін, қазақ әдебиетінде бұрын болмаған жаңа құбылыс деп өте жоғары бағалайды. «Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, үздік, артық» дейді. Абайдың шыққан ортасы, әкесі Құнанбай, атасы Өскенбай, Ұлы атасы Ырғызбай, шешесі Ұлжан туралы деректер келтірген. Абайдың 80-ші жылдары Семейге жер аударылып келген Михаэлиспен, қазақ елінің әдет-ғұрпы, салт-санасы туралы материал жинауға келген Гросспен танысуы, олардың Абайға тигізген әсері, орыстың ұлы ақындары Пушкин, Лермонтов, Некрасов, жазушылар Толстой, Салтыков-Щедрин, Достоевский, сыншылар Белинский, Добролюбов, Писарев еңбектерімен таныстырғаны, қазақ халқының бағына Абай мансап кумай, ақындық жолға түскені туралы, Абай өлеңдерінің әрі сыншыл, әрі шебер екенін жазады. Әлихан Бөкейхановтың да мол еңбегінің бір саласы - «Қазақ» газетінде жарияланған мақалалары. Газетте басылған екі жүзге жуық мақала мен аудармада қазақ елінің ең түйінді деген мәселелеріне тоқталған. Қазақ елінің жер мәселесі, отырықшы болуы, патша үкіметінің қазақ жеріне жүргізіп отырған аграрлық саясаты туралы пікірлерін жазады.

«Қазақ» газетінің авторларының көпшілігі – ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің бір тума білгірлері, зиялы азаматтары көп жылдар бойы «халық жауы» деген айдармен арамиздан аластатылып келді. Олардың ішінде Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, сынды ақын-жазушыларымыз бар. Шәкәрім Құдайбердиев, Құдайберген Жұбанов, Ғұмар Қарашев, Халел Досмұхамедов, Жиһанше Досмұхамедов, Мұхаметжан Тынышбаев, Жаһанша, Жансұлтан Сейдалиндер, Асылбек Сейітов, Мұстафа Шоқаев, Бекмұхамет Серкебаев, Мұстафа, Ахмет Оразаевтар, Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Таһир Жомартбаев сияқты ғалым, қоғам қайраткерлері бар. Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин – «Қазақ» газетінің тұрақты авторлары.

Қазақ баспасөзінің тарихында қуғын-сүргінге ұшыраған «Қазақ» газеті мен Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» кітабының басынан кешірген қасірет ешбір баспасөздің басында болмаған жағдай. Сондықтан да «Қазақ» газетінің тағылымы тарих пен ұлттық сана рухын көтеруде тигізетін әсері мол дегіміз келеді.[2.53-56]

Қазақ қауымына атар таң, шыққан күн болуға талаптанған «Айқап» журналы саяси-әлеуметтік, шаруашылық, жер-су, оқу-ағарту, өнер-білім мәселелерімен қатар әдеби шығармаларға – әңгіме, өлең, оқшау сөздерге, сыншылық пікірі бар материалдарға үнемі орын беріп отырды. Мұхаметжан Сералиннің, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Шәкәрім Құдайбердиевтің, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Сәбит Дөнентаевтың, Бейімбет Майлиннің, Сәкен Сейфуллиннің, Самат Нұржановтың т.б. шығармалары «Айқап» журналында үздік-создық жарияланып тұрды. Бұлардың шығармалары қазақтың жазба әдебиетінің даму тенденциясын аңғартып қана қоймай, қандай арнамен өркендеу бағытын да белгілеген болатын. Осы тұрғыдан алғанда «Айқап», әсіресе, тарихи сахнаға шыққаннан

кейінгі «Қазақ» газеті айрықша еңбек сіңірді де, қазақ әдебиетіне үлкен олжа салды. Қазақ әдебиетінің сол дәуірдегі творчестволық проблемаларын мүмкін қадерінше сарапка салып, жұрттың эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруға алғашқы қадам жасаған да «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті. Сондықтан бұлардың қазақ әдебиеті сынын тудырудағы тарихи орны ерекше. «Айқаптың» 1911 жылғы бағдарламалық бірінші мақаласында журнал бетінде әңгіме болатын сегіз тақырыптың төртеуі, атап айтқанда, «фельетондар, өлең-жырлар, кітаптар хақында һәм ғылым бабынан кеңес» әдебиет пен мәдениет үлесіне тиді.

Мұның өзі бұрын газеттерде ыңғайы келгенде ғана орын алып жүрген мәселенің жүйелі желіге түсерін аңғартады. Кейінгі сандарында журнал бұл мәселеге баса көңіл аударып, бұдан былай көбірек әдебиет (литература) жағына көз (№24, 1912) салатындығын хабарлады. «Айқаптың» тұңғыш санынан бастап «Кітаптар жайынан» деген арнаулы бөлім ашылып, жаңа шыққан кітаптарға аннотация, жарнама-сын беріліп отырды. Журналдың бірінші санында «Қазақ тілінде қазіргі заманда кітап бастырушылық өнері көп жайылған жоқ. Соңғы жылдарға шейін қазақ тілінде басылып келе жатқан кітаптар: «Зарқом», «Сал-сал», «Қаһарман Бозжігіт», «Шәкір-Шәкірат» секілді хикаялардан ғибраты еді. Соңғы замандарда «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» секілді қазақтың милли хикаялары да басыла бастады. Ләкин бұл кітаптарды бастырушылар ноғай болғандықтан сөздері де бытқып, әсте өте нашар болып шығады. Қазақтың жаңа шыққан кітаптарының арасында басылуы көркем, жазылуы дұрыс кітаптар» да кездеседі делінді. Осы айтқан мақаладан кейін «Айқап» редакциясы жаңа шыққан кітаптарды жеке-жеке сөз қып қажетті дегеніне сын-ескертпелер айтып, тәуірлерін оқушы көпшілікке насихаттап отырды [1.67-68].

Халқымыздың саяси-әлеуметтік, әдеби, мәдени және эстетикалық ой пікірін оятып, қалыптастыруға септігін тигізген «Түркістан уалаятының газеті» қазақ баспасөзінің көш бастаушы басылымы болып саналады. «Түркістан уалаятының газеті» ең алғаш «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде 1870 жылдан бастап Ташкентте шыға бастаған. Бұл жалпы Орта Азия халықтарының тұңғыш газеті. Алғашында ол айына төрт рет оның екі нөмірі өзбекше және екі нөмірі қазақша шығатын болды. «Туркестанские ведомости» газетінен бөлініп қазақша, өзбекше шыққан «Түркістан уалаяты газетінің» бетінде қазақ елінің тұрмысы, тарихы туралы мағлұматтар көп басылған, оның ішінде қазіргі Қызылорда, Шымкент, Жамбыл, Алматы облыстарын қоныстанған қазақтардың сол кездегі тіршілігі кеңірек қамтылған.

Ш. Уәлихановтың көп танысының бірі газеттің редакторы - Ш.М.Ибрагимов бұрын Омбы кадет корпусында оқып, Көкшетау дуанының хатшысы болған кісі. 1865 жылы Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азия Ресейге қосылғаннан кейін Ш.Ибрагимов пен И.Ибрагимов Ташкентке генерал-губернатордың тілмашы, екінші 1888 жылдан 1902 жылға дейін Омбыда шығып тұрған «Акмолинские областные ведомости» газетінде қосымша

ретінде орыс және қазақ тілдерінде жарық көрген. Қазақ баспасөзінің іргетасын қалаған «Түркістан уалаяты» газетінің соңын ала Орта Азия халықтарының тілдерінде газет-журналдар шыға бастады. Соның бірі – «Дала уалаяты» газеті еді [2.21]

«Дала уалаятының газеті» халқымыздың әдебиеті мен мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін қалың жұртқа танытудағы бірден-бір басылым болды. Орыс тілінде «Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям» деген атпен шыққан осы газет 1894 жылдан бастап орыс тілінде «Киргизская степная газета»; ал қазақ тіліндегі «Дала уалаятының газеті» деген атпен жарық көре бастады. Жалпы бұл газет 1888 жылдан бастап 1902 жылға дейін аптасына бір рет шығып тұрды. Газеттің соңғы саны 1902 жылы наурыз айында басылып, содан кейін «Сельскохозяйственный листокке» айналды. Газетте әр жылдары редактор болғандар: И.Козлов, К.Михайлов, Г.Абаза, А.Попов, Д.Лавров. Газетті қазақша шығару ісін басқарушылар: Ешмұхамед Аблайханов, Дінмұхамет (Дінше) Сұлтанғазин, Рақымжан Дүйсембаев. Өзінің бағдарламасына сәйкес газет ресми түрде патша үкіметінің бұйрық-жарлықтарын, заң-закондарын, әкімшілік басқару істерін жариялайтын басылым болды. Сол кездегі басқа газеттер сияқты «Дала уалаятының газеті» ресми және ресми емес бөлімдерден тұрды. Соңғы бөлімде көбінесе көпшілікке пайдалы, ғылымға, білімге қатысты мақалалар жариялады. Бұл газет үкімет тарапынан шыққан ресми басылым болғанымен, бостандықты, теңдікті көксегені, прогресшіл көзқарастары үшін Сібірге жер аударылып келген адамдардың ықпалымен халық газетіне ұқсайтын еді. Бұл ретте газетке дұрыс бағыт берген Г.Н.Потаниннің, Н.М.Ядринцевтің, Л.К.Чермактің ролі аса зор [2.28-29].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. - Алматы: Білім, 2003.
2. Субханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары. – Алматы, 1999.

III

ЦИФРЛЫҚ МЕДИА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

Ұлбосын Мейірбекқызы ЕСЕНБЕКОВА,
*филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор*

Аида СЫЗДЫҚОВА,
*Журналистика және саясаттану
факультетінің докторанты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан
(e-mail: ultmudde@mail.ru)*

ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕСУ СИПАТТАРЫ

Қазақ елінің ақпараттық нарығы мемлекет пен қоғамдағы процестерден, өзгерістер мен трансформациялардан нақты көрініс береді. Мемлекеттің саяси-экономикалық және әлеуметтік салалардағы дамуы да тұтастай ақпараттық коммуникациялардың эволюциялық бағытын, кәсіби дәрежесін айқындайды. Мемлекеттік бұқаралық коммуникация құралдарымен бәсекеде жекеменшік коммерциялық медиа құралдары да заман талабына сай жұмыс істеу формаларын, технологияларды жақсы меңгергенін көрсетуде. Бұл процестер қоғамның танымы мен талғамының өсуіне жақсы ықпал етуде.

Ақпараттық дәуірдің талабы бойынша қоғамдағы қатынастарды қалыптастыру және бұқара халықтың ауқымды бөлігін саяси маңызды шешімдер қабылдауға белсенді тарту құралдары мен механизмдерін ұдайы жетілдіріп отыру қажет. Осылайша, Қазақ еліндегі саяси саладағы ескі конструкциялардың өзара шиеленісі мен даму перспективалары толық анықталмаған жаңа модельдердің үдей түсуінен туындаған саяси-экономикалық, әлеуметтік жіктелу үдерістеріне жан-жақты талдау жүргізу қажеттілігі туындайды. Бұқаралық коммуникация құралдары мен қоғамдық күштердің арасындағы диалог ұйымдастыру проблемалары да өзекті сипат алады.

Бұқаралық медиа мен басқа көптеген саяси институттарға деген әлеуметтік сенімнің өспелі тапшылығын аталған субъектілердің қарым-қатынасын конструктивті арнаға түсіру арқылы азайта алады. Қазақстанның цифрлық технологиялық әлеуеті өсе бастаған кезеңде мемлекет, қоғам және медиа сияқты үштіктің әрекеттесуін зерттеген ғылыми еңбектерімізде болжанғандай, биліктің саяси және экономикалық реформаларын әлеуметтендіруде, халыққа жақындатуда бұқаралық коммуникация құралдарының қабілеттілігі өсіп келеді. Ақпараттық кеңістіктегі екіжақты сенімнің нәтижесінде биліктің саяси-экономикалық, әлеуметтік ниеттерінің стратегиясы мен тактикасы қоғам үшін түсінікті тілде, ыңғайлы формада насихаттала бастады.

Бұл саяси процестің тұтастығы мен заңдылығын күшейтіп қана қоймай, қазіргі қазақстандық бұқаралық коммуникация құралдарының көмегімен билік саясатының ашықтығы мен елдік мүддеге сәйкестігін қамтамасыз етеді. Екінші жағынан, маңызды шешімдер қабылдауға қатысатын аудиторияның ауқымын едәуір өсіруге көмектеседі. Біздің ғылыми гипотезамызға сәйкес цифрлық дәуірде бұқаралық коммуникация құралдарының әлеуеті азаматтарды әлеуметтік белсенді топтардың құрамына қосып, оның саяси белсенділігін арттырады, қоғамдық сананы позитивті бағытта өзгертуге деген күш-қуатын өсіреді. Жеке тұлғаның әлеуметтік кемелденуі, елдегі саяси жүйенің ашықтығы мен прогрессивті даму көрсеткіштерінің бір-біріне тәуелділігі де жоғарыда ұсынылған гипотезаның құрамдас бөлшегі түрінде қаралады [1].

Елдегі саяси күштер мен қаржылық топтардың қолдарында шоғырланған коммуникация құралдары қоғамдағы саяси-әлеуметтік процестердің ортасында болуға ұмтылып, өз меншік иелерінің мүддесіне барынша пайдалы болуды көздейді. Олардың басты мақсаты – аудиторияның сеніміне ие болу, өздеріне тапсырылған саяси модельдерді насихаттау үшін халықтың санасына әсер ететін тиімді технологиялық әдістерді анықтау және іс жүзінде қолдану.

XXI ғасырдың басынан бері саяси манипуляцияның әбден жетілдірілген, сынақтан өтіп тексерілген әдіс-тәсілдері қолданылуда және бұндай саяси технологиялар тек электоралды науқандарда адамның саяси санасын бұрмалаумен шектелмейді. Қазіргі PR технологиялар адамдардың күнделікті өмірін, оның әдет дағдыларын зерттеу арқылы да тұлғаны толық басқаруға күш салуда. Болашақта бұқаралық коммуникация құралдары саяси күрестің ең жойқын құралына айналып, өз ықпалын күшейтетін жаңаша әдістемелерді жалпы аудиторияға ғана емес элиталық топтарға да қолданып сынайтын болады. Біздің ғылыми зерттеулеріміздің нәтижесі бұқаралық коммуникация құралдарының (БКҚ) саяси-экономикалық және әлеуметтік реформаларға деген оң көзқарастарды қалыптастыруда рөлінің өсуін көрсетті.

Халықаралық ғылыми қауымдастық мойындаған, бұқаралық коммуникация тұжырымдарына арналған ғылыми зерттеулердің хронологиясынан да тарихи кезеңдерге сәйкес қоғамдар мен бұқаралық

коммуникацияның әсерлі ықпалдасуына түрткі болған критерийлердің әралуандығын көреміз.

«Бұқаралық коммуникация» ұғымын 1909 жылы ғылыми айналымға қосқан америкалық әлеуметтанушы Чарльз Кули болды. Ал, америкалық әлеуметтанушы және журналист У.Липпманның «Қоғамдық пікір» атты еңбегі бұқаралық коммуникацияның алғашқы тұжырымдық негізін қалады. Бұл еңбекте алғаш рет «әлеуметтік стеретотип» термині қолданылды, бұқаралық коммуникация құралдарының аудиторияға әсерінің шектен тыс қуаты бары болжанды. БКҚ қоғамдық сананы бұрмалаудың жақсы құралы деп анықтаған У.Липпман «коммуникацияны» әлеуметтік қатынастар түрінде зерттеуді ұсынды.

Бұқаралық коммуникацияны зерттеуді жаңа белеске көтерген Пауль Феликс Лазарсфельдтің еңбектері болды. ПФЛ деп аталып кеткен бұл америкалық әлеуметтанушы бұқаралық медианы жеке құбылыс ретінде қарап зерттеген және қоғамдық ғылымдардың тұжырымдарын дәлелдеуде математикалық аппаратты қолданған. Ғылымды идеологиялық қысымнан арылтып, идеологиялық мазмұннан ажыратып қарау керектігін қолдаған. Бір қызығы, ПФЛ-дің алғашқы ғылыми ізденістері әлеуметтанудан тыс болған. Ол 1924 жылы өзінің докторлық диссертациясын математикадан қорғаған.

1925-1929 жылдары Венадағы мектептердің бірінде математика пәнінің мұғалімі бола жүріп, Вена университетінің жанындағы Психология институтында психологияны оқыған. Математикалық аппарат пен психологияның көмегімен П.Лазарсфельд өзінің әлеуметтік зерттеулерінде эмпирикалық проблемаларға барынша назар аударды. Ғалым электоралды мінез-құлықтың «әлеуметтік» тұжырымын жасады. Бұл тұжырым бойынша дауыс беру процесі кезінде сайлаушының шешімі оның қандай үлкен әлеуметтік топқа жататынымен анықталады деп көрсетілген.

ПФЛ-ға дейін бұқаралық коммуникацияның тиімділігі мен әлеуеті ойша сарапталып, ойбағамдау әдістеріне негізделіп жасалып келсе, П.Лазарсфельд эмпирикалық зерттеулер арқылы коммуникациялық құралдармен қоғамдық пікірді қаншалықты өзгертіп бұрмалауға болатынын дәлелдеді [2].

Бұл ХХ ғасырдың 30-40 жылдары болатын. Ал, өткен ғасырдың 60-80 жылдары бұқаралық ақпарат құралдарының адамдардың саяси ұстанымдарын саяси жарнаманың көмегімен өзгертетін механизмдерді түсіндіретін бірнеше ғылыми теориялар өмірге келді. Осы ғылыми теорияларды Э.Ноэль-Нойманның «Қоғамдық пікір: үнсіздік шиыршығының ашылуы» атты монографиясында, Т.Блумердің «Әлеуметтік проблемалар ұжымдық әрекет түрінде» атты ғылыми еңбегінде, С.Ленарттың «Адамдар арасындағы қарым-қатынас пен бұқаралық ақпарат құралдарының әсері» ғылыми зерттеу жинағынан көре аламыз.

Жаңа ғасырда да бұқаралық коммуникация феноменіне деген қызығушылық философтар, саясаттанушылар, психологтар мен әлеуметтанушылар тарапынан еселеніп өсуде. Олар аталған құбылысты жан-жақты зерттеуге құлшыныс танытуда. Бүгінгі зерттеулердің басты нысаны –

бұқаралық коммуникация құралдарының қоғамдық-саяси процестерге әсер ету дәрежесін өсіру, тиімді технологиялар мен механизмдерді анықтау.

Нарықтық қатынастардың дамуымен бірге бұқаралық коммуникация құралдарының меншік түрлері де өзгерді. Меншік нысандарының өзгеруімен қатар прогрессивті қоғамдық сана қалыптастыру бағытындағы ашық технологияларды қоғамдық сананы бұрмалауды мақсат еткен «лас технологиялардан» ажырату, қорғау проблемасы туындады.

Цифрлық дәуірдегі бұқаралық коммуникация феноменін объективті сипаттау үшін мына мәселелерді сараптаудың маңызы жоғары:

1. Қоғамның саяси өміріндегі БКҚ қызметінің ерекшеліктерін талдау, БКҚ қызметін заңнамалық реттеуді саралау, нормативтік-құқықтық базаның әлсіз және күшті тұстарын анықтап ұсыныстар әзірлеу;

2. Қоғамдық сананы бұрмалау механизмдерін қолдануды билік жүргізудің, басқарудың тәсілі деген көзқарастың теориялық негіздерін жинақтау. БКҚ объектілері деп танылған қоғамдық сананы бұрмалау үшін көзделген жиынтық компоненттердің аппроксимациялық көлемін анықтау;

3. Қоғамдық сананы қажетті арнаға бұру және халықты қажетті электоралдық таңдауға икемдеу мақсатында БКҚ-ыны тиімді қолдану жолдарын оңтайландыру формаларын ұсыну. Саяси жарнамада қолданылатын манипуляциялық механизмдерді бірыңғай жіктеудің негіздемесін жасау;

4. Ақпараттық қоғамдардағы мемлекет пен қоғамның арасындағы коммуникативтік қатынастардағы дезинтеграциялық процестердің себебін талдау;

5. Дамыған қоғамдардағы «басқарушыдан – бағыныштыға» деген формуланың орнына цифрлық технологиялар мүмкіндік беретін «бұқара халықты саяси шешімдерге қатыстыратын» саяси коммуникациялық модельдердің қоғамдық қатынастарға әсерін, енгізілу жылдамдығын сараптау.

Қазақстанның әлеуметтік-саяси саласындағы ақпарат тарату құралдарының қызметіндегі өзгешелік біздегі тарихи қалыптасқан ақпаратты тарату мен қабылдау каналдарының, тәсілдерінің сипаттарымен, меншік түрлерімен және мемлекеттік қолдау мен қоғамның мәдени дәрежесімен байланысты түсіндіріледі. Қазақстандық БКҚ-ның қызметіндегі сапалы өзгерістер мемлекеттің даму деңгейіне, саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайға қатысты жетіліп келеді [3].

Қорыта айтқанда, цифрлық дәуірдегі адамзат қоғамының трансформациясын зерттеудің өзектілігі мемлекеттік билік пен ақпараттық технологиялардың ықпалдасу модельдерінің түрлі аспектілерін талдаумен байланысты.

Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақ еліндегі әлеуметтік-саяси өзгерістер мен әралуан трансформациялық процестерді, қоғамдық санаға ықпал ететін институттардың қызметін зерттеудің өзектілігі артуда. Елді басқару құрылымындағы айтарлықтай өзгерістер саяси жүйенің түбегейлі реформалануымен байланысты болды. Қоғамдағы коммуникациялық әрекеттесудің сипаттары әрбір елдің саяси жүйесіне тән түрленіп отырады.

Демократиялық бағытты таңдаған қазақ қоғамында да коммуникациялық құралдар саяси ережелерді заңдастыруда маңызды функция атқара бермекші.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Есенбекова Ұ.М. Цифрлық дәуірдегі адам және қоғамның трансформациясы (медиапсихологиялық аспект) / Астана: ЕҰУ-дің баспасы, 2019. – 227 б. ISBN 978-601-337-202-0
2. Lasarsfeld P. Personal influence: the Part Played by People in the Flow of Mass Communications. – N.Y., 1971. – p.254.
3. Есенбекова Ұ.М. Телевизиядағы журналистік шеберлік. / Астана: ЕҰУ-дің баспасы, 2018. – 309 б.

С.В. АШЕНОВА,
*Международный университет
информационных технологий,
Алматы, Казахстан
(e-mail: saule_ashenova@mail.ru)*

**ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ЦИФРОВОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ НА
СОВРЕМЕННОМ МЕДИАРЫНКЕ**

Человечество вошло в эпоху экспоненциального роста сложности социальных систем, в «Эпоху больших данных». По расчетам аналитиков объем цифровых данных удваивается каждые сорок месяцев. Социальная физика как новая наука позволяет автоматически анализировать, используя алгоритмы нейронных сетей, миллиарды микросоциальных взаимодействий, непрерывно совершаемых с помощью наших мобильных устройств и других онлайн-платформ. Эти микро-взаимодействия записываются в цифровом формате и хранятся в неограниченном количестве, охватывая все сферы человеческой деятельности.

Представителем таких сфер, медиатрендом становится сегодня цифровая журналистика, включающая в себя наряду с веб-технологиями такие понятия, как «иммерсивная» журналистика, журналистика «погружения» – термин, который используется для новых форм подачи материала и роботожурналистика, использование искусственного интеллекта в работе редакций [1]. Основа первого направления – создание необходимой атмосферы, «физическое» погружение в репортаж, перевоплощение окружающего пространства в информацию, когда читатель, зритель, благодаря современным технологиям, становится не просто потребителем, а ее частью. Роботизированная журналистика сформировалась на основе потребностей новых областей исследований разработчиков программного

обеспечения для искусственного интеллекта, использующих огромный объем знаний в области лингвистики и изучения естественного языка. Уже разработаны алгоритмы искусственного интеллекта, которые могут преобразовывать факты и новые идеи, полученные из хранилищ данных в читаемые истории за доли секунды. Эта новая область роботизированной журналистики основана на двух столпах: компьютерном программном обеспечении, которое автоматически извлекает новые знания из огромных хранилищ данных, используя новую концепцию «социальной физики», и алгоритмах, которые автоматически преобразуют эти знания и эти идеи в читаемые истории без участия человека. [2]

Происходящие преобразования не просто актуальны для теории журналистики, их осмысление и внедрение, исследование и разработка рекомендаций крайне необходимы для современного журналистского практикума, что в свою очередь подчеркивает научную ценность темы.

Благодаря качественному контент-анализу можно выявить тенденции изучения темы зарубежными и отечественными исследователями, при этом казахстанский сегмент представлен не так широко, как зарубежный, как в контексте теоретического анализа, так и в области применения этих технологий на практике. Кроме того, субстанциональный метод исследования позволяет продемонстрировать насколько активным и значимым является понимание того, насколько сильно изменится журналистика, какие изменения она претерпевает в данный момент, что ждет журналистов в будущем и какие прогнозы ожидаются в развитии новых технологий в СМИ.

Робототехника с каждым днем становится все более и более развитой отраслью науки, активно внедряясь в сферы, ранее подчиненные только деятельности социальных институтов. На первый взгляд, нелогично, что такая сфера, как журналистика, осуществляемая разумом и креативом, будет заменяться программой. Тем не менее, предпосылки не только созданы, но и внедрены.

Первые роботы-журналисты появились в Китае в 2017 году. Умная технология под названием Сяо Нань потратил всего одну секунду на написание 300 иероглифических статей. Его главное преимущество – способность быстро усваивать данные. Затем роботы распространили свою деятельность на сферу телевидения. По данным информационного агентства Синьхуа, на китайском телевидении представлены два робота-диктора. Представители телеканалов, на которых работают роботы, держат полную информацию об этой технологии в секрете. Известно, что робот способен выполнять свою работу 24 часа непрерывно. По данным некоторых источников, внешний облик первого робота-диктора был похож на популярного китайского телеведущего Цю Хао [3].

По российскому телеканалу «Россия 24» транслировался робот-ведущий «Алекс». Он создан с портретом лица дизайнера Алексея Южакова. Казахстанский робот-диктор был создан по подобию лица известного актера Санжара Мади. Он до сих пор представляет сводку экономических новостей

на телеканале Atameken Business. Руководство канала считает, что голограмма «i-Sanj» принесла телеканалу некоторые преимущества с точки зрения экономики [4]. Сегодня многие крупные телеканалы перешли на работу операторов-роботов. Это говорит о том, что умные технологии заменяют ведущих экспертов в области телевидения. Хотя все еще открыт вопрос о том, на каком уровне взаимодействие технологий и традиционного разума послужат основой для поступательного развития цивилизаций.

В том же 2017 году, когда изменение форматов СМИ получило практическое подтверждение в виде осязаемой технологии, агентство Associated Press подготовило подробный отчет о будущем дополненной или виртуальной реальности, в котором были отражены основные преимущества использования искусственного интеллекта в журналистике. Среди них были выделены следующие тенденции: журналисты делают лучший и более сложный выбор информации, необходимой в больших потоках данных, текста, изображений и видео, но, согласно оценкам AP, искусственный интеллект может высвободить около 20% времени журналиста на проверку фактов и сбор информации, а также на предоставление контента и потокового вещания. Учитывая эти факты, медиа исследователи предсказали широкое использование искусственного интеллекта в редакциях через 10 лет.

Знаменитая газета «Washington Post» вполне успешно использует пишущего робота под названием Гелиограф. На сегодняшний день им написаны тысячи статей. Информатор Associated Press сообщил, что он сэкономил 20% своего времени с помощью робота-журналиста и увеличил объем материала в 10 раз [5]. Деятельность роботов-журналистов, на самом деле, является незаменимым решением для оперативной обработки больших объемов статистических данных в финансовой и спортивной сфере. Также полезным механизмом оказались чат-боты, имитирующие диалог с пользователем и позволяющие СМИ получать обратную связь, отвечать на вопросы и регулировать поток информации намного оперативнее, чем это происходило ранее. На данный момент чат-боты весьма популярны в разнообразных мессенджерах, таких как Facebook и Telegram.

Эксперты выявили 3 типа ботов в сфере журналистики:

1. Бот, который умеет обновлять и контролировать опубликованные новости;
2. Боты, которые могут предоставлять статьи по предпочтению разной целевой аудитории;
3. Бот, который отвечает на прямой вопрос пользователя.

Если вы используете чат-бота в Facebook Messenger, то бот отправляет рассылку, которая может показаться вам интересной или полезной, предпочтения вы выбираете по своему усмотрению. Вы можете написать ключевые слова, которые трудно найти в новостях, бот сделает это за вас. Если человек читает актуальные новости в определенном СМИ, это очень удобно для бота, чтобы предоставлять новости в нужное время.

Однако, несмотря на то, что роботы-журналисты могут писать быстро и в больших количествах, нет возможности провести глубокий и систематический анализ темы [6]. По мнению экспертов, если статья написана роботом, нужно провести повторную проверку журналисту. Это делается не для защиты авторских прав робота, скорее, для защиты прав читателей. Специально проведенные исследования показали, что рейтинг статей, написанных с помощью роботов, значительно ниже. На этом фоне более востребованным технологическим прорывом можно считать дополненную реальность, также имеющую отношение к цифровой журналистике. Телевидение уже достаточно продолжительное время использует специфику «иммерсивной журналистики», создавая «виртуальные репортажи», первопроходцем которых многие исследователи называют работы Nonny de la Peña, бывшей корреспондентки Newsweek, автора The New York Times. К ее репортажам о Сирии и голодающих в США добавились затем проекты Медиакомпаний медиакомпаниями The Des Moines Register и Gannett Digital, руководители которых уверены, что таким образом можно привлечь к социальным темам поколение, выросшее на компьютерных играх. И на самом деле это большой и жирный плюс для СМИ, основной особенностью которых, несмотря на все новые технологии, должна оставаться приверженность принципам журналистики как социального института.

Использование технологий дополненной реальности, безусловно, расширяет границы работы с информацией и массовой аудиторией, но такие проекты все еще стоят достаточно дорого, десятки тысяч долларов. Тем не менее исследователи обращают свое внимание на примеры социальных сетей и их использование виртуальных очков. Платформы социальных сетей также формируют тенденции в журналистике, поскольку все большее число редакций используют Facebook и Twitter для публикации новостей в режиме реального времени. Репортеры, которые адаптировались к влиянию социальных сетей на сбор новостей и репортажи, обнаружили, что они лучше умеют общаться со своей аудиторией. Те, кто заинтересован в продолжении этого карьерного пути, должны чувствовать себя комфортно, принимая тенденции и изменения в платформах социальных сетей по мере их появления.

Самой активной и быстро меняющейся социальной сетью считается Facebook, который активно тестирует виртуальную реальность на своей платформе, планируя запускать новое приложение, где люди при помощи виртуальных очков компании Oculus люди смогут создать свою виртуальную копию в метавселенной и общаться с другими, смотреть новостные ленты, а также лицезреть видео и фото в режиме 360°. Одна из целей Facebook – создание виртуальных миров, с помощью которых друзья могут проводить время вместе, находясь в любой точке земного шара. Однако эта функция активно предлагается не только для развлечения, но и для бизнеса. Сотрудники Facebook проводят встречи онлайн за одним столом, находясь в разных городах. Очки компании Oculus используются в школах США, с их помощью ученики перемещаются в нужный кабинет и изучают предмет. Во время

занятий у них есть возможность побывать в Белом доме или на космических станциях NASA. Студенты-медики имеют возможность смотреть на все органы человек изнутри, для лучшего понимания и обучения. Стоимость гарнитуры для виртуальной реальности сейчас составляет 200 долларов. Возможно в скором времени и создание виртуальных программ не будет стоить слишком дорого.

Использование таких современных технологий в средствах массовой информации позволяют предоставлять контент в совершенно новой и интересной форме. Футурист Эми Уэбб из «Института будущего» утверждает, что нас ждет гарнитура, аналогичная очкам, которые используются в настоящее время. И если первичные алгоритмы искусственного интеллекта в медиа давно вошли в практику повседневной работы редакций, такой как выяснение прогноза погоды, пробок на дорогах и курсов валют, новости биржи и спортивные новости, то расширение этих практик будет зависеть от слаженной работы алгоритмов и человека. В этих привычных сообщениях изменяются только фактические данные и добавляются необходимые правки, в то время как

благодаря новшествам у сотрудников СМИ появится дополнительное время на журналистские расследования и аналитические статьи. Все это, несомненно, представляет интерес для корреляции изменений, происходящих в современной информационной среде [7].

Технология искусственного интеллекта не учитывает человеческий фактор при полной разработке контента. Дополненная реальность более прагматична в этом плане. Программное решение – это всего лишь дополнительный инструмент для упрощения процесса создания контента и упрощения повседневных задач журналистов. Программы акцентируют внимание журналистов на скорости подготовки материала и индивидуальности его распространения. Кроме того, эти программы способствуют индивидуализации контента в непрерывном потоке информации. Однако использование искусственного интеллекта и дополненной реальности для создания контента сегодня доступно только крупным медиа компаниям. Потому что эти компании привлекают первоклассных программистов, работающих в области машинного обучения. Особенностью новой программы является то, что СМИ требуют создания новых рабочих мест для профессионалов и привлечения технических экспертов в этой области. Медиа эксперты считают, что для будущего развития журналистики необходимо инвестировать в новые технологии. Но это в любом случае не станет полноценной альтернативой хорошей журналистской работы. Точность, оперативность, аналитика, креатив в процессе производства журналистских материалов позволяют СМИ добиваться больших успехов. Поэтому, чтобы сохранить лидерские и ответственные качества, СМИ должны принять новые технологии, но не подчиняться им, использовать их для развития и продвижения своего лидерства.

Использованные литературы:

1. Ибраева Г. Иммерсивная журналистика [Электронный ресурс] – Доступно по адресу: [Иммерсивная журналистика Ибраева Галия .pdf \(kaznu.kz\)](#) (дата обращения 11.11.2022)
2. Роботы в журналистике, или как использовать ИИ для создания контента [Электронный ресурс] – Доступно по адресу: <https://habr.com/ru/company/habr/blog/439388/> (дата обращения 13.11.2022)
3. В Китае появился робот-телеведущий. Он способен работать круглые сутки без зарплаты и еды [Электронный ресурс] – Доступно по адресу: <https://esquire.ru/news/science-and-technology/09-11-2018/69352-v-kitae-poyavilsya-robot-televedushchiy-on-sposoben-rabotat-sutkami-bez-zarplaty-i-edy/> (дата обращения 10.11.2022)
4. Виртуальный ведущий впервые вышел в эфир казахстанского телеканала [Электронный ресурс] – Доступно по адресу: [strategy2050.kz: https://strategy2050.kz/ru/news/virtualnyy-vedushchiy-vpervye-vyshel-v-efir-kazakhstanskogo-telekanala/](https://strategy2050.kz/ru/news/virtualnyy-vedushchiy-vpervye-vyshel-v-efir-kazakhstanskogo-telekanala/) (дата обращения 13.11.2022)
5. Mark Austin. A robot named Heliograf got hundreds of stories published last year [Электронный ресурс] – Доступно по адресу: https://translated.turbopages.org/proxy_u/en-ru.ru.638e91da-6228f6ef-ec0324b8-74722d776562/https/www.digitaltrends.com/business/washington-post-robot-reporter-heliograf/ (дата обращения 15.11.2022)
6. Боровская Е.В. Основы искусственного интеллекта / Е.В.Боровская, Н.А. Давыдова – Москва: Бином, Лаборатория знаний, – 2018 – 127 с.
7. Градюшко, А. А. Основы творческой деятельности веб-журналиста : учеб.-метод. пособие / А. А. Градюшко. – Минск : БГУ, 2019. – 239 с.

Жанар МУКУШЕВА,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты
Астана, Қазақстан*

Ғылыми жетекшісі: Амангелді ШУРЕНТАЕВ,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Баспасөз және баспа ісі кафедрасының меңгерушісі, PhD
Астана, Қазақстан*

МЕДИАДАҒЫ СЛЕНГ СӨЗДЕРІНІҢ КӨРІНІСІ

Тіл байлығы – сөз байлығы. Кез келген адам білімді, тәлім-тәрбиені, мәдениетті, өнерді, ғылымды, техниканы тіл арқылы алады. Тіл - әр ұлттың жаны, ол халықпен бірге өмір сүріп, дамиды. Сондықтан, онда әрбір халықтың ұлттық сана-сезімі, мінез-құлқының нысаналары сақталады.

Тіл мәдениеті дегеніміз - адамдармен тілдік қарым-қатынас негізінде жазбаша және ауызша тілді игеру деңгейі. Ол жалпытілдік норманың сақталуымен, тілдің мазмұндылығымен, ойлылығымен, лексикалық байлығымен, көркемдігімен әрі мәнерлігімен сипатталады. Жалпы тіл мәдениетіне қатысты анықтамаларды қарастыратын болсақ, тіл мәдениеті дегеніміз - сыпайы, ізетті, сауатты сөйлей білу және сөзді дәл айта білу, оны орнымен, әсерлі етіп қолдана алу шеберлігі [1]. Тіл мәдениетінің басты мәселесі - бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қарым-қатынас жасау барысында адамға ықпал етуі.

Бұқаралық ақпарат құралдары - арнайы техникалық құралдарының көмегімен, кез-келген тұлғаларға әртүрлі мәліметтерді ашық жариялауға арналған әлеуметтік мекемелер. Қоғамның өмір сүруін қамтамасыз етудегі БАҚ-тың рөлі зор. Наполеон: «Жауға қарсы жүздеген мың қол әскерден, төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор», - деген. Ал, 1840 жылы француз жазушысы Оноре де Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп атады. Сарапшылар БАҚ-тың мынадай ерекше белгілерін атап көрсетеді:

- жариялылық, яғни тұтынушылардың шексіздігі;
- арнайы техникалық құралдардың, аппаратуралардың болуы;
- ақпарат таратушының қабылдаушыға бір жақты ықпалы;
- тұтынушы аудиторияның тұрақсыз әрқелкілігі [2].

БАҚ - бұл мемлекеттік идеология құралы. Әрбір аймақтың, әрбір мемлекеттің өзіндік ерекшеліктері бар. Үлкен мемлекеттер айналасындағы шағын елдердің мәдениетін басып, халқын өз аузына қаратып алуға талпынады. Сондықтан шағын елдердің өз мәдениетіне және өз ақпараттық саясатын жүргізу ісіне ерекше мән берулері қажет. Бұл Қазақстан үшін, мемлекеттік тілдегі бұқаралық ақпарат құралдары үшін өзекті мәселе болып табылады [3]. Қазіргі жаһандану заманында батыстан келіп жатқан ақпараттар тасқыны қоғамға әсерін тигізуде. Ақпараттық технологияның қалыптасуымен қатар БАҚ-та айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Тіл тазалығы ойымыздың бөтен, жат элементтермен араласпауын талап етеді. Дегенмен, журналистика қашанда заман ағымына ілесіп, соңғы оқиғалардың барлығынан хабардар болғандықтан, қарым-қатынас орнату, кез келген ақпаратты оқырманға жеткізу мақсатында жеке журналистік сленг, сленг сөздерінің де қолданалуын байқауға болады. БАҚ пен сленг сөздерінің өзара әрекеттесу тақырыбы аз зерттелгендіктен қазіргі уақытта бұл өзекті мәселеге айналды.

Сленг (ағылш. Slang) ерекше тарихи түрде қалыптасқан әртүрлі қоғамдық топтағы сөйлеушілердің барлық сатысына ортақ бейәдеби тілдік норманың нұсқасы [4]. Ғалымдар «сленг» ұғымын ХХ ғасырдан зерттей бастаған. Сол себепті қазіргі уақытта оның шығу тегі жайында түрлі пікірлер қалыптасқан. Сленг ұғымын зерттеумен И.В. Арнольд, В.А. Хомяков, Т.В. Беляева, Р. Спирс, О. Есперсон, Х. Менкен, В. Скит, Э. Патридж, И.Р. Гальперин және т.б шетелдік зерттеушілер айналысқан. В.А. Хомяковтың тұжырымдамасы бойынша: «сленг - бұл белгілі бір кезеңде қалыптасқан, экспрессивті ауызекі компоненттері бар жиі қолданылатын лексикалық қабат» [5]. Ал, А.В.

Гуслякова «сленг - белгілі бір қоғам топтары өзара қарым-қатынасын жеңілдету үшін құрылған ерекше тіл» деп мәлімдейді [6]. Дегенмен, бүкіл әлемге кеңінен танымал сленг сөздері, әртүрлі қоғамдық топтарда қолданылатын сөздердің жиынтығы немесе бұрыннан қалыптасқан сөздердің жаңа мағынасы болып табылады. Сленг адам өмірінің әртүрлі салаларында қолданылатын белсенді және динамикалық ұғым. Қазіргі кезде Интернеттің қарқынды дамуының әсерінен сленг сөздерінің қолданыс аясы тереңдей түсті. Ол мерзімді басылым беттерінде, телебағдарламалар, әлеуметтік желі парақшаларында және тағы да басқа бұқаралық ақпарат құралдарында айқын көрініс табуда.

Қазіргі уақытта ақпараттық технологияның дамуымен барлық бұқаралық ақпарат құралдары жаңа медиа болып табылады. Twitter, Facebook, Instagram секілді әлеуметтік желілердің сайттары да өз аудиториясын әлеуметтік ортаға тартуға талпынғандықтан, оларды да әлеуметтік медиа қатарына жатқызамыз.

Енді осы медиадағы сленг сөздерінің көрінісі мен қолданыс ерекшеліктерін айқындау үшін Instagram әлеуметтік желісіндегі «Егемен Қазақстан» мен Qumash_kz жаңалықтар парақшасын салыстырып, мәтіндік талдау жасалды. «Егемен Қазақстан» қоғамдық-саяси газетінің Instagram-дағы оқырмандар саны - 12,3 мың адам. «Егемен Қазақстан» ресми газет болғандықтан, мұндағы жаңалықтар ресми тілмен жазылған. Ал Qumash_kz оқырмандар саны 273 мыңнан астам. Qumash_kz посттарында инсайт, вайб, лайфстайл, дедлайн, хайп, донат секілді сленг сөздерін байқауға болады. Сленг сөздерін медиамәтін жазуда қолдану қазіргі заманауи қоғаммен жақсы тіл табысуға және оқырмандардың кең аудиториясына ақпарат таратуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ақпарат пен мемдерді жариялау және орналастыру мақсатында әлеуметтік медианы пайдалану өз кезегінде оқырмандардың кең ауқымына әсер етуін байқауға болады.

Қортындылай келе, «Егемен Қазақстан» газетінің танымал, беделді, басылым болғанымен, оның әлеуметтік желідегі оқырман саны Qumash_kz парақшасынан әлдеқайда аз екенін байқауға болады. Оқырман әлеуметтік желідегі дәлелденбеген ақпараттарға емес, ресми парақшалардан сенімді ақпарат алуы тиіс екені бәрімізге мәлім. Дегенмен, заман талабына сай, заманауи БАҚ интеллектуалды дамыған оқырманға, яғни бұқаралық оқырманға бағытталған. Осы мақсатта БАҚ қызметкерлері тілдің түрлі бейнелі ресурстарын пайдаланып, нақты тұжырым жасайды. Осылайша, бұқаралық ақпарат құралдарының тілі зиялы қауымға да, қалың оқырманға да жеткізіледі. Аудиторияға әсерін арттыру үшін тілшілер фотосурет, диаграмма, авторлық сурет сияқты графикалық компоненттерді қалай пайдаланса, БАҚ қызметкерлері де ауызекі сөйлеудің, сленг сөздерінің компоненттерін осы мақсатта пайдаланатынын көруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары /Р. Сыздық // Тілдік норма және оның қалыптануы.-Астана: Елорда, 2001.-23 б.

2 Қазақстан энциклопедиясы. «Қазақ ұлттық энциклопедиясы» баспасы. – Алматы, 2002. – 621 б

3 Сәуле Саматқызы. «БАҚ дегеніміз – мемлекеттік идеология құралы». <https://tilalemi.kz/article/818-.html> пайдаланған мерзімі 23.11.2022.

4 Сленг түсінігі <https://ru.wiktionary.org/wiki/%D1%81%D0%BB%D0%B5%D0%BD%D0%B3> пайдаланған мерзімі 23.11.2022.

5 Хомяков В.А. Введение в изучение сленга- основного компонента английского противоречья. - Вологда, 2001. 43-44 б.

6 Гусякова А.В. Особенности современного американского сленга.-М., 2008. -136 б.

7 Бейнбриж Жейсон, Гок Никола, Тайнан Лиз. Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас. /Гок Никола // Алғашқы масс медиум. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. 73-74 бб.

Ажар ЖАНБОЛАТ,
*Қоғаммен байланыс білім беру
бағдарламасының 2-курс магистранты*

Ғылыми жетекші: Серікзат ДҮЙСЕНҒАЗЫ,
*Телерадио және қоғаммен байланыс
кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент*

ЖОО БРЕНДІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

Білім беру мекемесінің жағымды брендин жұмыс тұрғысынан анықтау үшін К. В. Петелинскийдің анықтамасын қарастырған дұрыс, оның пікірінше, ЖОО имиджі - бұл тікелей байланыста немесе жанама ақпарат негізінде пайда болған, оларда қалыптасқан жоғары оқу орнының бейнесі бойынша адамдар тобының жоғары оқу орны туралы қалыптасқан, эмоционалды боялған пікірі.

Төменде жоғары оқу орнының жағымды имиджін қалыптастыру үшін қолданылатын коммуникациялық технологиялар құралдары көрсетілген: білім беру қызметі және оның тұтынушылары, ЖОО-ның ішкі имиджін, жетекшінің, оқытушылар мен студенттердің имиджін, ішкі корпоративтік коммуникациялар, университеттің визуалды, әлеуметтік және бизнес-имиджін қалыптастыру, media relations, event-marketing, демеушілік және қайырымдылық, инвесторилейшнз, тимбилдинг технологиялары, желілік және электрондық PR, сондай-ақ оларды іске асыруға ықпал ететін құралдар мен тәсілдер туралы айтуға болады.

Университеттің имиджін қалыптастыру үшін қажетті негізгі мақсатты топтарға талапкерлер мен олардың ата-аналарын, ЖОО бітірушілерін, серіктестерін, үкіметті, мемлекеттік басқару органдарын, БАҚ, профессорлық-оқытушылық және көмекші қызметкерлерді, сондай-ақ университет студенттерін жатқызамыз.

Жағымды бренд қалыптастыру барысында осы мақсатты топпен коммуникацияны үзбей, үздіксіз жүргізу маңызды. И.В. Сидорскийдің жазуынша, «қазіргі әлем келесідей ережеге бағынады: нақты оқиға ол туралы бұқаралық ақпарат құралының көпшілік назарына айтқан кезінде ғана маңызды». Сондықтан университеттің қызметі бірінші кезекте тұтынушылардың хабардар болуын арттыру және жоғары оқу орнына клиенттердің адалдығын қолдау және университеттің оң имиджін нығайту үшін ақпараттық қолдау алуы тиіс.

ЖОО имиджін қалыптастырудағы медиарилейшнз.

БАҚ-пен жоғары оқу орны мамандарының жұмысына келесі іс-шаралар кіруі тиіс:

1. Медиапланды әзірлеу, оған сәйкес баспа және аудиовизуалды бұқаралық ақпарат құралдарын, сондай-ақ университет туралы материалдарды орналастыруға арналған интернет-басылымдарды, өңірлік басылымдар, аудандық БАҚ, республикалық және өңірлік телеарналар, түрлі бағыттағы республикалық мамандандырылған басылымдармен ынтымақтастық және қолдау туралы келісімшарттар құру.

2. Білім беру қызметтерін сипаттайтын және олардың бірегейлігін көрсететін ақпараттық және анықтамалық буклеттерге баспасөз релиздер мен басқа да PR-материалдар, репортаждар, мәтіндер, жарнамалық мақалалар жазу. Бұқаралық ақпарат құралдары университет туралы жұртшылықпен байланыс жөніндегі маманның берген ақпараты жоғары оқу орнының имиджіне әсер ететін паблицитті капитал қалыптастырады.

3. Университет имиджін жақсарту үшін жаңалықтарды қалыптастыру. Мысалы, әртүрлі мақсатты топтарға есептелген жоғары оқу орны туралы хабарлар циклін жазу орынды болар еді:

- талапкерлер мен жоғары сынып оқушылары (студенттік өмір, студенттердің жетістіктері, оқу үрдісі туралы ойын-сауық-танымдық бағдарламалар, факультеттерді студенттер көзімен таныстыру, жаңа мамандықтар туралы әңгімелер);

- талапкерлердің ата-аналары (оқытушылар, ғылыми мектептер, студенттерге арналған шарттар, әлеуметтік қорғау туралы);

- билік органдары (ЖОО оқытушылары мен студенттерінің өмірге енгізген әлеуметтік жобаларға арналған бағдарламалар)

4. Университеттің мәдени және ғылыми іс-шараларды, көрмелерді, тұсаукесерлерді ұйымдастыруы және осы іс-шараларды журналистердің міндетті түрде жариялауы арқылы оған қатысуы, оны субъектінің қоғам арасында оң танымалдылығына қол жеткізуі – паблисити технологиясы деп атауға болады.

5. Университеттің ұсынысы бойынша журналистер үшін арнайы іс-шаралар өткізу, оның жаңа қызметтері, мамандар, басқа білім беру мекемелері алдында ерекшеліктер мен артықшылықтар:

- баспасөз конференциялары (қаланың басқа университеттерімен бірге баспасөз конференцияларына қатысу, инновациялық ғылымды қажетсінетін технологиялар, академиялық ғылым мен өндіріс, ғылым, білім және бизнес қатынастары мәселелері бойынша кәсіпорын басшыларымен баспасөз конференцияларына қатысу);

- брифингтер (жаңа мамандықтар, факультеттер, университет құрамындағы құрылымдық бірліктердің ашылуы және т.б.);

- баспасөз турлары (өңірлік басылымдар мен телеарналар және аудандық БАҚ журналистеріне арналған баспасөз туры, «университеттегі бір күн» түріндегі іс-шаралар және т.б.);

- сарапшылар ретінде университеттің профессорлық-оқытушылар құрамының қатысуымен өзекті мәселелерге арналған журналистермен бірлескен дөңгелек үстелдер (орталықтандырылған тестілеу, жастардың жұмыспен қамтылуы, білім беру қызметтері нарығындағы жағдай, жастардың девиантты мінез-құлықтары және т.б. мәселелерді талқылау);

- университет басшылығымен және маңызды оқиғалардың «батырларымен» сұхбат.

Осылайша тиімді медиарилейшнз технологиясын құруда айтарлықтай артықшылықтар бар: 1) мақсатты аудиториялар ақпараттандырылған, бұл ЖОО-ның имиджінің негізі болып табылады; 2) БАҚ-тағы материалдар университет туралы қолайлы қоғамдық пікір қалыптастырады; 3) бұл шығынсыз PR-технология, өйткені материалдар тегін негізде орналастырылады және «ақпараттық субсидия» (О.Х. Гэнди анықтамасы) ретінде журналистерге қызықты.

Спорсоринг технологиясы.

Демеушілік пен қайырымдылық ЖОО мен оның қызметтері туралы хабардарлықты қолдауға көмектеседі. Бұл өзін, өз бизнесін, қызметтерін, қызметін әлеуметтік маңызы бар деп мәлімдеудің, университет ұстанатын әлеуметтік жауапкершілік принциптерін белгілеудің жақсы тәсілі. Сонымен қатар қайырымдылық іс-шараларға, акцияларға, науқандарға қатысу, сондай-ақ оларды ұйымдастыру ЖОО-ны баспасөзде жариялауға себеп болып табылады. Демеушілік және қайырымдылық бағдарламаларды пайдалану бір жағынан университет басшысының этикалық ұстанымдарымен, екінші жағынан – прагматикалық себептермен (жоғары корпоративтік мәдениетті, қалың жұртшылықтың, серіктестердің, мемлекеттік басқару органдарының жеке азаматтық ұстанымын көрсету, адамдардың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға үмтылу) түсіндіріледі.

Имиджді жақсарту үшін пайдалану орынды демеушілік нысандары келесідей:

- нақты іс-шараларды ұйымдастыру (балалар үйлерінің патронажы, заттарды жинау және қаражат аудару бойынша акциялар, жетім балаларға

жоғары оқу орындарына түсу кезінде арнайы атаулы стипендияларды есептеу, қалаларда спорттық іс-шараларға демеушілік жасау, педагогтарды, ардагерлерді қолдау, таланттар конкурстарын, балалар үйлерінің тәрбиеленушілері арасында зияткерлік турнирлерді ұйымдастыру және т. б.);

- қайырымдылық науқандарын ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдесу;

- университет ең жақсы түрде ықпал ете алатын мәселелерді іздеу мақсатында қоғам өмірін зерттеу (аналитикалық қызмет).

Ішкі корпоративтік PR.

Ішкі (корпоративішілік) паблик рилешнз қажеттілігі қызметкерлердің компанияға қарым-қатынасының маңыздылығын, оның құндылықтарына, персоналдың ЖОО-ға және оның қызметтеріне адалдығын түсінуден, корпоративтік мәдениетті құрудан туындаған. Ішкі имиджді қалыптастырудың коммуникациялық құралдары: мұражай қызметі, ішкі корпоративтік бағытталған баспасөз (радио, теледидар, газет), ақпарат тақталары, арнайы іс-шаралар (team-building, corporate events), ішкі сайт (Platonus) бола алады.

Осылайша коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, университеттің имиджін айтарлықтай жақсартуға болады: білім беру қызметінің, білім беру қызметін тұтынушылардың имиджі, ЖОО-ның ішкі имиджі, жетекшінің, оқытушылар мен студенттердің имиджі, университеттің визуалды, әлеуметтік және бизнес-имиджі.

Бұл зерттеу жұмысының барысында коммуникациялық технологиялардың жоғарғы оқу орындарына жағымды имидж пен брендін қалыптастырудағы рөлі қаншалықты маңызды екені қарастырылды. ХХІ ғасыр талаптарына сай білім беру саласы да нарықтың жаңа бір саласы ретінде қалыптасқанына көзіміз жетті. Жоғары білім бүгінгі күні өте танымал және бұл қоғамда белгілі бір позицияны иеленуге, мансаптағы перспективаға, өмірде табысқа жетуге мүмкіндік беретіндіктен, отандық ЖОО-ның брендін қалыптастыру өзектілігі туындап отыр. Білім беру бағдарламалары – ЖОО-ның нарыққа шығаратын тауары. Брендінг, елдік брендінг, маркетинг сияқты көп салаларды ұштастыру арқылы ЖОО-ның брендін қалыптастыру ұлттық брендке әсер етуі толық негіз. Ал ұлттық бренді қалыптасқан елдің мемлекеттік имиджі нық болады.

Әлия Бахтиярқызы ҚАЛБАЙ,
*Қоғаммен байланыс білім беру
бағдарламасының магистранты
Астана, Қазақстан*

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ҚОЛДАНАТЫН НЕГІЗГІ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫ

Қазіргі таңда жұмыс істеу бағыты мен саласына қарай әлемнің кез келген бұрышында үкіметтік емес ұйымдардың санының артып келе жатқан үдерісін байқауға болады. Олардың қызметі көбінесе қоғамның белгілі бір мәселелерін шешуге, өзгертуге немесе оны қолдауға бағытталған. Дегенмен, ҰЕҰ қызметінің кең таралуы және нәтижелі жұмыс істеуі оның көпшілікпен байланыс жасау деңгейіне тікелей қатысты. Сол себепті әрбір ҰЕҰ қызметінің дұрыс насихатталуын, оның ашықтығы мен қолжетімділігін тиімді іске асыру мақсатында ұйымның коммуникациялық құралдары жақсы дамыған болуы шарт.

Коммуникациялық құралдардың түрлері өте көп болғандығына карамастан, жалпы ұйымдар арасында тиімді нәтижеге бағытталған маңызды құралдар ортақ. Дегенмен, коммуникациялық құралдар арқылы ұйымның қоғаммен үздіксіз қарым-қатынас орнатуы үшін әр ұйым өзінің жұмыс істеу арнасына қарай белгілі бір стратегия және жоспар құруы қажет. Аталмыш мақалада ҰЕҰ арасында кеңінен таралған коммуникация құралдарын талдай отырып, стратегиялық жоспарды сәтті жүзеге асыру қарастырылады.

Жалпы ҰЕҰ-дың стратегиялық жоспары жоғарыда атап өткендей оның негізі қызмет ету саласына қатысты әртүрленеді. Нақтырақ талдай келе, оның төмендегідей басты үш факторға қарай жіктеуге болады:

– коммуникациялық стратегия ұйымның ерекшелігіне, ол шешетін мәселеге, ұйымдастыру формасына және, әрине, жұмыс көлеміне тікелей байланысты.

– ұйымның ауқымы мен экономикалық мүмкіндіктеріне байланысты. Әдетте үкіметтік емес ұйымдардың бюджеті шектеулі, өйткені қаражат көбінесе әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға бағытталады. Соның салдарынан ақылы медиа қызметтері мен цифрлық платформаларын дамытуға қаражат көлемі жетпеуі және үлестірілмеуі мүмкін.

– ҰЕҰ-дар үшін ең басынан бастап ұйымның миссиясы мен мақсаттарына негізделген коммуникациялық стратегияны әзірлеу маңызды. Кез келген іс-шаралар мен коммуникация процестерінің бір бағытта қатар жүруі маңызды.

Осы факторларға негізделіп отырып, үкіметтік емес ұйымдардың негізгі коммуникациялық құралдары келесідей жіктеліп қарастырылады:

1. Ең кең тараған құралдың бірі – **бұқаралық ақпарат құралдары**. Яғни, оның қатарына газеттер мен журналдар, радио және теледидар сияқты арналар жатады. Жалпы дәстүрлі БАҚ құралдары адамдар арасында ақпаратты кеңінен таратуға, аудиториясын кеңейтуге өте үлкен роль ойнайды [1].

Кез келген ҮЕҰ әр түрлі мақсатқа бағытталған келесідей БАҚ құралдарын пайдалана алады:

- пресс-релиз немесе баспасөз конференциялары. Баспасөз конференциялары бұқаралық ақпарат құралдары мен Интернет арқылы жағымды имиджді қалыптастыруға жағдай жасайды, сонымен қатар, ең бастысы – олар ақпараттық танымдық әрі кең аудиторияға түсінікті және оңай қаралады. Баспасөз конференциялары жеке адам немесе топ пен БАҚ арасында тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік береді және негізгі хабарландыруды немесе шұғыл жаңалықтарды жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін. Сол себепті, хабарландырулар бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері хабарлаған жағдайда ғана нәтижелі болады. Ұйымның баспасөз конференциясын өткізу туралы шешім қабылдас бұрын оның қызметкерлері конференция тақырыбымен толық танысып алғаны дұрыс.

- ұйым тарихы/ жетістіктері/ оқиғалары. Ұйым баспа медиасымен өздерінің жетістіктерімен немесе маңызды ақпаратпен мақала жазу арқылы, газет-журналдарға және олардың онлайн сайттарына жариялай алады. Немесе журналистерге компанияның өте маңызды деп санайтын эксклюзивті оқиғасының сюжетін теледидар, онлайн платформаларға шығару арқылы бөлісе алады. Сонымен қатар, оқиғалар медиаға лайық ұсынылғаны дұрыс. Оқиғаларда келесі мәселелер маңызды саналады және аудитория тарапынан тез қабылданады: өзекті жаңалықтар, сарапшылардың, елшілердің кездесуі, қызықты мәліметтерді айту және т.б.

- сұхбат. Сұхбат ұйым туралы ақпаратты тікелей алу, жаңалықтарды бірінші болып есту, сондай-ақ, ашық сұхбаттар арқылы шынайы сұрақ-жауапқа негіздерген ұйым тарапынан ұсынылатын ақпарат аудиториямен жақын байланыс орнатуға тікелей әсер етеді. Бұл бұқаралық ақпарат құралдарының түрінде ашықтық пен сенім тудырушы элементтер бар;

-халыққа арналған іс-шаралар ұйымдастыру. Халық арасында жағымды имидж қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар қатарына дөңгелек үстелдер, шеберлік сабақтар, форумдар, лекциялар және т.б. жатады [2]. Іс-шаралар арқылы ұйым өз қызметін ашық түрде көрсетуге, оны көпшілікке таныстыруға және есеп беру шарасы ретінде ұсынуға болады. Осыған сәйкес, ұйым үшін арнайы барлық қызықты әрі маңызды күндерді қамтитын күнтізбе жасап, соның негізінде шараларды ұйымдастыру себебін арттыра алады. Бұл, біріншіден, қарым-қатынас жасау үшін қолайлы жағдай, екіншіден, ол арқылы ҮЕҰ өзін таныта алады - осылайша ұйымға қызығушылық деңгейін көтеру мүмкіндігі артады.

2. Қазіргі таңда белсенділікті арттырудың ең жақсы жолы - цифрлық медиаға инвестиция салу. Себебі, әлеуметтік желілер мен интернетті қолдану аудиториясы өте кең болғандықтан, ақпарат көзі өте өтімді және қоғам арасында өте тез таралады [3].

Мәселен, әлеуметтік желілер арқылы трендке шығу мүмкіндігінің бары жасырын емес, және кез келген ұйым өз жұмысын желі арқылы көрсете

алғандықтан донорлар мен жаңа волонтерлердің қолжетімділігін арттыру, сонымен қатар серіктестікке инвесторларды тарта алу әлеуеті жоғары.

Жеке бренд және имидж қалыптастыруда әлеуметтік желілермен қатар, сайттарда блог жүргізу ұйым жұмысын онлайн ұсынудың тағы бір жолы. Жобалар мен науқандарға эмпатия тудыратын блогы бар ҮЕҰ трафикті қалыптастырудың тамаша құралы болып табылады. Бұл онлайн қаржыландыруды тартудың тағы бір арнасы.

БАҚ құралдарына қарағанда, әлеуметтік желілер мен интернет сайттары ҮЕҰ жобаларына ұқсас тақырыптары бар топтар ортақ қызығушылық тудыратын ақпаратты талқылау және алмасу үшін ашық кеңістік жасайды. Оған қоса, ұйымды онлайн жарнамалау қолжетімді болғандықтан, оның аудиториясының кеңейюіне үлкен үлес қосады.

ҮЕҰ-ға арналған жоғарыда аталған онлайн байланыс арналарын халыққа қызмет көрсетумен қатар автоматтандырылған түрде пайдалануға болады. Мәселен, электрондық пошта, SMS және WhatsApp арқылы донорлармен/инвесторлармен тұрақты қатынасты қамтамасыз ету үшін хабар алмасу өте маңызды. Негізінен, ҮЕҰ әрдайым жаңа заман ағынына сай пайда болған мүмкіндіктерді пайдалана алу қабілетіне ие болғаны дұрыс.

Сондай-ақ волонтер немесе болашақ донор ҮЕҰ-ға кез келген уақытта және әртүрлі тәсілдер арқылы хабарласа алатын болса, тұтынушыларға қызмет көрсету секторы да оңтайландырылады. Мәселен, жасанды интеллекті бар чатбот – бұл процестерді автоматтандыруға көмектесетін шешім. Бұл жасанды интеллект арқылы веб-сайтқа және әлеуметтік желілерге келушілермен сөйлесуге мүмкіндік беретін виртуалды көмекші. Тәулігіне 24 сағат сөйлесу тәсілінің болуы ұйым мен оны тұтынушы қоғам арасындағы хабар алмасуды әлдеқайда жеңілдетеді. Сонымен, чатбот аудиториямен сөйлесетін робот бола отырып, кез келген жиі қойылатын сұрақтарға әрқашан жауап бере алады. Осылайша, қызмет түрленіп, өте тиімді болады, өйткені чатботты WhatsApp секілді әлеуметтік желілерде және веб-сайтта пайдалануға мүмкіндік бар. Сондықтан бұл қызметкерлердің тұрақты байланыста болу әлеуетін арттырады және брендке құндылық береді [4].

3. Сонымен қатар, әр ҮЕҰ-ның коммуникациялық стратегиясын ұйымдастырушы және жүзеге асырушы баспасөз хатшысы болуы шарт. Яғни, ҮЕҰ-да ұйымды және олар жүзеге асыратын жобаларды жақсы білетін кем дегенде бір адам болуы керек. Сонымен бірге ол кейбір деректерді ашып, сұхбат беріп, маңызды оқиғалар мен жаңалықтарға түсініктеме береді. Бірақ ең бастысы, бұл ұйымның философиясы мен миссиясын толық түсінетін, жобалар туралы толық мәліметті егжей-тегжейлі айтатын баспасөз хатшы ғана ұйымның коммуникация орнатудағы үлкен тетігі бола алады.

4. Зерттеулер/есептер: Зерттеулер мен есептер бұқаралық ақпарат құралдарында жоғары тартымдылыққа ие. Мұндай құжаттар ҮЕҰ жұмыс істейтін топтардың ұстанымын немесе олармен айналысатын мәселелерді растайтын мәліметтерді қамтуы керек. Нақты статистика немесе кез келген

жаңалық әрқашан бұқаралық ақпарат құралдарының қызығушылығын тудырады.

5. Амбассадор (ұйымды насихаттаушы елшілер). БАҚ өкілдері, медиа мен әлеуметтік желілерде ұйымды қолдайтын пікір көшбасшылары ұйым беделіне оң әсер етеді. Көп жағдайда ҮЕҰ амбассадоры ретінде халық арасында танымал және қоғамдық тұлғалармен серіктестік орнатады. Дегенмен, бұл адам ұйым жобалар және оның мәнін түсінуі және халыққа қандай хабарларды тарату керектігі туралы нақты түсінікке ие болуы керек. Олар халыққа ұйым туралы тікелей насихаттаушы, ал тұтынушылар амбассадор ақпаратына сенушілер болғандықтан, жалған немесе қате таратылған ақпарат ұйым беделі мен оның қызметіне нұқсан келтіреді.

6. Ақпараттық науқандар – кез келген мәселеге қоғамның назарын аударғысы келетін ҮЕҰ маңызды құралдарының бірі. Олар әдетте пікірлестердің санын көбейту және/немесе мақсатты аудиторияның белгілі бір тақырып туралы хабардарлығын бейнелер, билбордтар, жарнамалар және т.б. арқылы арттыру мақсатында өткізіледі. Олар ҮЕҰ-ның хабардарлығын арттырып, имиджін жақсартып қана қоймай, сонымен қатар БАҚ үшін қызықты әдісті қолдануы маңызды [5].

Жоғарыда аталған ҮЕҰ-дың негізгі коммуникациялық құралдары қазіргі сұранысқа сай және әр ұйым қызметінің бір бөлігі болуы тиіс элементтері ретінде саналады. Көптеген ұйымдар арасында ортақ әрі кеңінен таралған құралдар – БАҚ құралдары, цифрлық әлеуметтік желілер және интернет, баспасөз хатшысы мен ұйымды насихаттаушы елшілер болып саналады. Дегенмен, ҮЕҰ мүмкіндігінше оның жұмысы тиімді болу үшін осы негізгі құралдарды біріктіруге тырысуы керек. Егер аталмыш құралдар ұйымның ашықтығын, жан-жақты ақпараттандыру әлеуетін, үнемі тікелей байланыс орнатуын, мәселелермен шынайы айналысатындығын көрсетуді қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 NGOs communication camp team. NGOs storytelling, - 2015, 39 p.

2 Мухаммадеев Р.Р. PR стратегии, применяемые нпо на современном этапе // E-Scio, – 2020, 9 б.

3 Dumitrica D. Integrating social media in NGO strategic communication // ed. Sorce G. Global perspectives on NGO communication for social change, - NY: Routledge, pp. 73-89.

4 Weni: Communication for NGOs: the best strategies, - 2022. URL: <https://weni.ai/en/blog/communication-for-ngo/> Appeal date: 02.10.2022

5 PRdrive: 7 инструментов коммуникаций для некоммерческих организаций // пер. Ирбебаев М., - 2021. URL: <https://prdrive.kz/page17118819.html> Appeal date: 01.10.2022

Нұрай ҚҰРАҚПАЕВА,
*Журналистика және
саясаттану факультетінің
2-курс магистранты*

ПАНДЕМИЯНЫҢ БАҚ-ТАҒЫ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

Коронавирустық инфекция COVID-19 (ағылш. coronavirus disease 2019), (бұрын: коронавирустық инфекция 2019-nCoV) — SARS-CoV-2 (2019-nCoV) коронавирусымен қоздырылатын ауыр респираторлық инфекция. Жіті респираторлық вирустық инфекциясы жеңіл түрде де, ауыр түрде де өту қауіпі бар ауру. Оның ерекше асқынулары вирустық пневмония, жіті респираторлық дистресс-синдромға, тіпті өлімге әкеп соқтыруы мүмкін. Аурудың ең көп тараған белгілеріне дене қызуы, шаршағыштық және құрғақ жөтел жатады. Ауруға қарсы қандай да бір арнайы вирусқа қарсы емдеу немесе алдын алу құралдары жоқ. Көптеген жағдайларда(шамамен 80%) адамдар арнайы емдеулерсіз сауығып кетеді. Аурудың ауыр түрлері қарт адамдарда және демікпе, диабет және жүрек аурулары бар адамдарда дами алады. Төтенше жағдайларда өмірлік маңызды органдардың функцияларын қолдауға арналған құралдар қолданылады. Вирус құрамында вирусы бар тамшылар арқылы жөтелу немесе түшкіру кезінде, сондай-ақ көзге, мұрынға немесе ауызға түсуі арқылы таралады.

2019 жылдың желтоқсан айында Қытайда бұрын-соңды еш жерде тіркелмеген, осы жаңа вирустың алғашқы белгілері шыққанда, бұған әлем елдері мүлдем мән бермеп еді. Бірақ аспан асты елінде ауырғандар саны күн емес, сағат сайын артып, қарапайым тұмауға ұқсатқан инфекция эп-сәтте жаһан жұртын сергелдеңге салды. Індеттен еліміз де айналып өтпеді.

Әрине, «SARS-CoV-2», яғни ковид-19 дерттің жаңа түрі болған соң, ол жайлы дақпырт та, орынсыз болжамдар да аз болмады. Әлеуметтік желіде көрінгеннің бәрі өзін эпидемиолог сезініп, инфекция жұқтырмаудың сан түрлі жолдарын ұсынды. Бұл құблыс әсіресе ел аумағында алғаш науқас тіркелген кезде күрт артты.

Жоғарыда айтылған әлеуметтік желілерде, оның ішінде Instagram, Tik-Tok, Facebook секілді әлем желілерде, түрлі жеке меншік сайттарда, топтық чаттарда ковид жайлы мыңдаған ақпарат тарап, жұрт оның шын-өтірігін ажыратудан қалды. Осы кезде елдің назары үйде шаң басып, қанша уақыттан бері ұмыт қалған теледидарға ауды. Өйткені ресми арналар үнемі тек ресми ақпарат қана таратады.

Осы уақытта мемлекеттік арналардың алдында бір ғана негізгі мақсат тұрды. Бұл карантинде үйлерінде отырып, індеттен әбден шошынып қалған халыққа дұрыс әрі расталған ақпарат жеткізу арқылы, халықты сабырға шақыру еді.

Бұл кезеңде мемлекеттік медиа елде болып жатқан жағдайды барынша шынайы көрсетуге тырысты. Ауруханадағы орын тапшылығын, жағдайдың

қиын екенін, дәрі-дәрмек жетіспеушілігін ашық баяндады. Бірақ бұл мәселелерді айтқаннан кейін немесе айтпас бұрын мемлекеттің проблеманы бақылауға алғанын, індетпен күресіп жатқанын да білдіріп отырды. Яғни, журналистер биліктің қол қусырмай отырғандарын, барынша жұмыс істеп жүргендерін көрсетіп, «БАҚ - бұл халық пен билік арасындағы алтын көпір» екендерін тағы бір дәлелдей түсті [1]

Осылайша медиа індетпен күресіп, алайда проблеманы шеше алмай жатқан, азаматтарының қауіпсіздігін ойлайтын әлеуметтік мемлекет образын қалыптастырды. Мысалы, «Ауру асқынды: дәрі жоқ, маска қымбат» деген материалдарда, індеттің алдын алу мақсатында мемлекет тарапынан тиісті шаралар қабылдануда деген толықтыруларын міндетті түрде қосып отырды.

Мемлекеттік медиа COVID-19 індетінің ушығуының себебі ретінде атқарушы биліктің сақтық шараларын дұрыс ұйымдастыра алмауы, пандемияға жоғары деңгейде дайындық болмағаны деп көрсеткен жоқ. Оның орнына карантин талаптарына бағынбайтын, дәрі-дәрмекті қажет мөлшерден артық сатып алатын, сонымен қатар алыпсатарлықпен айналысатын халықты айыптады.

Негізінен, саясаттанушылардың пікірінше, пандемия пандемия тұсында елімізде коммуникацияның нашар екені, дұрыс ойластырылмағаны байқалды. Мемлекеттік басқару органдары ақпараттық және түсіндіру жұмыстарын жүргізбейді, ал қоғамға ұсынылатын ақпаратты әзірлеу сапасы төмен, дұрыс жеткізілмейді, салдарынан ресми ақпарат көздеріне деген сенім жоғалып, барған сайын шиеленісе берді [2].

Сол үшін де ресми арналар халық арасына шығып, ауырғандар жатқан стационарларға барып, емханаларды аралап, дәріханадағы жағдайды саралап, жағдайды өз көзімен көріп, өмірін қатерге тігіп, тек шынайы ақпаратты беруге тырысты.

Коронавирус кезіндегі журналистердің материалдарын зерттей келе, сол уақыттағы пандемияның БАҚ-тағы көрінісін алсақ, оны бірнеше топқа жіктеп алсақ болады. Мәселен, бұл ауырғандар санының күн сайынғы статистикасы. Оны күн сайын таңғы уақытта Денсаулық сақтау министрлігінің жанынан құрылған арнайы комиссия хабарлап отырды. Кейін сол ауырғандардың жағдайы, дәрігерлердің әр адамның денсаулығына алаңдап, қарап жатқанын хабарлады.

Бұдан бөлек, жалпы ауырмаудың амалдары, яғни сақтану шараларын жеткізіп отырды. Бұл да күн сайын әр арнаның шығарылымында міндетті түрде айтылып, қосылып тұрды. Мәселен, бетперде тағу, арақашықтық сақтау, адам көп жүретін қоғамдық орындарға бармау, антисептек қолданып, үнемі қолды жуып тұру және тағысын тағы. Бұл өте маңызды тұс болатын. Өйткені көп адам осы талаптарға құлақ аспаудың салдарынан ауырып, жансақтау бөлімінен бір-ақ шыққан еді.

Кейін карантиндік шектеулерді бұзғандар жайлы материалдарға да үлкен көңіл бөлінген еді. Жасырып той өткізгендер, карантиндік шектеулерді бұзған мекемелер, талаптарды орындамаған шағын, орта және ірі бизнес иелерін

түсіріп, олардың әкімшілік жауапкершілікке тартылғанын, яғни кәсіпкерлерге ірі айыппұл салынғанын жеткізді. Өйткені бұл да індет жұқтырғандар есебінің күрт артуына әкеп соқтырған басты факторлардың бірі еді. Айта кетейін, карантин кезінде айыппұлдың мөлшері 83 мың теңгеден, 630 мың теңгеге дейін барған [3].

Пандемия кезінде БАҚ-та жарияланған тағы бір маңызды ақпараттардың бір бөлігі – вирусқа қарсы вакцинацияға арналған. Өздеріңіз білгендей, біздің халық екпе десе елең етеді, вакцина қойдыруға мүлдем қарсы келеді. Бірақ аты жаман, белгісіз инфекцияның басты емі осы індетке қарсы екпе ғана болатын. Сол үшін жауапты мемлекеттік органдар телеарна, ресми сайттар арқылы осы бір препараттың маңыздылығын түсіндіріп, ковид инфекциясын тек осы арқылы ғана жеңе алатынымызды жеткізуге тырысты.

Әлбетте, мемлекеттік органдар қабылдаған маңызды шаралар, шығарған жаңа қаулы мен ережелер, енгізген жаңа карантиндік шектеулер де БАҚ беттерінде үнемі жарияланып отырды. Журналистер жауапты мекемелердің «қазақшасын» қазақшаландырып, қарашаға түсінікті етіп жеткізуге тырысты.

Және де пандемияның БАҚ-тағы тағы бір көрінісі бұл әрине жалған ақпаратпен байланысты. Бұған дейін де айтқандай, вирус тарағалы дақпырт әңгіме де халық арасында тура солай тарап отырды. Тіпті, дәрігерлердің сөзінше, індеттен гөрі, осы жалған ақпарат тезірек тараған секілді. Қоғамда тіпті инфодемия деген жаңа термин пайда болды. Ол жалған ақпаратпен күрес дегенді білдіреді. Естеріңізде болса, елімізде ауырғандар тіркелмей жатып, емханаларда бос орын жоқ деп, індетке қарсы вакцина арқылы адамның денесіне чип енгізіледі, тікұшақ арқылы ауаға вирус шашылады және тағы осы сияқты түрлі қауесеттер тараған болатын. Әлбетте, адамдар да соның небір түріне сеніп, билікке деген сенімі одан бетер азайған еді. Алайда ресми арналар мемлекеттік органдарға шығып, алыпқашпа әңгімені жоққа шығарып, халықты тек расталған ақпаратқа сенуге шақырды. Бұл ретте, мемлекеттік хабарлардың маңызы орасан зор [4].

Сондай-ақ осы кезеңде мемлекеттік медиа шетелдегі індет туралы да жаңалықтарды да көптеп шығарып отырды. Мұндай хабарлардың көп бөлігінде пандемиямен тиімді күресіп, жетістікке жеткен елдер емес, Қазақстан сияқты ауыр жағдайға тап болған мемлекеттер көрсетіледі. Мәселен, Бельгиядан жасалған репортажда жергілікті тұрғынның дәріханада бетперде болмағандықтан, қолдан маска тігіп алғаны, Өзбекстан мемлекет шекарасын жауып, өзбек азаматтарының Қазақстан аумағында қалып қойғаны, ол азаматтарға Қазақстан үкіметінің қамқорлық көрсеткені тағы осы сияқты. Мұндай сюжеттер көмегімен Қазақстандағы жағдай басқа елдерде де болып жатқаны, пандемия зардабын өзге елдер де тартып жатқаны көрсетіліп тұрды.

Қорыта айтқанда, пандемия БАҚ-тың жылдар бойы қалыптасқан жұмысына үлкен өзгерістер енгізді. Оның күнделікті беріп жатқан хабарлары, ақпарат беру тәселдері де өзгерді. Пандемия уақытындағы мемлекеттік арна мен ақпарат агенттіктерінің негізгі мақсаты халық пен билік арасындағы

байланысты күшейтіп, жаңа індетті түсіне алмай жатқан бұқараны сабырға шақыру еді. Сондай-ақ биліктің қабылдап жатқан шараларын хабарлап, қазақстандықтардың ресми органдардың жұмысына деген сенімін арттыру болатын. Еліміздің пандемияны жеңіп, қиын күндердің бәрін артта қалдырғанына қарағанда, мемлекеттік ақпарат құралдары бұл жұмысты тиісті деңгейінде атқара білген секілді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Коронавирустық инфекция «Covid-19». <https://kk.wikipedia.org/>
2. «БАҚ - билік пен халық арасындағы алтын көпір» <https://z-taraz.kz/>
3. Кристоф П. Мор (2021) «Қазақстан және covid-19: медиа, мәдениет, саясат» 30-42
4. «Коронавирустан сақтану шаралары» <https://gkb7.kz/ru>
5. «Карантин шараларының жаңа тәсілдері бұрынғыдан қатаң» <https://ombudsmanbiz.kz/>

Айшабибі ГИНИЯТОВА,
Сүлеймен Демирел атындағы университеті
Алматы, Қазақстан

**ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ДАМУЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЖАРНАМА НАРЫҒЫНЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ҚАЛАЙ
ӘСЕР ЕТІП ЖАТЫР?
(Instagram әлеуметтік желісі негізінде)**

Әлем елдері инновациялық дамудың моделіне көшті. Кез келген мемлекет инновацияларды дамытудың бастамашысы әрі катализаторы. Міне, елдердің ішінде, бұл үрдістің ортасында Қазақстанда да бар.

Адам қызметінің барлық салаларына әсер етудің әмбебап сипатынан басқа, инфокоммуникация жоғары стратегиялық маңыздылығымен ерекшеленеді. Мемлекеттің қорғаныс қабілетінің деңгейі, оның әлемдік кеңістіктегі орны мен рөлі, сайып келгенде, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі саланың даму дәрежесіне байланысты. Соның ішінде медиадағы коммуникация, жаңа технологияның дамуы, жарнама нарығындағы өзгерістер, олардың бөліну мәселесі медиа зерттеулердегі өзекті тақырыптардың бірі.

2010 жылы әлеуметтік медиа әлемде кең тарала бастағанға дейін Қазақстанның жарнама нарығында дәстүрлі медианың дәуірі жүріп тұрды.

Осы мақалада Қазақстан медиа нарығындағы жаңа технологиялардың дамуы мен олардың үлкен аудиторияға әсер етуі елдегі жарнама нарығындағы қаржы таралымына қалай ықпал еткенін қарастырамын.

Дәстүрлі медианың қасына әлеуметтік желі, онлайн БАҚ-тары қосыла бастағаннан кейін, яғни, шамамен 2010 жылдан бастап қазақстандық жарнама нарығында үлкен сілкініс пен өзгеріс басталды. Соңғы 10 жылдағы динамикаға сүйенсек, жарнама үлесінің ең үлкен бөлігін алып отырған теледиардағы жарнама берушілердің үлесі азайды. Оның орнына бірнеше жүз миллион аудиторияны бір уақытта, жылдам әрі сапалы түрде қамтуға болатын онлайн жарнама кеңістігі пайда болды.

2021 жылы қазақстандық медиа нарықтағы жарнама үлесі 2020 жылмен салыстырғанда 22,2%-ға өсіп, 76,5 млрд теңгені құраған [1]. Соның ішінде 44%-ын телеарналар алып отыр.

Жарнама нарығындағы интернет-жарнаманың үлесі 2021 жылдың қорытындысы бойынша 37% құрады. Бұл өткен жылдармен салыстырғанда 22,2%-ға өсті.

Дәстүрлі түрде диджиталды қолданатын акторлардың инвестициялары да, бұрын интернет-жарнаманы тек қосымша құрал ретінде қабылдаған ірі және орта компаниялардың инвестициялары да өсті. Сонымен бірге жарнама берушілердің жекелеген санаттары интернетті коммуникацияның негізгі арнасы ретінде қолдана бастады.

Жарнама нарығындағы негізгі өсім сегменттеріне мыналар жатады:

- Дәстүрлі сұранысқа ие құрал болып табылатын olv (онлайн бейне);

- Programmatic, мұнда жергілікті бағдарламашы-платформалардың үлесі артты;

-нарықта дами бастаған әсер етуші маркетинг.

Жаңа құралдардың пайда болуы мына бағыттардың өсуіне ықпал етті:

- TikTok платформалары,

- Aitube қазақстандық бейне платформасы,

-2021 жылы көлемі ұлғайған тікелей орналастырудан басқа, YouTube платформасының қосымша мүмкіндіктерін электронды коммерцияда пайдалану айтарлықтай өскен.

Kcell мәліметтері бойынша 2021 жылы ең көп таралған интернет-алаңдар:


YouTube — 26,30%

Instagram — 20,89%

TikTok — 7,80%


WhatsApp — 5,01% [2].

Төмендегі статистикада әлем бойынша мобильді қосымша арқылы әлеуметтік желіні пайдалану көрсеткіштері көрсетілген [3] (статистика ranking.kz сайтынан алынды):



Ал екінші статистикада 2022 жылдың ақпан айы бойынша Қазақстандағы көрсеткіш көрсетілген [3]:

Сызба – 2



Көрсеткіш бойынша, Қазақстандағы үздік үштікке кіргенден әлеуметтік желілер: Pinterest – 23,17%, YouTube – 19,92%, Instagram – 19,59%.

Қазақстандық сегментті, жалпы жарнама, коммуникация нарығының өзін екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Олар: пандемияға дейінгі және пандемиядан кейінгі кезең. Себебі, 2020 жылы COVID-19 пандемиясынан кейін елімізде онлайн білім беру платформаларынан бастап, жарнама нарығын толығымен онлайн платформалар арқылы дамытуды, әлеуметтік желілер арқылы пайдалану күрт өсті. Әсіресе, қазақстандықтардың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде «инфобизнес» түсінігі кеңінен танымалдыққа ие болып, білім алуды ғана емес, үйде отырып ақша табу ұсынысы да үлкен өсімге ие болды. Инфопродюсерлер қазақстандық жарнама нарығындағы революцияны жасады десек те артық айтпаймын. Инфобизнестегі кәсіпкерлер өздерінің бизнес жоспарын «көлеңкелі» түрде жүргізіп келгендіктен, олардың нақты табысы мен төлеген салықтары туралы ресми деректер жоқ болғандықтан, салыстыру және цифрларды мысалға келтіру қиын. Дәл осы тұста жарнама нарығының басты құралы болып отырған тареттің дамуы үлкен септігін тигізді. Осы тұста дәстүрлі медиадағы радио және телеарналардағы жарнама нарығының өзгерісін мына бір ерекшеліктер арқылы аудиторияның қалыптасуы негізінде қарастыруға болады:

Instagram, Telegram, Tiktok және whatsApp әлеуметтік желілері мен месенджерлерін тұрақты пайдаланушылардың үлесі 2020 жылы күрт өсті. Себебі, онлайн-бизнес, онлайн-жарнама кез келген қолында смартфонды бар адамға ақпаратпен танысуға мүмкіндік берді.

Аталған қос бірдей екі фактор бойынша басқа әлеуметтік желілерге қарағанда Instagram-дағы жарнама нарығының үлесі үлкен әрі үздіксіз дамумен келеді. Бұған себеп ретінде тағы да 2020 жылғы пандемияны, сонымен бірге қоса дамыған инфобизнес әлемін атай аламыз.

Мақаланы жазу барысында мен инстаграмдағы блогерлердің жарнама нарығына қалай әсер еткенін нақтылау үшін trendHero [4] платформасы арқылы бірнеше статистиканы анықтай алдым.

TrendHero – ТМД-дағы, соның ішінде қазақстандық блогерлердің аудиториясын зерттеуге арналған платформа.

Платформа блогерлердің аналитикасымен, нақты аудиторияға керек блогерлерді табуға, жарнама алған блогерлердің постарына мониторинг жасаумен айналысады.

Егер trendHero платформасы арқылы «Қазақстан» территориясын таңдасаңыз, онда сервис бізге 449 998 әсер етуші топты таңдап береді. Дегенмен бұл user-лердің бәрі дерлік тұрақты түрде жарнама арқылы ақша тауып, медиаға әсер етіп отыр деп те айта алмаймын. Ол үшін соңғы 180 күндегі жұмыстарының тұрақты жүріп тұрғанына қарайтын болсақ 349 751 user қалады. Ал соңғы 90 күнге тағы азайтатын болсақ – 307 271 user қалады да, 30 күнге қысқартсақ – 184 548 user қалады.

Яғни, жарнама нарығында контент өндірісі арқылы аудиториямен байланыс орнату арқылы табыс тауып отырған 184 548 блогер немесе жарнама ұсынушы user бар деген сөз.

Дәстүрлі жарнама нарығына оралсақ. Мұнда газет-журналға жазылу арқылы қаладағы, аудандағы және ауыл-аймақтағы оқырман Қазпошта арқылы ақпарат алып отырды. Үйдегі теледидардың алдында 24 сағаттап отырмайтындықтан, аудиторияның жарнаманы көруі және ұстап қалу жиілігі көп емес.

Қазір жаңа технология, соның ішінде инстаграм, айта кету керек, жарнама нарығына үлкен өзгеріс әкелуші тағы бір фактор инстаграмды Meta компаниясының сатып алуы және жасанды интеллект арқылы смартфон ұстап отырған клиентке өзі іздеп жүрген, қалаған, тұтынатын затының нақ не жанама формасын ұсынуы болды. Facebook алгоритмінің мәні – ол жаңалықтар арнасының қалыптасуын бақылап отырады, осылайша ол пайдаланушылардың сұраныстарына дәл сәйкес келуді қамтамасыз етеді. Facebook алгоритмі сіз жазылған, лайк басқан, пікір қалдырған, бөліскен және көп әсер еткен контентке қатысты базаларды жинап, жасанды интеллект арқылы, сол контентке ұқсас, жақын, жанама жарнамаларды, материалдарды ұсынады.

Дәстүрлі жарнама нарығында оқырманның өзіне керек деген тақырыпты таңдауға мүмкіндігі болған жоқ. Таргеттеу әлдеқайда қиын жүрді. Ол жерде

редакция немесе жарнама агенттігі қандай тақырып ұсынады, адамдар соған қарай әрекет етті. Ал қазір мүлде басқаша. Қазір керісінше, инстаграм аудиторияға өздерінің қалауы бойынша жарнама офферлерін ұсынады. Мәселен тағы бір статистикаға [4] назар аударсақ:

Жеке парақшаларды қараушылар - 39,49%

Блог – 24,1%

Басқалары –15,21%

Блогтардың тақырыптар бойынша бөлінуі:

Отбасы тақырыбы – 5,98%

Мода және сұлулық тақырыбы – 5,81%

Спорт және денсаулық – 3,76%

Демалып отырып көруге арналған тақырыптар – 2,22%

Саяхат – 1,03%

Жаңалықтар қарау – 0,68%

Көлік және мото – 0,34%

Міне, дәл осы сегменттерге бөлу, дәл осылай статистика жасау арқылы аудиторияға негізделген жарнама жолы ұсыну дәстүрлі медиада болған емес. Сол үшін де Қазақстандағы жарнама нарығында жаңа дамыған технологияның әсер ету күші өте үлкен.

Жаңа дамыған технологияның, соның ішінде инстаграмның жарнама нарығындағы аудиторияның негізі үлесін өзіне қарай әкелуіне бірнеше фактор әсер етіп отыр әрі бұл қазіргі таңда тұрақты түрде дамып келеді:

1. Визуалды контент
2. Видео формат
3. Тікелей эфир
4. Таргет
5. 24 сағаттық Story
6. Reels (соңғы қосылған)

Аталған факторлардың бәрі де аудиторияға жарнама берудің құралы ретінде жасалған инструменттер.

Визуал контент аудиторияға қызыл-жасал түрлі формадағы, карусель әрі пост форматындағы өнімді ұсынады. Мұндағы ерекшелік аудитория өздері оқырман ретінде тіркелген блогердің немесе жарнама нарығында нақты жұмыс істейтін агенттіктің парақшасындағы контентке кері байланыс беру арқылы оны тұтынушы ретінде көрініс береді. Мұны кейін SMM, копирайтинг деген секілді жекелеген салалар алмастырды. Бұл салалардың да шығуына әсер етуші тікелей жарнама нарығы.

Видео формат қазір өзекті әрі маңызды болып саналады. Себебі, видео арқылы аудиторияның жарнамаға әсер етуі визуал контентке қарағанда жоғары.

Тікелей эфир – аудиториямен өте қысқа уақыт ішінде кері байланыс (фидбэк) жасауға мүмкіндік берді. Оқырман тікелей эфир арқылы өзіне ұнаған затын сол кезде сатып алуға әрі оның сапасын, түрін, түсін сол эфир арқылы көруге мүмкіндік алды.

Таргет-жарнама аудиторияны бірнеше сегментке бөле отырып, нақты портретті тауып, теле-радио, газет-журнал қаншама ғасыр бойы жасай алмаған жаңа тенденцияны енгізді.

24 сағатта Story арқылы аудиторияға өнімді өте жылдам сатуға, асықтыруға мүмкіндік туды. Себебі, инстаграм аталған Story контентті 24 сағаттан кейін аудиторияның алдынан алып тастайды. Яғни, көре алмайды.

Reels – Тикток әлеуметтік желісі пайда болғаннан кейін Facebook пен Instagram-да арнайы қосылған функция. Видео тек user-ге жазылған оқырмандарға ғана емес, оның сыртындағы басқа да сегментте отырған аудиторияға тез тарауға мүмкіндік берді.

Міне, бұл ерекшеліктердің бәрі тек әлемдік жарнама нарығында емес, Қазақстандағы тұтынушылардың жарнамаға деген көзқарасын өзгертуге, олардың сатып алу мүмкіндіктерін арттыруға тікелей әсер етті.

Аталған факторлардың бәрі жалпы инстаграмдағы блогерлер мен жарнама агенттіктерінің жұмыс істеуі, жарнама беру және алу проблемасына негізделсе, бұдан бөлек БАҚ-тың да инстаграм арқылы жарнама нарығына әсер ету күші бар. Бұл 2018 жылдан бастап белсенді түрде жүзеге аса бастады. Соның ішінде қазақстандық жарнама нарығында да, үлкен аудиторияға әсер етуіме көзге түскен ZTV.kz платформасы [5].

Дәл қазір 2 миллионнан аса аудиторияға қызмет көрсетіп отырған парақшаның бір емес бірнеше нұсқасы бар. Атап айтқанда: Ztb.kz – орыс тілді аудиторияға арналса, ztb_kazakhstan – қазақ аудиториясына бағытталған және ztb.video тек видео форматтарға арналған парақша. Бәрін қосқан кезде 3 миллионға жуық аудитория бар.

Бір ғана ztb.kz парақшасының ай сайынғы таралымы – 10 миллионнан асады. Аудитория географиясы Қазақстан шекарасынан тыс та жатқанын ескеру қажет.

Ztb.kz – Қазақстандағы сайт қана емес, әлеуметтік желідегі үлкен медиа нарықтағы магнат.

Ztb редакциясымен сөйлесу арқылы жарнама нарығындағы олардың мүмкіндіктеріне назар аудардым.

Инстаграмдағы парақшаға бір пост шығару құны – 300.000 теңге. Әрі күніне парақшаға кем дегенде 3-4 постқа тапсырыс келеді. Бұдан бөлек Story форматтағы жарнама үшін де бөлек ақша белгіленген: 100-150 мың теңге арасында. Ескере кететін бір мәселе, аталған пост 7 күннен кейін парақшадан өшіріледі.

Парақша күнделікті ең өзекті және ең маңызды деген ақпараттарды береді. Ақпаратты беру форматы ерекше болғандықтан да күн сайын оған жазылушылар саны артып келеді. Дәстүрлі медиа нарықтағы адамдардың коммуникация орнатуы тікелей хат-хабар алмасу, телефон арқылы мәселені реттеуге әсер етсе, ztb секілді инстаграм парақшалар енді өзінің контентін тегін ұсына отырып аудитория қалыптастырады. Белгілі бір деңгейге жеткен кезде аталған миллиондаған аудитория инста-парақшаға үлкен жарнама, көлемді ақша әкеледі.

Қазақстандағы жаңа технологияның дамуы жарнама нарығындағы үлесті түрлі бағытта өзгертіп жіберді. Себебі, біз талдап қарастырып отырған аудитория, сегмент, охват, жалпы контентті беру ерекшелігі тек инстаграмдағы мүмкіндіктер ғана емес. Facebook, Twitter, Telegram, WhatsApp, TikTok, Youtube секілді түрлі платформалар мен месенджерлер де жарнама нарығындағы үлесті бөліп алып отыр. Соңғы кездері әсіресе Телеграм мен Тикток әлеуметтік желісіне деген сұраныстың артқаны байқалады.

Дәстүрлі медиадағы жағдай қандай? Turkystan.kz сайтының шығарушы редакторы, медиа-менеджер Марғұлан Ақанмен газет пен сайтқа қатысты мәселеде пікір алмасып, ондағы негізгі айырмашылық туралы анықтай алдым.

Редактордың айтуынша, 1994 жылдан бері жарық көріп келе жатқан газеттің соңғы 5 жылдағы жарнама алу деңгейі төмендеген. Бұл жерде екі факторды атап өтті: біріншісі, жарнаманың газеттен онлайн басылымдарға ауысуы болса, екіншіден, газеттердің ішкі редакциялық саясатына байланысты (анайы немесе букмекерлік жарнамаларды алмау). Яғни, букмекерлік, құмар ойындарына қатысты, анайы түрдегі жарнамалардың келетінін, олардың әлі де болса жалғасып жатқанын түсіндірді. Редактор газеттің бір бетіне жарнама беру шамамен 1 миллион теңге екенін және бағалар да сол беттегі орындарға қарай құбылатынын түсіндірді. Ал, сайтта толық бір материалдың жарық көруі – 400 000 теңге екен. Яғни, бағадан айырмашылық болғанымен, жарнаманың шығу жиілігі мүлде басқаша екенін айтты.

Газеттен онлайн басылымға қарай өзгерген сайын контент сапасына деген де көзқарас өзгерді. Мұндағы басты себеп – жарнама нарығының газет секілді дәстүрлі басылымнан гөрі, онлайн басылымдарға қарай ақшаны құю мөлшерін көбейтуінде. 2021 жылдан бастап республикадағы аудандық, ауылдық газеттердің дені жекешеленіп, оны сатып алған инвесторлар барынша ақша табу үшін контент сапасынан гөрі, кез келген жарнаманы алуға, көбірек табыс табуға қарай ұмтылды. Turkystan газетінің редакциясымен сөйлесу арқылы, нақты бір тұжырым жасай алмадым, бірақ анықталған бір мәселе бар. Бұл – мемлекет белгілі бір газеттерді қолдауды тоқтатпайды. Оларды мемлекет бюджеттен қаржыландыру арқылы контент сапасын да қадағалап, барынша профессионалды материалдарды халыққа ұсынуға тырысады.

Контент сапасының төмендеуі, материалдың зерттелуі деңгейінің әлсіреуіне ақшалай қаржыландырудың тоқтауы немесе азаюы әсер етеді. Яғни, штаттағы журналистер саны қысқарады, айлық төлем де төмендейді. Дегенмен онлайн басылымдағы барлық платформада сапа мүлде жоқ деуге болмайды. Себебі, үлкен медиа холдингтер контент сапасына мән беру керек екенін және оның маңызды рөл атқаратынын түсінді. Бұл бүгінге дейін рейтинг жасауға асыққан сайттардың енді имидж тұрғысында аудиторияға бағыт бұруымен өлшенеді.

Қазірдің өзінде жасанды интеллект арқылы жарнама нарығындағы адами күштің рөлі азайтып, барлығын толық автоматтандыру процесі жүріп жатыр.

Бұл механизмді Amazon секілді төрт техникалық алыптың бірі бастап кетті. Бірнеше жылда оның әсер қазақстандық қоғамға, соның ішінде жарнама нарығындағы үлеске тікелей әсерін тигізетін болады. Яғни, болашақта медиа, коммуникация нарығындағы жұмыстардың көбін автоматтандырылған жүйелер басқарып, адамның сатып алу қабілетіне қарай күш жұмсайтын болады. Ал бұл, өз кезегінде, дәстүрлі медиадағы жарнама нарығына одан әрі үлкен әсер тигізе беретініне күман жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://forbes.kz/finances/advertising/obyem_kazahstanskogo_ryinka_reklamyi_vyiros_na_222_v_2021_godu/
2. <https://kapital.kz/tehnology/101612/samyee-populyarnyye-sotsseti-sredi-kazahstantsev-v-2021-godu.html>
3. <http://ranking.kz/ru/a/reviews/populyarnye-mobilnye-socseti-v-kazahstane-fevral-2022>
4. https://trendhero.io/ru/https://www.instagram.com/ztb_kz/

Баян ДАУТБЕКОВА,

*Сүлеймен Демирел атындағы университеті
Медиа зерттеулер және журналистика
мамандығының 2-курс магистранты*

Жетекші: Ақсәуле ӘЛЖАН,
сениор-лектор

САРЫМ МЕН ЗАКИЕВА ЗАҢЫ: БАЛАЛАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ МА, ӘЛДЕ БАСПАСӨЗ БОСТАНДЫҒЫН ТҰНШЫҚТЫРУ МА?

Ақпараттық технологиялардың, байланыс құралдарының дамуы балаларды да интернетке тәуелді етті. Соның салдарынан жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың жаңа түрі – кибербуллинг пайда болды. Зорлық-зомбылықтың бұл түрі интернет және мобильды телефондар арқылы іске асырылады.

«Кибербуллинг – цифрлық технологиялар арқылы адамды қорлау» [1]. Енді бір деректерде «cyberbullying – виртуалды террор» [2] деп көрсетіледі. Бұл атау ағылшын тіліндегі «Bull» сөзінен алынып, агрессивті шабуыл, ренжіту, қорлау, арандату немесе қорқыту деген мағыналарды береді.

Бұл мәселе қазақ қоғамы үшін де маңызды болып отыр. Дәл осы жағдайды мемлекет тарапынан реттеу мақсатында түрлі заң актілерін реттеу мәселесі күн тәртібіне қойылды.

Кибербуллинг – тек балаларға емес, ересектерге де қатысты мәселе. Өйткені бұған алдымен ата-ананың ықыласы ерекше болуы керек. Деректерге сүйенсек, 2021 жылы алғашқы жартыжылдығында балалар арасында 105 суицид, 105 қол жұмсауға талпыну әрекеті тіркеліпті. Сонымен қоса желіде 140 мың заң бұзушылық әрекеті (экстремизм, кибербуллинг, фейк) болған [3]. Осы жағдайларды алдын алу мақсатында наурыз айында (2022ж) Парламент Сенатына «ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқығын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қаралды. Бұл құжатқа депутаттар А.Сарым мен Д.Закиева бірнеше өзгерту енгізуді ұсынды. Алайда бұл түзетулер қоғамда қызу талқыға түсіп, көпшілік наразылығын туғызды. Осылайша депутаттар ұсынысы ел арасында «Сарым мен Закиева түзетулері» деген атау алып, «сөз бостандығын шектейді» деген пікір туғызды.

А.Сарым мен Д.Закиеваның заң жобасына ұсынған өзгерістеріне назар аударалық: «шетелдің алпауыт ІТ компаниялары Қазақстанда өкілдік немесе заңды тұлғасын ашуға міндетті, ал сол өкілдіктер басшысы болып Қазақстан азаматы тағайындалуы керек. Түзетулер енгізілгеннен кейін 6 ай ішінде шарттар орындалмаған жағдайда ІТ компанияларға тиесілі плафформалар қызметі шектелуі мүмкін». Өзгерту авторларының пайымдауынша, бұл түзетулер заңсыз контентті бұғаттау, жою арқылы Қазақстан балаларын интернеттегі кибербуллингтен қорғау үшін ұсынылып отыр [4]. Алайда қоғам белсенділері мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің бұған пайымы өзгеше:

- бұл нормалар арқылы билік интернеттегі бақылауды күшейте алады;
- осылайша сөз бостандығына шектеу қойылады;
- ІТ плафформалар Қазақстанда филиалын ашқаннан гөрі мүлде жұмысын тоқтатуды ұйғарады.

Бұл мәселе ақпарат құралдарында жан-жақты талқыланып, әртүрлі пікірдегі материалдар жарияланды. Тіпті Президентке, Парламент Сенатына арнайы петиция жолданды. Онда «...заң жобасы осы қалпында қабылданса – біздің қоғам ондаған жылға артқа кетері сөзсіз. Бұған қоса, саяси және экономикалық тұрғыдан шеттетілген мемлекеттермен бір қатарда болу қаупі бар» деп айтылды [5]. Авторлар ұсынысына ерекше талқылау жасаған бірнеше мақалаға ден қойсақ:

Кесте 1. Заң жобасын сынға алған материалдар:

Мақала тақырыбы, авторы, жарияланған ақпарат құралы	Мақаладағы ұстаным
<p>А.Мекишева. За кибербуллинг казахстанских детей ответят Telegram, Twitter и Facebook? https://factcheck.kz/ 14.09.2021.</p>	<p>Қазақстандықтар үйреніп қалған және олардың жұмысын жандандырып отырған онлайн-платформалар мен сервистердің Қазақстанда қалатынына еш кепілдік жоқ.</p>

	Бұл мәселе халықаралық медиада талқыланатын тақырыпқа айналуы мүмкін.
Е.Әлімова. Балаларды қорғаймыз деген желеумен". Сарым-Зәкиева түзетулері несімен қауіпті? https://www.azattyq.org/ 29.03.2022.	Ақпарат іздеу, алу және тарату құқығы, сөз бостандығы, пікір білдіру еркіндігіне шектеу қойылады.
Кибербуллинг туралы заң. Қоғам не дейді? https://abai.kz/ 20.04.2022.	Уәкілетті орган өз қалауы бойынша интернет-ресурстарға, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерге шектеу қойып немесе жұмысын тоқтата алмайды. Кибербуллинг фактілері туралы арыз-шағымдарды қарайтын сарапшылар комиссиясы құрылады.

«Сарым мен Закиева түзетулерін» ерекше назар алған ақпарат құралдарының бірі - <https://inbusiness.kz/kz> сайты. Ақпарат платформасы мәселеге қатысты деректерді жан-жақты беруге тырысты.

Кесте 2. <https://inbusiness.kz/kz> сайтында жарияланған материалдар

Мақала тақырыбы	Көтерілген мәселе
«Мені танитындар кешірім сұрауы керек сияқты – Айдос Сарым». 09.03.2022.	А.Сарым ұсынған өзгерістерде ешқандай саяси астар жоқтығын айтты.
Т.Болатұлы. "Бізде жаңа заң қабылдап, Ресейдегі секілді әлеуметтік желіні бұғаттайды. 11.03.2022.	Заң жобасын әзірлеу барысында әлуметтік желілердегі кибербуллингтің "жойқын ауқымын" дәлелдейтін толыққанды зерттеулер жүргізілмегендігі туралы деректер келтіріледі.
Даулы "кибербуллинг" туралы заңды депутаттар бірінші оқылымда мақұлдады. 14.04.2022. (10.54)	Өзгерістер балаға қарсы кез келген күш көрсетуге, оның ішінде отбасы қарым-қатынастары, білім беру, денсаулық, ақпараттық кеңістік саласындағы орынсыз әрекеттерден қорғау механизмдерін дамытуды күшейтуге жол ашады және балалар құқығын қорғау мәселесі нақтыланады деген пікір айтылады.
Интернет жылдамдығын азайтуға немесе жауып тастауға болады –	Депутат Б.Исабаевтың фейсбук, инстаграм және тик-ток желілері

депутат "Сарым мен Закиева заңы" туралы. 14.04.2022. (11.07)	Қазақстанмен жұмыс істейтін өкілін тағайындауға әзір деген пікіріне баса назар аударылады.
Сенат "кибербуллингке" қатысты даулы заң жобасын мәжіліске қайтарды. 14.04.2022. (11.57)	Заң жобасының екінші оқылымнан кейін мәжіліске қайтарылғандығы және қоғамдағы пікірлер қайшылығы жайында ақпараттарға негізделген.
Кибербуллингті анықтайтын сарапшылар комиссиясы құрылады – "Сарым мен Закиева заңы". 20.04.2022.	Сенат жоба аясында екі норманы нақтылады: кибербуллингті анықтау бойынша сарапшылар комиссиясы құрылады; тек кибербуллингке қатысты ақпараттарды жою.

Құжат әлеуметтік желіде де қызу талқыға түсті. Бұл бұқараның қабылданып жатқан заң жобасына бей-жай қарамайтындығын көрсетті. Азаматтық журналистиканың ықпалынан ақпарат дер кезінде ортаға салынды. Бұдан азаматтық қоғамның белсенділігінің артқандығын байқаймыз.

«ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы екінші оқылымда қабылданып (09.03.2022), А.Сарым мен Д.Закиева мақсаттарына жетті. Жоғарыда атап өткеніміздей үкімет тарапынан да (2 кесте) арнайы нормалар енгізілді.

«Алдында жұрт дүрліккендей мәселе интернетті бұғаттауда тұрған жоқ, ешқандай саяси... басқа мүдде көзделіп жатқан жоқ. «Халық жауы» да атандық. Бірақ түпкілікті идеямызға жеттік» [6].

Кибербуллинг мәселесіне халықаралық адам құқықтарын қорғау ұйымдары да ерекше мән беріп отыр. ЮНЕСКО деректеріне сүйенсек, дүние жүзінде жыл сайын 246 млн жасөспірім мектепте немесе білім ордасына барар жолда зорлық-зомбылықтың әтүріне тап болады [7]. Қазақстан үшін де бұл өткір мәселе болып отыр. Статистика көрсетіп отырғандай қазақстандық балалар арасында суицид жоғары деңгейде.

Осыдан екі жыл бұрын (қыркүйек, 2020) мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өз жолдауында ел азаматтарын интернеттегі зорлық-зомбылықтан сақтай алмай отырғандығымызды айтты. «Бұдан бірінші кезекте балалар зардап шегеді. Олар әсіресе интернеттегі зомбылықты қатты қабылдайды, бұл өкінішке орай қайғылы жағдайларға әкеледі. Азаматтарды, әсіресе балаларды кибербуллингтен қорғау үшін заңнамалық шаралар қабылдау уақыты келді» [8].

Президент жолдауынан кейін бұл мәселе қолға алынып, екі жылдан кейін жүзеге асты.

Кибербуллингті, сонымен қоса басқа да виртуалды кеңістіктегі зомбылықты толығымен жою мүмкін емес. Бұл тұста ата-аналар мен мектеп мұғалімдеріне де артылар жауапкершілік зор. Осы уақытқа дейін бұл

мәселенің заңдық тұсы осал болып келсе, енді кибербуллингтен қорғауға байланысты жаңа заң нормалары белсенді түрде іске асады деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кибербуллинг: что это такое и как это прекратить. [Электронды ресурс]. <https://www.unicef.by/press-centr/328.html> Жарияланған күні: 07.05.2020. (Қаралған күні: 24.10.2022).

2. Найденова Л. «Кибер-буллинг: опасное виртуальное «быкование»: [Электронный ресурс]. URL: <http://psyfactor.org/lib/cyber-bullying.htm> (дата обращения: 22.03.2019).

3. Кибербуллинг: Қазақстанда былтыр - 143, биыл - 105 оқушы өзін өзі өлтірген. [Электронды ресурс]. https://www.inform.kz/kz/kiberbulling-kazakstanda-bylytyr-143-biyl-105-okushy-ozin-ozii-oltirgen_a3837561 Жарияланған күні: 17.09.2021. (Қаралған күні: 25.10.2022).

4. Айдос Сарым: «Соцсети – это не свобода слова. Это инструменты тоталитаризма». 16.09.2021. [Электронды ресурс]. <https://www.exclusive.kz/expertiza/obshhestvo/125588/> (Қаралған күні: 28.10.2022).

5. Біз цензура мен желіні бұғаттауға қарсымыз - Мы против цензуры и блокировки соцсетей! [Электронды ресурс]. https://secure.avaaz.org/community_petitions/en/prezidentu_respubliki_kazakhstan_senatu_parlamenta_kazakstandyktar_tsenzuraga_karsy_kazakhstantsy_protiv_tsenzury/?fpla. 21.03.2022. (Қаралған күні: 23.10.2022).

6. Болатұлы Т. Мені танитындар кешірім сұрауы керек сияқты – Айдос Сарым. [Электронды ресурс]. <https://inbusiness.kz/kz/last/meni-tanityndar-keshirim-surauy-kerek-siyakty-ajdos-sarym>. 09.03.2022. (Қаралған күні: 02.11.2022).

7. Противодействие насилию в школе, травле и кибербуллингу. [Электронды ресурс]. <https://iite.unesco.org/ru/stop-nasilie-v-shkole-i-kiberbulling/>.

8. Смайыл М. Токаев поручил защитить казахстанцев от травли в Интернете. [Электронды ресурс]. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaev-poruchil-zaschitit-kazahstantsev-travli-internete-412838/. Жарияланған күні: 01.09.2020. (Қаралған күні: 30.10.2022).

Шынар ҚАЛИАЖДАРОВА,
*ассистент-профессор,
Халықаралық ақпараттық
технологиялар университеті
Алматы, Қазақстан*

ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕАРНАЛАРЫНЫҢ ТИКТОК ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІСІНДЕГІ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Дәстүрлі БАҚ-пен әлеуметтік медианың байланысы қазіргі ақпарат кеңістігіндегі өзекті мәселенің бірі. Ақпарат айдынында әлеуметтік желі ықпалының күшеюі ақпарат құралдарының жаңа платформаларға кіруге әсер етті. Аудиторияның басым бөлігі телевизия жаңалықтарына сенім білдіргенімен бұл үдерісті телеарналар да бастан өткеруде. Деректерге сүйенсек, Қазақстандықтардың 58% телевизияны ең сенімді ақпарат көзі деп таниды. Көрерменнің басым бөлігі үйге келгенде теледидарды, атап айтқанда жаңалықтар бағдарламасын қосады. 51% көрермен мемлекеттік ақпарат құралдарына, 10%-ға жуығы – жекеменшік арналар қызметіне назар аударады [1].

Телеарналар жастар аудиториясын жоғалтып алмау мақсатында жаңа медиа алаңды игеруге мәжбүр болып отыр. Соңғы уақытта жастар арасында Tik Tok желісі қатты танымал болып кетті. Енді Қазақстандық телеарналардың басым бөлігі осы алаңға өнім дайындауды қолға алды.

TikTok - қысқа бейнелер жүктелетін және түсіретін платформа. Қазақстанға желі 2018 жылдың ортасында келді. Ол Қытайдың Byte Dance компаниясына тиесілі.

Cloudflare агенттігі зерттеулеріне сүйенсек, 2021 жылы TikTok желісі Google-ді басып озып, ең көп қолданылған ресурс атанды [2]. Сарапшылардың пайымдауынша, бүгінде шағын бейнероликтерімен TikTok «ауыр» контент ұсынатын YouTube желісін озып барады [3].

«Инклиент» сайттың мәліметтері де (2022 жылғы) бұл көрсеткішті растайды [4].

Кесте 1. Танымал әлеуметтік желілер көрсеткіші (2022ж)

Әлеуметтік желі	Қолданысқа енген жылы	1 айдағы белсенділік көрсеткіші
TikTok	2016	1.023 млрд
Facebook Messenger*	2011	1 млрд
Telegram	2013	700 млн
Twitter*	2006	486 млн

Ал Қазақстанда TikTok-ты қолданушылар саны 7 млн-ға жуықтаған. Желіде отандық блогерлер белсенділігі де артып келеді [5].

Бұқаралық ақпарат құралдары, соның ішінде телеарналар үшін аталған желі аудиториясының көңілін аулау үшін қандай өнім дайындау қажет деген сұрақ туындады. Бірқатар медиамаман «TikTok – кәсіби орта емес» десе, енді бірі «заман ағымынан қалмау керек» деген пікір ұстанады.

«Tикток журналистикасы» деген термин алғаш рет Американың ақпарат құралдарында пайдаланылды. Желіде қаншалықты журналистика бар деген қарама-қайшы пікір туындайды. Бір жағынан платформа аудиториясы ерекше темппен өсіп келе жатыр, екіншіден желіден қандай да бір кәсіби деңгейдегі журналистік өнімді байқау қиын. Алайда Ресейлік танымал TikTok продюсері Р.Янбеков «бұл желі бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысын ілгерілетуге арналған таптырмас алаң» дейді. Маманның пікірінше, әлеуметтік желі арқылы журналист аудитория мен трафик жинай алады. Мақсатты аудиториясын қалыптасыруға үлкен мүмкіндігі бар. Дәл қазір бұл желіде ТВ жаңалықтар қызметінің өнімі аз. Сол себепті олар дереу осы жерге қосылу керек [6].

Жүргізіліген мониторинг бойынша Қазақстан телеарналарының барлығын TikTok -та белсенді деп айту қиын. Алайда кейбірі алаңды өте жақсы пайдаланып отырғандығын да жоққа шығаруға болмайды. Солардың кейбіріне контент – сараптама жасап көрелік.

Кесте 2. Тик ток желісіндегі Қазақстан арналарының көрсеткіші (қараша, 2022)

Атаулары	Тик-ток атаулары	Оқырмандар саны	Тіркелген уақыты
7 арна	@tv7_kz	364.4k	02.03.2021
31 арна	@31arna	151.6k	12.07.2021
КТК	@tvktk	117.0k	16.06.2020
Хабар	@khabartv	27.6k	27.02.2020
Қазақстан	@qazaqstantv.com	5143	06.04.2022
Евразия бірінші арнасы	@tvkz	169	14.03.2022

Телеарналар TikTok үшін арнайы контент дайындайды деп айту қиын. Көпшілігі инстаграм аккаунтқа салынған материалдардың көшірмесін пайдаланады. Бұл тұста медиамамандар инстаграм мен тикток платформа арасында айырмашылықты аса ескерме бермейтін секілді. Арнайы контент түсірмесе де салынған материалдардың көрімділігі төмен емес.

TikTok -тағы телеөнімді мынандай топтарға бөле аламыз:

- Арнадан берілетін сериалдар мен бағдарламалардың үзінділері (31 арна, 7 арна, КТК, т.б);
- Жаңалықтар, оқиға орнынан қысқа бейнематериал (кей кезде субтитрлер пайдаланылады) (Қазақстан, КТК, Еуразия бірінші арнасы);
- Промороликтер;

- Желі үшін арнайы түсірілетін өнімдер (мұны арна бағдарламаларының жеке аккаунттарынан байқай аламыз).

Кесте 3. TikTok желісіндегі Қазақстан арналарының көрсеткіші (қараша, 2022)

ТВ арна атауы	Аптадағы ең танымал бейнематериал	Қаралым	Пікір	Репост
КТК @tvktk	Чем запомнился Нурлан Нигматуллин	27,1k	1056	726
Qazaqstan @qazaqstantv.com	«Гүлдер құпиясы» телехикаясының дыбысталу сәтінен	19,1k	407	216
Хабар @khabartv	Бір туынды тарихы хабарынан үзінді	14,2 k	355	703
31 арна @31arna	«Қайсар» телехикаясынан үзінді	10,1 k	56	29

Ал бұған қарағанда кейбір арналардың жаңалықтар қызметінің жеке тикток аккаунттарының өнімі ерекше деп айтуға болады. Олар көрермен назар аударатындай түсірілімдер жасап жүр. Жаңалықтар тілшілерінің оқиға орынан түсірген ерекше реакциялары, стенд-ап жасау кезіндегі дубльдер, микрофон ұсынған сәттегі адамдардың реакциясы, сонымен қоса оқиға кейіпкерлерінің маңызды немесе эмоцияға толы пікірлерін беруге назар аударады. Ал 31 арнаның жаңалықтар қызметі аудитория үшін суфлермен оқу дағдысын ұсынып жүр.

Кесте 4. TikTok желісіндегі Қазақстан арналары Жаңалықтар қызметінің көрсеткіші (қараша, 2022)

ТВ Жаңалықтар қызметінің аккаунты	Аптадағы ең танымал бейнематериал	Қаралым	Пікір	Репост
@informburo31 (122,1k)	Диктор болу онай ма? (аудиторияға суфлермен оқуды ұсынады)	33,6k	389	442
@qazaqstan_aqrarat (7710k)	Тараз тұрғыны такси тоқтамаған соң көшедегі көлікті ұрлап мініп кеткен	2652	215	178
@aibatnewskz 7 арна (45,3k)	Өрт сөндіруші болу оғай емес	1956	26	30
@khabar24 (39,6k)	Обожаю наших людей	114.3	770	2080

TikTok әлеуметтік желісі аудиториясының қызығушылықтары мен сұранысын талдау барысында байқағанымыз бұл алаңда көбінесе

«мультимедиялық ойын-сауық контенттің» өтетіндігі. Флешмоб, челлендж, әзіл қойылымдары сияқты жаңа өнім түрлеріне сұраныс жоғары. TikTok платформасы журналистік материалды ойын-сауық элементтерімен байланыстыруды талап етіп отыр.

Осы тұста Францияның танымал басылымы «Le Monde»-нің аталған желіні жүргізудегі ұстанымдарын назарға алуды жөн көрдік. «Аудитория қалай жүрсе, біз соларға қарай бағытталамыз. Желідегі көрермен сұранысына негізделген контент ұсынамыз. Сонымен қоса, күн сайын саны артып келе жатқан фейк ақпаратпен күресе отырып, жастар аудиториясын өзімізге қаратуға әрекет етеміз» [7]. Алайда Отандық арналар TikTok желісі үшін арнайы контент стратегия ұстанып отыр деп айту қиын. Зерттеулер көрсеткендей, әзірге бұл платформа цифрлық стратегияның негізі емес, ең алдымен тәжірибе жасау (эксперимент) мен контентті әртараптандыруға арналған кеңістік болып отыр.

TikTok әлеуметтік желісін саралай отырып, оның телеарна қызметін жандандыруға, аудиторияны негізгі эфирге тартуға және арна брендин қалыптастыруға ықпалының жоғары екендігін айқындадық. Олар:

- ұсынылатын контент хронометражының қысқалығы оның тез тарауына ықпал етеді (вирусқа айналуы);

- контент қызықты болса оны ұнатып, өзіне сақтап алғандар үшін осы тектес мазмұнды ұсынуы (аудитория сұранысына қарай икемделу);

- жастар аудиториясының ауқымын кеңейтуге мүмкіндік (ойын-сауықтық бағыттағы арналар үшін тиімді);

- инстаграм желісі үшін парақшаға тіркелгендер саны маңызды болса, бұл желіде контенттің «Ұсыныстар» (Рекомендация) бөліміне шығуы маңызды.

TikTok платформасының Қазақстан медиакөшістігінің дамуына айтарлықтай ықпалы бар. Соңғы статистика бұл желіде тек жастар ғана емес, орта буын өкілдерінің қосылғандығын да көрсетіп отыр. TikTok-та жаңалықтар мен ойын-сауықтық пабликтарға сұраныстың жоғары екендігін ескерсек, бірқатар телеарна ақырындап осы бағытта жұмыстарын жандандыруда. Бірақ олардың қатары аз. Цифрлық ортада әлеуметтік желілердің ықпалы күшеюде, сол себепті бұқаралық ақпарат құралдарының осы платформаларға бағытталған стратегиялық жұмыстарын медиатұтыну ерекшеліктерін ескере отырып өзгерту қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. 58% казахстанцев доверяют телевидению как источнику информации. Выпуск Информбюро. 31 канал. Эфир: 28.06.2022. <https://www.youtube.com/watch?v=B7fqT2Nk48>. (Қаралған күні: 02.10.2022).
2. TikTok – 2021 жылдың ең көп қолданылған ресурсы атанды. <https://inbusiness.kz/kz/last/tik-tok-2021-zhyldyn-en-kop-koldanylgan-resursy-atandy>. Жарияланған күні: 21.12.2021. (Қаралған күні: 30.10.2022).

3. ВЦИОМ Телевидение VS интернет: спор поколений 07.08.2017. – URL: <https://wciom.ru/analytical-reviews/analiticheskii-obzor/televidenie-vs-internet-spor-pokolenij> (Қаралған күні: 29.10.2022).

4. <https://inclient.ru/> (Қаралған күні: 29.10.2022).

5. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/skolko-kazahstantsev-polzuetsya-tiktok-469811/ . Жарияланған күні: 31.05.2022. (Қаралған күні: 01.11.2022).

6. Рннат Янбеков: «Тикток» - это рай для продвижения СМИ. https://gipp.ru/overview/mneniya-ekspertov/renat-yanbekov-tiktok-eto-ray-dlya-prodvizheniya-smi/?sphrase_id=22873. Жарияланған күні: 24.09.2020. (Дата обращения 03.11.2022).

7. Анисимова Е. Д. Пресса Франции в поисках молодежной аудитории (на примере проекта «Монд» в ТiкТок) // СМИ и массовые коммуникации 2020. Девестернизация исследований медиа и культуры: новые дискурсивные практики в цифровом мире: тезисы Двенадцатых международных научных чтений в Москве, 19–20 ноября 2020 г. / МГУ имени М. В. Ломоносова: под ред. Е. Л. Вартановой. Москва, МГУ, 2020. С. 90–95.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Сак Қ.Ө. Алаш мұрасын ардақтаған азамат	3
---	---

I

ҰСТАЗ. ҒАЛЫМ. ПУБЛИЦИСТ

Сүтжанов С. Зерделі ғалым еді... ..	6
Баткеева Б.Т., Аллаберген А. Рухани тазалық пен азаматтық үлгісі	9
Барлыбаева Л., Барлыбаева С. Қрықбай Аллабергенов: история и современные масс медиа	14
Айткенов З.Ш., Абдрахманов Б.Н. Тарихшы ғалым, ұлағатты ұстаз	19
Рустемова Г. Свет в душе	22
Есдәулетов А.О. Профессор из Баянаула – родины великих людей	23
Ишанова А.К. Многогранность поэтической личности	27
Елікбай С. Арғынның айтып асылын	29
Иманжүсіп Р. Слово о друге	33
Әшірбекова Г.Ш. Ғұмыр қысқа, жол ұзақ	35
Ертасова Г.Қ. Шәкірттерге шамшырақ бола білген	38

II

АЛАШ БАСПАСӨЗІ – ҰЛТ ТАРИХЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ

Болатова Г.Ж., Әлкен А.Ж. Ашаршылық туралы ғалым зерттеген деректер	41
Ишанова А.К. Публицистическое и художественное в сборнике «Маса» А.Байтұрсынова	46
Құрманалы Д., Тоқтарбай Б. Алаш қайраткерлері талқылаған әліпби тақырыбы және оның бүгінгі мәселесі	49
Қойгелдиева З. «Ақ жол» газетіндегі сатира жанры	53
Айжарикова А.С., Байбулсинова А.С. Ордадан шыққан алғашқы прокурор	59
Тапанова С.Е. Абай дәстүрін жалғастырған ақын	64
Тохметова Г.М., Садықова А.М. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жерінің тұтастығы мәселесі	68
Тапанова С.Е. Публицистикадағы әдеби сын	74
Асқар С., Ақсейіт Ғ.М. Т.Кәкішұлының азаматтық тұлғасы және қайраткерлік қыры	80
Сыздыкова А.М., Тохметова Г.М. К вопросу изучения событий 1917 года в Павлодарском Прииртышье	84
Жабықбайұлы Ә. Жүсіпбек Шайқысисламұлының өмірі мен шығармашылығы және оның қазақ әдебиетінде алатын орны	89
Баймукашева А.Ж. Основные функции средневековых городов	94
Жумагелдин Ж.Ш., Бельгибаева М.Б. Алаш баспасөзі – ұлт тарихының шежіресі	97

III

ЦИФРЛЫҚ МЕДИА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

Есенбекова Ұ.М., Сыздыкова А. Цифрлық қоғамдағы коммуникациялық әрекеттесу сипаттары	102
---	-----

Ашенова С.В. Тенденции развития цифровой журналистики на современном медиарынке	106
Мукушева Ж., Шурентаев А.М. Медидағы сленг сөздерінің көрінісі	111
Жанболат А., Дүйсенғазы С. ЖОО брендінің қалыптастырудағы коммуникациялық технология	114
Қалбай Ә. Үкіметтік емес ұйымдар қолданатын негізгі коммуникация құралдары	118
Құрақпаева Н. Пандемияның БАҚ-тағы берілу жолдары	122
Гиниятова А. Жаңа технологиялардың дамуы Қазақстанның жарнама нарығының өзгеруіне қалай әсер етіп жатыр?.....	125
Даутбекова Б., Әлжан А. Сарым мен закиева заңы: балалар құқығын қорғау ма, әлде баспасөз бостандығын тұншықтыру ма?	132
Қалиаждарова Ш. Қазақстан телеарналарының Tiktok әлеуметтік желісіндегі жаңа мүмкіндіктері	137

ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМ

**Көрнекті ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Қырықбай Мазанұлы Аллабергеннің 70 жылдығына арналған
«ҚЫРЫҚБАЙ АЛЛАБЕРГЕН ЖӘНЕ АЛАШ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУ
ПАРАДИГМАЛАРЫ»
атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана қаласы
2022 жыл

ИБ №12456

Басуға 08.02.2023 жылы қол қойылды, Пішімі 60x84½
Көлемі 13,875 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №125
Таралымы: 100 дана. Бағасы келісімді.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасы
000001, Астана қаласы, А.Янушкевич, 6
«Еуразия университеті» баспаханасында басылды.